

72.3(2К)Л
Б 78



ЕВНЕЙ БӨКЕТОВ
ТУРАЛЫ ЛЕБИЗДЕР МЕН ПІКІРЛЕР

О ЕВНЕЕ БУКЕТОВЕ
ЭТО БЫЛО СКАЗАНО ПРИ ЖИЗНИ

***ЕВНЕЙ БӨКЕТОВ ТУРАЛЫ
ЛЕБІЗДЕР МЕН ПІКІРЛЕР***

**МАҚАЛАЛАР
ОЧЕРКТЕР
ЕСТЕЛІКТЕР**

Қарағанды — 2004

ББК 72.3

Евней Бөкетов туралы лебіздер мен пікірлер: Мақалалар, очерктер, естеліктер / Құраст. Қ.Бөкетов. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. – 237 бет.

О Евнее Букетове это было сказано при жизни: Статьи, очерки, воспоминания / Сост. К.Букетов. – Қарағанды: Изд-во КарГУ, 2004. – 237 с.

ISBN 9965-715-60-2

Жинаққа Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Жазушылар одағының мүшесі Евней Арыстанұлы Бөкетов туралы өзінің көзі тірісінде көптеген авторлардың газет, журналдарда жарияланған мақалалар, очерктер және бұрын баспадан шыққан кітаптардан қалып қойған замандастарының естеліктері топтастырылған.

Оқырман қауым бұл кітапты ілтипатпен қарсы алады деп сенеміз.

В настоящий сборник включены статьи и очерки разных авторов, публиковавшиеся на страницах периодической печати в свое время, а также воспоминания современников, не вошедшие в прежние издания о Евнее Арстановиче Букетове — академике АН КазССР, докторе технических наук, профессоре, лауреате Государственной премии СССР, члене Союза писателей СССР.

Книга рассчитана на широкий круг читателей.

ББК 72.3

Б $\frac{1401020000}{00(05) - 04}$

ISBN 9965-715-60-2

© Бөкетов Қ., 2004

АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Жайық Бектұров

ҒАЛЫМ ЖОЛЫ

Бүгінгіні жете бағалау үшін өткенді еске алатын ескі әдет. Өткендегіден қанша озғандарымызды анық көру үшін кешегіге орала береміз. Қазіргі қарт және орта буын ұрпаққа бүгінгінің өлшемі әуелі жиырмасыншы, сонсоң отызыншы жылдардың арғы бетінде жатқандай. Бара-бара нақты өмірге қырқыншы, елуінші жылдарды да, одан кейінгіні де салыстыратын мезгіл келгендей. Бұл заңды да ғой. Тегінде, әркім-ақ, әр ұрпақ-ақ өзінің қай басқышта қаз-қаз басып, өсе, есейе келе қай сатыға шыққанын көз алдына келтірмей өтпес.

Міне мен Қарағанды оқымыстысы Евней Арыстанұлы Бөкетовпен әңгімелесіп отырмын. Әңгімелесіп деу үстіртін сөз. Жоқ, біз біраз жылдан жиі-жиі әңгімелесіп жүрміз, тіпті сырласпыз. Сөйтсе де Евней бүгін маған жаңа бір қырынан көрінгендей. Жасымыз көш бойы іргері-кейін. Сонда да заманымыз, амалымыз, тілек-ниетіміз, мақсатымыз бір. Сөзіміз, ойымыз, тіліміз ортақ. Күлкіміз, әзіл-қалжыңымыз жарасымды. Евней Арыстан баласы 1925 жылы Есіл өзені жағасында, Айыртауға іргелес Бағанаты — Сарыбұлақ дейтін жерде, ата қонысы — Жауқаштының Ащылыағашына таяу туыпты. Кедей жауыр сөз. Көлігі жоқ, сауыны аз жаяу, жадағай үйде өсіпті. Біздің ұрпаққа 1925 жыл күні кешедей. Кешенің де жақыны, алысы бар. Ол кез жасы үлкенге жақын, Евнейге алыс. Е.Бөкетов қырықтың ішіне жаңа ғана кірді. Ол әлі қылшылдаған жас жігіт. Сөйтсе тұрса да ол өзінің осы берідегі кешегісін сонау бір заман түбіндей көреді.

Бүйтуінің жөні бардай. Е.Бөкетовтің алдыр-бұлдыр ес кірген, естияр бола бастаған шағы бүгінгі үлкен-кішінің есінен кете қоймайтындай өзінше бір қиын-қыстау кезең. Ол әлі қаудырлатып тері шалбар киіп, домаланып жүгіріп жүрген кезінде әкесі, ағайындары отыз бірінші жылдары өз елі жерінен, алғаш Төңкеріс, бері

келе — Октябрь атанған, Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Сергеевка ауданынан әрі қарай жылжып шығады. Кәсіп-нәсіп іздеп бірте-бірте егіз-арбамен ілгері жылжи береді. Қиыншылық шақта, отыз бір-отыз екі жылдары елбесіп-селбесіп осы күні Қорған облысына қарайтын Макушин ауданына жетеді. Серусіз, ерусіз көш қонда кәрілер, бала-шаға көп ирек қамшылайды. Далада, жауын шашында үйсіз-күйсіз арба астын, құрым күрке ішін, бейтаныс адамдардың босағасын паналайды. Бірер сиырдың тандырынан өзге харекет жоқ күндер көп болғандай. Аянышты, алдан үміттенетін жақсылығы жоқтай, әлденеден, үміттенуді білмейтін, үміт-қайырсыз сықылды бұлыңғыр балалық шақ.

Евней ана сүтімен ауылда ана тілінде ауызданса да жеті жасар күнінде сол Макушин ауданында алғаш орыс мектебі табалдырығын аттайды. Бала кезінде жат жер. Бөтен орта. Әлі орысша сөйлей алмайтын кез. Жатырқап, жабырқап шегіншектеп жүр. Барлық класс, бар бала бір бөлмеде улап-шулап отыратын оқу да, мектеп те онша көңіл, көз тарта қоймайтын шағын село. Жаңа қоныс әзір ештеңеге қызықтырып әкеткен жоқ. Әрі қоныс жылда жиі жаңара берді. Балаға үйреншікті орыннан көшу қашан да жер ауғанмен бірдей. Алғашқы мектеп Малқазақ дейтін аты да түсініксіздеу кішкене өзеннің биік қабақ-қиясында тұрады. Таң көріп пе, жатсынып па, кішкене селоның қайсыбір содыр-сотқар балалары Евнейді өзеннің жар қабағынан екпіндете сырғанатып жібереді. Шынтуайытында бала өзен суына түсіп кетпейтін болу керек. Дөңгелек ауылда туған балаға бұл түпсіз зынданға, шыңырау түбіне құлап бара жатқандай көрінеді. Әлі ештеңе көрмеген балаға қорыққаннан, жалғызсырағаннан жаман не бар! Тегі, оның оқ қағары бар, желеп-жебеуші, қолдаушы табылды. Мейірімді жақсы адам қайда жоқ! Мұғалима Августа Устиновна қазақтың қара баласын көзінен таса қылмады. Көп қой ішіндегі жетім қозыны жағыстырғандай, оқытушы Евнейді әсте көзінен таса қылмады. Соңынан жүгіріп жүрді. Торығандардан қызғыштай қорыды. Әсіресе өзеннің жары астынан тырбаңдап өрге шыға алмағаны-ақ, қайта-қайта төмен сырғанап жар астына домалап кететіні-ақ өкінішті. Киімі құрғырдың жоқтығы да, кей баланың тоқтығы да қырсық. Қаудыр тон-шалбар көзге де жат, көңілге де дақ. Қайдағы пәлені алыстан шақырады. Киім жыртықтан ертеде таяқ жеген бала, қорсынып төрге шыға алмаған үлкен аз ба?

Өстіп жүріп, Евнейдің әкесі Арыстан отағасы селодан-селоға жылжып жүріп, әркімнің етігін тігіп, жұлығын жамап жүріп Евнейді оқудан қалдырмайды. «Байғұстың бала оқытқан не тені? Малға салып қоймай» дескен ағайындары да болды. Содан қойшы, Евней Бөкетов әуелі Макушин, сәл кейін Совет ауданы, одан соң өз ауданы — Октябрьдің орталығы Марьевка мектептерінде үзіп-жұлып, кісі есігінде тұрып оқып, 1941 жылы он алты жасында тоғызыншы класс бітірді. Бұл екі арада сұрапыл соғысы құрғыр бұрқ ете түсіп, ел басына қара бұлт төнді. Ауыр күндер туды. Ауыр күн баланың ең үлкені Евнейге ерекше туды. 1942 жылы оның әкесі өлді. Адам тағдыры қызық. Аумалы-төкпелі болмыстың берері де, алары да көп. Ауыртпалық, соққы кейде адамды орға жығады. Орнынан тұрмастай тұқыртып тастайды. Кейде қанатын қатырып, биікке самғатады. Ойда жоқта ел ішінде отызыншы жылдардың қиыншылығы жасы еңкейіп қалған Арыстан отағасыны ішке қарай жылжытпаса-қотанда жалаңаяқ жүгіріп жүрген бала орыс мектебіне тез арада бара да қоймас еді. Оның өзі туып-өскен екі-үш алқа ауылдан сол тұста мектеп бітірген, тіпті кейін де жлғары оқу орнын аралаған әлі жігіт-қыз болмағандай. Орыс тілін ана тіліндей білуге жарқабақтан домалау мықты себеп болғандай.

Евней Бөкетовті Қазақстанда, тіпті еліміздің көп жерінде, оның ішінде Қарағанды облысында көп жұрт жақсы біледі. Ол өзінің тұлғалылығымен де көзге түседі. Қазір көп ішінен шоқтығы әлдеқайда көтеріңкі Евней тоғызыншы класс бітіргенше өзі қатар балалар санының бой жағынан ең соңында тұрыпты. Ал ой, оқуда алда жүріпті. Ол оқуға өте зирек болады. Тоғызыншы клас-ты үздік бітіреді.

Тоғызыншы кластан әрі оқуға соғыс басталғандағы тұрмыс мешеулігі тұсау түгіл, кісен салған. Он алтыдағы жас өспірім жігіт ауыл-селода мұғалім болды. Қарт анасын, жас інілерін асырап-сақтау қамы талап-тілекті байлап тастады. Тек бұл уақытша еді. Бұрынғыларша айтқанда, қазір Қарағандыны қарына іліп отырғандай ағайынды екі инженердің, ағалы-інілі екі Бөкетовтің кішісі, ана қалалық газ мекемесінің бастығы Қамзабай Бөкетовтің суық күндері әлі өз мұрнын да жөндеп сүрте алмай жүрген кезі. Сөйтіп Евней Бөкетов соғыс оты сөнгенше өз ауданының әр жерінде бала оқытты. Көбісі өзіндей ересек жігіттер. Ол ауылға

сыймай, оқимын деген арман-мұратына жете алмай қапаланады. Жоқтықты көп көрген қадірлі анасы Бәлтай: «оқы!» деп балаға қуат, патика береді. 1945 жылы Евней оныншы класқа екі-үш айда төтенше емтихан тапсырып, сол жылы Алматының тау-кен-металлургия институтының металл факультетіне оқуға түсіп кетті.

Бұл институтты Е.Бөкетов жолда 1950 жылдың аяғында бітіреді. Жастайынан өмір талқысында, тұрмыс толқынында шыныққан, ыстық-суықты көрген қайратты жігіт институт қабырғасында жүріп те шыныға, ширай түсті. Ол бес жылғы оқу мерзімі ішінде Челябинің мырыш зауытында, Красноурал мыс қорыту зауытында, Волхов алюминий зауытында практикадан өтті. Білекті сыбанып, өндірістік тәжірбені қайнаған металл, жалындаған от ішінде дене еңбегімен өткізді. Ақылды, білімді жас үшін білек еңбегі ұмтылмас өткел. Евней қырқыншы жылға қарай-ақ Ленин комсомолы қатарына өткен. Институтта 1947 жылы Комунистік партияның мүшелігіне кандидат, 1949 жылы КПСС мүшелігіне алынған.

Е.А.Бөкетов жолда сол өзі ойдағыдай бітірген институттын (1950 жыл) жеңіл және сирек кездесетін металдар кафедрасында аспирантурада қалдырылады. Профессор В.Д.Пономаревтің қарамағында болады. 1954 жылы аспирантураны үздік бітіріп, сирек кездесетін металдарды зерттеу жөнінен сол жылы Қазақ ССР Ғылым академиясында ғылым кандидаты дәрежесінің диссертациясын қорғайды. Бұдан соң ол осы институтта кафедра ассистенті болады, 1956 жылы доцент атағын алады. 1958-жылы институт директорының оқу істері жөніндегі орынбасары болып жоғарылатылады. Әрине, аз жыл ішінде жас жігіттің бір институт көлемінде мұншама тез алға басуы жас оқымыстының еңбекке, ғылымға, саяси-қоғам жұмысына қайратты да жігерлі болғанын, игі іске талпына білгенін дәлелдейді. Жас жігіттің ірі ғылым коллективінде жақсы, беделді, жауапты орынға, қиын жұмысқа бірте-бірте басқыштап тез жоғарылауы талаптың, білімнің жемісті еңбектің айқын белгісі.

1960 жылдың басында Е.А.Бөкетов Қазақ ССР Ғылым академиясының Қарағандыдағы Химия-металлургия институтіне директорлікке тағайындалады. Өнеркәсіптің, өндірістің қалың ортасындағы, академияның өз орамынан шеткерілеу дербес отырған бұл жаңа да өте жауапты институтты басқаруға жас оқымыстыны ұйымдастырушылық қабілеті көзге түскені үшін жоғарылатқан

еліміздің белгілі ғалымы, қазақтың қадірлі азаматы марқұм Қанаш Сәтпаевтың өзі екен. Е.Бөкетов жолдас осы институтты содан бері үздіксіз басқарып келеді. Ол институтты көркейтпесе, оның сабасын толтырмаса-ортайтқан жоқ. Мұнда қазір төрт жүзден аса қызметкер, мұның ішінде 350-дей ғылыми қызметкер, үш ғылым докторы, 25 ғылым кандидаты жұмыс істейді. Соңғы үш-төрт жылда институттың 15 ғылыми қызметкері ғылым кандидаты диссертациясын қорғап шықты. Академияның бұл институты өзінің күнделікті жұмысында Орталық Қазақстанның ірі өнеркәсіп орындарымен тығыз байланысты.

Евней Арыстанұлы Бөкетовке жуықта металлургия саласынан техникалық ғылымдардың докторы дәрежесі берілді. Жалпы ол Қазақстанда түсті металл жөнінде тұңғыш ғылым докторы болып отыр. Ол өзінің докторлық диссертациясын әзірлеуге 1956-жылдан кіріскен. Он жыл бойы оқымысты қажымай-талмай қажырлы да табанды еңбек еткен. Оның докторлық ғылыми еңбегінің тақырыбы «Мыс аралас эликтролит қалдықтарынан селен мен теллур тектерін ажырату» деп аталады. Былай қарағанда, көңілге де, көзге де онша желік бермейтін қара дүрсін бір сөйлем. Бірақ осы бес-алты сөз талантты оқымыстының он жылғы қажырлы еңбегін өз бойына сыйғызып тұр, әрі түсті металды қорытқанда қалдыққа қалатын өндіріске аса бағалы селен мен теллур тектерін, өзге де құнды жанама тектерді қорытып алу әдіс-тәсілі көрсетіліп тұр. Бұл еңбекті басқашарак айтсақ, мысты тазартқан кезде пайда болатын қымбаты аралық заттардан алатын тектерді ғалым ұзақ жылдар бойы инемен құдық қазғандай жете зерттеп, елеулі жаңалық ашқан. Оның бұл ғылыми жаңалығы біздің советтік техникалық ғылымымызға айтарлықтай сүбелі сыбаға болып қосылып отыр. Біздің техникалық прогресс дәуірінде әрбір жаңалық бірі-не-бірі сәт үлес. Әрі болашақта халық шаруашылығына зор пайда келтірмек, мемлекетке көп қаржы үнемдемек. Сөз басы, тақырып болып аталатын бір сөйлемде қанша ой-пікір, қанша күрделі табиға, химиялық кесте, қанша лабораториялық екшеулер жатыр! Ғылымның да, ғалымның да жауапты міндеті — белгілі бір жорамал-жұмбақты не бүтіндей дәлелдеу, әлде бекерге шығарып, тәжірибеде, теорияда жете сынап көру. Міне, біздің Е.Бөкетов жолдас өзінің күнделікті сан-қилы ұйымдастыру, қоғамдық жұмыстарымен қатар институт лабораторияларында, еліміздің әр алуан за-

водтарында бір қатар жыл тиянақты зерттеу жүргізген. Міне мен Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі, қарт металлург В.К.Грузиновпен сөйлесіп отырмын.

– Е.А.Бөкетов жолдасқа ғылым докторы атағын оның жалпы еңбектерінің жиынтықтары үшін де беруге болатын еді. Тек талапты ғалым бұл жолды қалаған жоқ. Ол селен мен теллурды ерекше зерттеп, бұл салада техникалық ғылымның іргесін, өрісін кеңітті. Ол қазір өз мамандығында терең суда жүзіген балықтай, — деп бас изеп отыр қарт ғалым.

Е.А.Бөкетов жолдас химия, металлургия саласында көп зерттеуді, әсіресе тікелей өндірісте көп сынап көруді талап ететін осы ғылыми жұмысын жүргізумен бірге бұл салада ол Отанымыздың бүкіл дүние жүзі ғылым тәжірибесінің техникалық бай әдебиетін саралап, салыстырып шыққын. Осы салада оның пайдаланған, көзінен өткізген әдеби еңбектің тізімі 320-ға жеткен. Ғалымның диссертациясы машинаға басқанда 450 бет. Бұған 110 кесте, 99 сурет тіркелген. Ол қырыққы жуық ғылыми еңбек жариялаған. Е.Бөкетовтің еңбегіне еліміздің көп аудандарынан, оның ішінде Қазақстанның, Оралдың, Өзбекстанның, Украинаның, Арменияның бірқатар ірі заводтарынан, әсіресе, Балқаш, Алтынтапқан, Қыштым, Пышма, Алаверд, Елизавет, Норил, Өскемен заводтарынан берілген мемлекеттік авторлық куәліктер, сипаттамалар ерекше көзге түсті. Тек бұл ғана емес, ақыл парасаты кемеліне келгендігімен, қазақтың біз әлі жас деп айта алатын творчестволық күш-шабыты, жігері бойында тасып тұрған оқымыстының күрделі еңбегіне еліміздің техникалық, оның ішінде металлургия, химия саласындағы саналуан көрнекті институттарының коллективтерінен, атап айтқанда Москва, Ленинград, Алматы, Свердлов, Киев, Ереван, Днепропетровск, Краснояр қалаларының көрнекті ғалымдарынан, көп-көп ғылым докторларынан, профессорларынан берілген байсалды да байыпты сипаттамалар ерекше көз тартады. Бұлардың ішінде тіпті осы тақырыпты ертеден зерттеп келе жатқан, өзінше бір белгілі байлам-тоқтамға келген ірі оқымыстылардың бәсеке-таласқа түскендей, әйтсе де қазақ ғалымының түбегейлі еңбегін жоғары бағалап, күншілдік емес, ғылыми кеңілдістік, тілектестік, ізгі ниеттестік білдірген бағалы сипаттамалар бар. Осылардың бәрінде де қазақ ғалымының еңбегіне жоғары баға беріледі. Мұның жалпы түйіні мынандай: докторлық

диссертацияда мыс электролитті қалдық-ұнтақтардан селен мен теллурды ажыратудың химиясы және технологиясы жөнінде аса зор эксперименттік дерек жинақталған. Селен мен теллурды біріктірудің фазалық талдау тәсілдері берілген, сілті ерітінділері арқылы автоклавтық жолмен теллуридтерді мыс қышқылымен тотықтандырудың кинетикасы зерттелген, бұл процестердің термодинамикалық толық есептері жасалған, әрі ғалым өзі бұл істе өзінің кең мағынадан биік мәдениеттілігін көрсеткен. Жоғарыда аталған заводтардың, институттардың көбісінде тікелей өзі болып, өз жаңалығы жайлы оқымыстыларға, өндіріс командирлеріне, инженерлерге, жұмысшыларға өзі баяндама жасап отырған.

Е.А.Бөкетов октябрь айында Москваның Еңбек Қызыл Ту орденді Болат және құрыш институтының біріккен ғылыми кеңесінде жоғарыдағы тақырыпта техникалық ғылым докторы дәрежесін бірауыздан қорғады. Міне біздің алдымызда осы ғылыми кеңес мәжілісінің стенограммасы жатыр. Кеңесте еліміздің әрлуан түкпірлеріндегі техникалық институттардан, ірі маман оқымыстылардан, түсті металл заводтарынан көп-көп сипаттамалар жарияланған. Осының бәрін оқып отырып, осы кеңеске өзің қатысқандай сезінесің. Ғылыми кеңеске қатысқандардың бәрі де астапамыз — Москваның техникалық ғылым докторлары, белгілі профессорлар, үш оппоненттің үшеуі де ғылым докторлары, төртінші оппонент Оралдың Қыштым мыс электролит заводы. Бәрі де ғалымның еңбегін жоғары бағалаған. Әсіресе белгілі оқымыстылардың күрделі сұрақтарына Е.Бөкетов жолдастың іркілмей қайтарған жауаптары қатты қуантады. Қарағанды ғалымы өзі зерттеген ғылым — технология саласын жан-жақты терең, әншінің домбыра пернесін бір қырын отырып теріс қақпай басқанындай білетінін көріп көңілің өседі. Тек жаттанды жауыр сөз емес, шешеннің өз жанынан суырып салғанындай білім сөзі, қайнап жатқан тау бұлағының суы ақтық қанындай еркін сөз. Бұл қуаныш сезімінде жақсы жолдас-досың, жерлесің, әріптесің үшін жалғыз емессің. Жоқ, сол ғылым кеңесінде өздері санқилы қиын сауал беріп, білім, өнер таластырғандай, шешендік салыстырғандай болып отырған көптен аты әйгілі ірі оқымыстылардың өздерінің де қуанышты болғанын айқын сезесің. Бақастықсыз, бақталассыз, қалтқысыз бәсекелестікпен, әділеттікпен, ғылыми, адамшылық армен, қазақтың қырыққа жаңа келген ғалымын өздеріне бар жа-

ғынан терезесін тең көріп, бірауыздан ғылым докторы дәрежесін беруге лайықты деп жабық дауыста үн қосқандарын көріп көңілің көтеріледі.

Евнейді жоғарыда біздің әріптесіміз деп тегін айтпадық. Е.Бөкетов жолдас техникалық институтта оқып жүріп-ақ көркем әдебиет аудармасы мен сынына араласқан қалам қайраткері. Ол елуінші жылдар ішінде болгар жазушысы Иван Вазовтың «Бұғауда» атты романын, В.Маяковскийдің «Қандала» атты пьесасын, Эмиль Золяның әңгімелер жинағын, И.Васеленконың «Артемка» повесін, берегіректе С.Есениннің шығармаларының қазақ тіліне аударылуы, Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» романы жайлы талғамы күшті сын мақалалар жариялады. Евней Бөкетов осы күні біздің көмірлі Қарағандымыздың жас әдебиетшілеріне де өзінің әр жақты көмек-қолғабысын көрсетіп отырады. Бұл ретте әдебиетші қауым ғалымды ғылыми жоғары мәртебеге ие болғаны үшін жұрттан бөтен қадір тұтады.

Бала күнінде мұзға түсіп, батпаққа батып, шағын өзенінің қия-қабағына тырбаңдап шыға алмай жататын Евней отыз жыл өткенде ғылым шыңына тек өрмелеп емес, қанатын қырандай қағып шықты. Баяғыда жарқабағына мектептегі тұңғыш қадірлі ұстазы Августа Устиновна қолынан тартып шығарғанда күннің көзі баланың бетін жылытушы еді. Енді міне бұл күнде жігіт ағасы, ел азаматы Е.Бөкетов ғылым шыңына өрлегенде де еліміздің атақты ғалымдары, халқымыздың заттық байлығын жылдан-жылға молайтушы қажырлы жұмысшыларымыз, инженерлеріміз Е.Бөкетовтің өзі қызмет істейтін институты мен Қазақ Ғылым академиясы қайырлы сапар тілеп ұзақ жолға құрметтеп, тілеуқор боп шығарып салу үшін жүрісті атқа қондырған қадірлі жолаушыдай қолтығынан көтеріп шығарды. Бұлай болады деп кім ойлаған? Бұл советтік құрылыстың күші. Бұл біздің ардақты еліміздің, советтік Отанымыздың, Комунистік партиямыздың желеп-жебеуі. Е.Бөкетов жолдастың алды-арты бірдей даңғыл. Біз оған осы даңғыл жолмен ұзақ жүр, ғылыми еңбегінің жемісі елімізді байыта, қуанттыра берсін, еңбегі елімізде металды, әсіресе түсті, сирек металдарды көбейте беруге күш қоссын демекпіз. Білімді, қисілік, мінезі жайдары жан өз тұстастарына үлкен күш, берік таяныш. Міне химия-металлургия институтының химия маманы, ғылым

кандидаты И.В.Кирилос жолдас Е.А.Бөкетовтің ғылыми еңбегі, ұйымдастырушылық қабілеті жайлы былай дейді:

– Таяудағы уақыттарда біздің институтта тағы да сегіз адам кандидаттық диссертация қорғайды, жарнама тақтасынан коллектив жаңа ғалымдар есімдерін жиі көрулі. Е.А.Бөкетов жолдас ғылыми жастар үшін өз алдына дербес бір мектеп болып отыр. Оның болашағы өте зор. Әсіресе оның ашқан жаңалықтары заңдарда қолданыла келе қазақ ғалымының есімі мен ісі ерекше әйгілі болмақшы. Е.Бөкетов жолдас ұйымдастырғыш адам. Сахнаға әрқилы әнші шығады. Бір өлеңді әр әнші әр нақыспен айтады. Ерекше бір дарынды әншіні неше айтса да тыңдай бергің келеді. Біздің Евней Арыстанұыл ұйымдастыру, басшылық жұмысында осы бір дарынды әншідей, буынсыз дирижердей айырықша қабілетті адам. Адамдардың тілін таба білуіне қайран қаласың. Бұл талап, өнер бақыт. Жалпы, Қазақ ССР Ғылым академиясының Е.А.Бөкетов бастаған Химия-металлургия институты көмірлі Қарағандыға, оның жұртшылығына көрік те мәдениет болатын өте бір тіректі, іргелі орын.

Біз ғалымның бақытты бола беруін тілейміз.

Орталық Қазақстан, 2 қараша 1966 жыл

Жұмагүл Қуанышбекқызы

ЕВНЕЙДІҢ АНАСЫ

Есте жоқ ескі заманда талай елді зар илетіп, жерін басып алып, қызын күңге, ұлын құлға айналдырған зұлым патша кезекті жсорыққа шығып, сайын даланың шетіне келіп кіреді. Аң-құсы жыртылып айырылған мына өлкені де басып алу үшін самсаған сансыз әскерімен ол алға ұмтылады. Сол кезде қарсы алдынан тезек теріп жүрген жадау киімді бір әйел қарсы ұшырасады. Ол патшаны көрсе де басын имей, қасқайып тұра беріпті. Әйелдің

бұл қылығына зығырданы қайнаған патшаның жсендеттері оны қорқытып, бас игізбек болады. Сол кезде әйел:

— Жоқ, мен бұған басымды имеймін. Мен дүниеге өмір сыйлайтын анамын. Ал мұның айналаға қайғы-қасірет әкелуден басқа қолынан еш нәрсе келмейді. Демек менің алдымда бұл басын июі керек, — депті тайсалмастан. Осы сөзді естіген патша қанша жауыз болса да ойланып қалады. «Бұл елді біз басып алмайды екенбіз. Күнін әзер көріп жүрген әйелі осындай болса одан туған ұлдары мен қыздары ойранымызды шығаратынын анық. Қой, елге қайтайық», — деп атының басын кері бұрыпты.

Бұл оқиға болды ма, болмады ма, мәселе онда емес. Осы аңыздан біз қазақ әйеліне тән қайсарлықты, даналықпен астасқан батырлықты, жауына бас имейтін тектілікті көреміз. Қазақтың қазақ болып қалыптасуы, қазақтың қазақ болып бүгінгі күнге жетуі сөз жоқ, осындай аналарымыздың арқасы. Әжет ананың, ақылды ананың өнегесін көріп, ақ сүтін емген баланың көк жасық болуы, кеудесін жауға бастыруы мүмкін емес. Иә, халқымыздың бойындағы дархандық та, батырлық та, шешендік те, көсемдік те ана сүтімен бойға дарып, бесік жырымен сүйекке сіңетін қасиеттер екенін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Бұл арада тарихқа барлау жасап, ойымызды шашыратпай-ақ ұлы Абайды өмірге әкеліп, бүкіл адамзатқа ортақ данышпанның болмыс-бітімін қалыптастыруға зор үлес қосқан Зере мен Ұлжан аналарымыз екенін айтсақ та жеткілікті. Кім біледі, жүрегі жұмсақ, көкірегі зерделі, білім-білігі мол осындай аналарымыз болмаса, данышпан Абайдай ұл дүниеге келмес те еді. Келген күнде де рухани болмысы, бәлкім, осы деңгейіне жетер ме еді, жетпес пе еді? Демек, ананы барша тіршіліктің бастауы, қуаныш пен жылылық көзі, мейірімнің бесігі деп халқымыздың аялауы, қасиет тұтуы әбден орынды. Тәуба, ұрпағына ғана емес, ұлтына ұлағат болар із қалдырған мұндай аналар ел ішінде қашанда аз болмаған. Солардың бірі — қазақ ғылымының көгінде жарқыраған жарық жұлдыз Евней Бекетовтің анасы Бәлтәй ханым десек, бұл артық айтқандық емес. Біз жоғарыда Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжанды да тектен-текке ауызға алып отырғанымыз жоқ. Бұл арада салыстыра айту да қиын шығар, дегенмен Абай мен Евнейдің өмірінде де біраз ұқсастықтар бар екен. Айталық, Евней де Абай атамыз тәрізді, екі анаға тең еркелеп өсіпті. Оны да әжесі бауы-

рына басып, бар мейір-шапағатын төгіпті. Абайдың аты әу баста Ибрагим болса, кейін келе оны әжесі мен анасы еркелетіп, әрі біреу жанын жаралап алмасын деп қорғаштап, «Әй, осыған абайлап сөйлесіңдерші» — деп аялап жүріп, Абай атап кеткені өзімізге мәлім десек, Евней ағамызға да ата-анасы әу баста Евнеғабиден деп ат қойған екен. Оны үстінен құс ұшырмайтын әжесі еркелетіп, Еншей деп атап, сол ат жұрт құлағына сіңіп кетіпті. Ұлжан мен Бәлгәй аналарымызға да ортақ бір қасиет — олардың бойындағы сибырлылық, ұстамдылық. Екеуі де балаларының үстіне төніп түспейді, көзімен аймалайды, көңілмен сүйеді. Баласы көп көзіне ишпына бастағанына шүкіршілік етіп, іштей қуанады. Біле білсек, бұл қазақы әдептің әдемі көрінісі.

Орине, туа салып, тұлпар атанған ешкім жоқ. Евней ағамыздың да бірден айтулы азамат, дарынды ғалым боп қалыптаса қоймағаны ақиқат. Ұзақ жолдан, талай асудан өткені де белгілі. Бірақ мұның бәрі кейіннен. Егер дер кезінде оған оқы деп анасы иқпал қоспаса, ол кісінің де «ашылмаған аралдың» бірі болып қала беруі де әбден мүмкін еді. Басында бұлағы бар өзеннің арнасының кең болып, ұзақ ағатынын көкірек көзімен зерделенген қайран ана жүрегі-ай. Мұндай анасы бар Евней ағамыз шынында да бақытты жан екен.

Ұяда алтау тумас па,

Ұяда алтау болғанмен.

Оның ішінде біреуі-ақ алғыр болмас па (Бұқар жырау) дегендей, он төрт құрсақ көтеріп, соның бесеуі ғана қалғанына шүкіршілік еткен ананың Евнейдің тумасынан тұлпар екенін бағамдағанына қайран қаласыз.

Қазақта «Қарындағы баланың хан баларын кім білген, бесіктенгі баланың бек боларын кім білген» деген сөз бар. Бұл сөз адам тигендірі тақтайдай түзу жол емес, күн ілгері болжам айту қиын деген ұғымды берсе керек. Солайы солай. Әйтсе де баланың қызылшақа кезінен-ақ оның болмыс-бітімі қандай болатынын ана көкірегінің ішкі бір түйсік арқылы қапасыз аңғаратыны да анасы да үлкен ұлының кішкентай кезінен-ақ ерекше зерделі екендігін білдіргені анық. Рас, ол қазақ әйелі сияқты Евнейді жан тәнімен жақсы көретін әжесінің, ері Арыстанның алдына шығып, оған плабөтен көңіл бөлмейті. Бар тізгінді еріне беріп, соның аузын бағытты. Ерінің мейірленген сәтте «Оқуда түп жоқ. Бұл баламды

қанша оқыса да, шамам келгенше оқыта беремін» дейтін сөзі де оның көңіліне майдай жаққаны анық. Неге десеңіз, әкесі осылай дегенде оның бұл сөзін анасынан басқаның, тіпті өзін бауырына басып өсірген әжесінің де, айналасындағы ағайын-туғанның да жақтырмай қалатынын Евней ағамыз «Алты хат» («Жалын» баспасы, 1996 ж.) деген кітабында былайша еске алады.

«Беу-у» деді бір күні менің тоқсанға келген әжем, өзінің көрмейтін көздерін әкеме қарай бұрып. Осы бір «беу-у» деген лепті әжемнен басқа кісіден естігем жоқ. Ол осы «беуін» алденеге ренжіген кезінде айтатын. «Әй, шырағым, мен сені түсінбей-ақ қойдым, орыстың кітабын кеміремін деп осы бала қатып болды ғой. Жастық шағын кітаптан басқа түк көрмей өткізетін түрі бар».

Әкесінің қанша оқытамын десе де, оның түпкі арманы өзіне келіншек әперіп, келін жұмсау қызығын көру екенін де ол айтып өтеді. Бұл кезде Евней ағамыз бар болғаны он алты жаста ғана екен. Әрине, сол кездегі адамдардың түсінік-танымы бойынша бұның еш сәкеттігі жоқ болатын. Неге десеңіз, ертерек үйленіп-жайланып, әке-шешесінің бір жағына шығу есті баланың тірлігі еді. Алайда, әкесі бұл арманына жете алмайды. Асқар таудай әкесі қайтыс болған соң, күн-көріс те қиындай түседі. Оқу деген арманды Евней де жылы жауып тастаған. Бірақ сол арман ана көкірегінің бір түкпірінде бұғып, жата беріпті. Кейін сол арманы қайтадан бас көтеріп, ұлының оқуын жалғастыруын қалайды. Қайдан, үйде шиеттей бауырлары бар, соларды кім жеткереді. Ауылда жұмыс істеп, анасының бір жағына шыққаны бәріне де тиімді емес пе. Осы ойға бекінген Евнейдің бұл шешімін күндіз-түні қолы бейнеттен бір босамайтын анасы құп көрмейді. Әрине, ұлының отбасына қарайласып, ел қатарлы еңбекке араласқанын, қолын ұзартып келін түсіргенін іштей қалап тұрса да, баласының айтқан сылтауын малданып қала бермей, тастүйін боп бекінген өз шешімін өзгертпейді. Евней ағаның жоғарыда айтып өткен кітабында анасымен сол кездегі әңгіме былайша желіс алыпты.

«Сенің енді әрі қарай оқығаның керек шығар, әкең саған қанша оқығың келсе сонша оқытам деуші еді ғой, күні жетпеді ғой мақұмның, соғыс та басталып кетті. Енді біз жеңдік... сенің оқуың керек». Евней ағамыз болса бұл жолы да оқуды кейінге қалдыра тұратынын, әуелі шаруаны жөндеп, бауырларын киіндіру қажеттігін алға тартқан көрінеді. Бірақ, анасы сонда да алған беттен

қийтпағты. «Балам, тыңда мені! — дегенде анамның бұл сөздеріне таң қалдым. Даусы бұрынғыдай жұмсақ шықса да, иеге қаққандай нық естіледі. Маған бұрын-соңды бірде-бір рет айтып көрмеген балам деген сөз де ерекше нақышпен айтылған сияқты болды.

Мен саған енді әрі әке, әрі анамын. Керек болса, бұл — менің үкімім. Біз туралы қам жемей-ақ қой...» Маған осы сөздерді айтып отырған бұрынғы жеңге тұтып жүрегі әйел емес, кәдімгі ана екенін ұқтым. Мені тоғыз ай бойы құрсағында сақтап, ақ сүтімен емізіп, асырап күткенін маған бірде-бір рет айтып көрген жоқ-ты, бірақ бұл жолы осының бәрін төтелеп айтпаса да, сөзінің нақышымен, пайымдылығымен сездірді» — дейді ол.

Бір ғажабы, әжесінің бауырында өскен Евней аға өз анасы жийлы осы кітабында көп айта бермегенімен, үлкен жүректі азаматтың ол кісіге деген сүйіспеншілігі, балалық махаббаты жолжолдың ара-арасында жасырынып тұрғанын аңғарасың. Анасының қандай қиыншылық болса да абдырамай, босамай, дегбірсізденбей қирсы алатын ер мінезді әйел екенін ол былайша суреттейді.

«Ол көңіл айтып келген кісілерге берген әдемі, ұйқасты жауабында өзіне не болады, балалар не болады деп уайым иітпей, тек ақсақалының өсіп келе жатқан балаларының қызығын көрмей кеткеніне ғана реніш білдіріп отырды» дей келе, одан әрі сырты жылы, іші суық ағайынның бірі шиемтей балаларды ижаңсып, көлгірсегенін анасының ұнатпай қалғанын, сол кезде табан астында, тіпті даусын да өзгертпестен:

Алла өзі билейді бар пендесін,

Олімнің кім біледі ерте-кешін.

Алласы тірлікке жазған болса,

Үзбейді тірі жанның несібесін.

Дүниеден кеткенімен әкесі өтіп,

Ертең-ақ жігіт болар бәрі ержетіп.

Әкесінің інілері тірі болса,

Қоймайды балаларды жетім етіп.

Болашақта Алланың өзі білер,

Кімге-кімді қоярын есіркетіп, — деп айтып салғанын келтіреді. Мұның өзінен де Бәлтәй анамыздың ешкімге сөзден дес бермейтін ер мінезді әйел екенін аңғару қиын емес. Әрине, мұндай сөз өз балаларының ел сыйлайтын азамат болып қалыптасатындығына сенімі нақ адамның ғана аузынан шықса керек.

Әдетте бала жас кезінде ата-ана болмысына терең үңіле бермейді. «Ананың көңілі — балада, баланың көңілі — далада» деген ғой, бәрі солай болуға тиіс сияқты қабылдайды. Өсе келе ғана, бірте-бірте ата-анасының жан әлемін, ондағы өзгерістерді аңғара бастайды. Бұл барша бала атаулыға тән мінез. Евней ағамыз да анасының әлеміне әкесі қайтыс болған кезде ғана зер салып оған 30 жыл отасқан ерінен айырылу оңайға соқпағанын бағамдапты. «Анамның осы бір ішкі қайғы-қасіреттерін сырқа шығарып, білдіре қоймайтын әдеті мен көп ойлап түсінгендей болдым» дейді ол.

Қарап орырсак, Евней ағамыздың салған беттен анасының білімінді жалғастыр деген тілегіне құлақ аса қоймауының да өзіндік себебі бар екен. Неге десеніз, жоғары мектепке түсу үшін орта білім қажет. Ал Евней ағамыз болса, оныншы сыныпты бітірмей тастап кеткен. Оның үстіне шиеттей балалы-шағылы отбасына салмақ салу да қиын. Міне, көрдіңіз бе, осының өзі де оқу мәселесін жылы жауып қоя салуға қолайлы сылтаулар емес пе! Түрлі қиындықты алға тартқанымен, Евней ағамыздың өзінің де жүрек түкпірінде оқысам деген ой сол кезде-ақ тұнып жатқандығын аңғарамыз. Бұл сөзімізді өз ойын қалай іске асыруға болатынын білмеген соң айналасындағы адамдардан сұрастыра бастауы дәлелдей түседі. Ұстазы Агрофена Федорованаға арнайы барып жолыққан кезде көпті көрген тәжірибелі ұстаз бір кездегі шәкіртінің жан-дүниесіндегі аласапыран арпалысты дөп басады.

— Сырттай оқып, емтихан тапсырып, кәметтік аттестат алсаң, ол сенің бірінші сыннан өткенің, бірақ айтқаныңнан қайтпау керек. Сенің анаң өте асыл, өте қайратты кісі сияқты. Ол саған сенетін көрінеді. Сол үшін қандай қиындыққа болса да төзбекші. Сен мынаны ұқ. Егер анаңның сол сен туралы арманы, саған деген сенімі бекерге шықса, анаң бұдан артық, бұдан ауыр қайғы-қасірет жоқ, — депті ол. Міне, осылайша жөн-жобаны біліп алған Евней ағамыз мақсатына жетер жолды іздей бастайды. Бірақ анасы бір қора баланы эзер бағып отырғанда оның оқимын дегенін ағайын құп көрмейді. Бүкіл әулеттің ақсақалы, сөзін жұрт жерге тастамайтын қария үйге келіп: «Мына колхозға, жетім-жесірлерге көмектесудің орнына... Сені бір жаққа оқуға барады деп жүр дейді, сол шын ба? Біздің ауылда сыртқа кетіп, оңған адамды көрген де, естігем де жоқ. Алысқа барып адам боп қайтты деген бір

идамды аташы, кәне, сен естісең. Біздің тұқымға кітаптан бақытты болуды, сірә да, жазбаған» — деп оған бос ойдың бәрін жиып тастап, анасына інілерін бағуға көмектесуге кеңес береді. Ол кезде әулеттің үлкені не айтса сол заң. Оның үкімінен бұра тартуға ешкімнің хақысы жоқ. Оның үсіне сол кездегі түсінік бойынша, қирияның бұл сөзі де шын жанашырлықтан туған пікір. Кім біледі, бұл сөзге өзі де әрі-сәрі боп жүрген Евней ағамыз да мойынсұнып қалар ма еді, бұл жолы да анасы араға түседі. Өмірі бетіне тура қарап сөйлемек түгілі, алдын кесіп өтпейтін қайнағасына ол: *«Ата, кешіріңіз, мен енді осы үйдің үлкені болдым зой. Шынын айтпайын, мұның оқуға барам деп жүргеніне мен кінәлімін. Оқығаны жон... Заман өзгереді зой... Мына ауылдағы өзіңізге тұстас Мұхамеджанның он баласы әскерге кетіп еді, біреу-ақ қайтып келді, оның өзі жарымжан. Сол бала қайтып келгенде той жасап отырып Мұхамеджанның «Құдайға шүкір, он бала болғанда көпшіні едім, біреуі ғана қайтып келді, азсынып отырғам жоқ. Ана тоғызы өмірін босқа өткізген жоқ. Отан үшін өткізді» — дегені есіңізде ме деген ол одан әрі Евнейдің бағын байламауды, қирияға батасын біреуді сұрайды. Ақылы мен намысы болса қийда жүрсе де ауылын, елін ұмытпайтынын айтады. Сол сәтті Евней ағамыздың өзі былайша суреттейді: *«Анамның бұл сөзі ақсақалға өмірі меңіреу боп өткен кісінің кенеттен сөйлеп кеткеніндей болды-ау деймін»* — дей келіп, келіннің бұл мінезіне таңданып ақсақалға анасының бұл тартпас дәлелдермен өз ойын жеткізгенін айтады. *«... Анамның сол жолы айтқан сөздерінің ұзын ырғасын айтып отырмын. Ол кісінің көркем теңеулер тауып, терең тебіреніспен айтқаны сондай әдемі еді. Мен профессор болсам да, сондағы хат танымайтын әйелдің айтқанын қайтанып бере алар емеспін»,* — деп анасының бойындағы ішкі қуатқа өмі де таңданады. Расында да мұның бәрі қазір айтуға ғана оңай. Сіңбасы, ошақ қасынан ұзамай, шиеттей баланың бар тауқыметін бір өзі атқарып, қолы көсеу, шашы сыпырғы болып жүрген ауыл әйелінің баласын қарайып қасымда жүрсе, бір жағыма шықса болды дейтін сол кездегі таным-түсініктен әлдеқайда жоғары ойланғаны, әлдебіреу құсап құр бекерге бажандамай, орнықты ойымен қайнағасын да уәжге жығуы, сөйтіп, қолда өскен құлынның күні ертең ауыздығымен алысқан жұртыққа айналуына жол ашуы расында да таңданарлық жәйт емес пе!*

Ақсақалға өмірі меңіреу боп өткен кісінің кенеттен сөйлеп кеткеніндей болды-ау деймін» — дей келіп, келіннің бұл мінезіне таңданып ақсақалға анасының бұл тартпас дәлелдермен өз ойын жеткізгенін айтады. «... Анамның сол жолы айтқан сөздерінің ұзын ырғасын айтып отырмын. Ол кісінің көркем теңеулер тауып, терең тебіреніспен айтқаны сондай әдемі еді. Мен профессор болсам да, сондағы хат танымайтын әйелдің айтқанын қайтанып бере алар емеспін», — деп анасының бойындағы ішкі қуатқа өмі де таңданады. Расында да мұның бәрі қазір айтуға ғана оңай. Сіңбасы, ошақ қасынан ұзамай, шиеттей баланың бар тауқыметін бір өзі атқарып, қолы көсеу, шашы сыпырғы болып жүрген ауыл әйелінің баласын қарайып қасымда жүрсе, бір жағыма шықса болды дейтін сол кездегі таным-түсініктен әлдеқайда жоғары ойланғаны, әлдебіреу құсап құр бекерге бажандамай, орнықты ойымен қайнағасын да уәжге жығуы, сөйтіп, қолда өскен құлынның күні ертең ауыздығымен алысқан жұртыққа айналуына жол ашуы расында да таңданарлық жәйт емес пе!

Осылайша анасының арқасында сірескен сенді бұзып, жолға шыққан Евней ағамыздың сенімді ақтап, білім алып, одан әрі ғылымның қиясына талмай өрмелеп табандылық танытуды бір есептен заңды да еді. Өйткені, бұл ана сүтінен, ана тәлімінен жұғысты болған асыл қасиет демекпіз. Енді бір айта кететін нәрсе, Евнейге анасынан келетін хаттарда ауылдағы өз тұрмыстары жұмақтай, төрт құбыласы теңдей етіп сипатталатын болса керек. Әрине, мұның өзі де баласы алаңсыз білім алсын, жоқ-жітікке алаңдамасын деген ана қамқорлығы еді.

Бала дойындағы ата-анадан ауысатын генетикалық қасиеттердің адам болмысының негізін құрайтыны да қазіргі ғылымда ашық айтылып жүр. Өмірден, айналасындағы адамдардан үйрене жүріп, мақсатына жеткен ғалымның өзі де анасының ерекше жан екенін жоғарыда айтып өткен кітабында аса бір жылылықпен еске алады. Әже бауырында өскен ол анасымен жеңгесіндей қалжыңдаса береді екен. Сол әдетімен бірде «Ұмысн, біздің әкеміз бойшаң, көрікті, маңдайы кереқарыс, ақ бетіне қоңқақ мұрыны қонған сұлу кісі еді ғой. Ал біз әкемізге тартпаппыз. Маңдайымыз қушық, мұрнымыз жалпақ, бізді бұзған сен болсаң керек», — депті. Сол кезде анасы риза кейіпшен «... *Өз мінезіңді саралап, өзіңді-өзің сынап көрші. Мүмкін менен де бір жақсылық ауған шығар. Сол жақсылықты мүмкін қазір таба алмасаң, бірақ мен өлген соң тауып аларсың*», деп мәз бола күлген көрінеді. Ғалым мұның өзін де жайдан-жай айтып отырған жоқ. Өз бойында анасынан жұғысты болған қасиеттер тек сырт кейіпінде ғана емес, адами болмысына да молынан сіңгендігін білдіргендіктен де айтып отыр. Расында да, табандылығы, алған беттен қайтпайтын өжеттігі ғана емес, поэзияға іңкәрлігі де анасынан ауысқан қасиет екендігі талас тудырмайды. Бұл сөзді біз Бәлтәй Байжанқызымен аралас-құралас болған, көзін көрген адамдардың әңгімесіне сүйеніп айтып отырмыз. Бәлтәй анамыз тек Евней ағамызға ғана емес, балаларының бәрінің де білім алып, өз қатарының алды болып өсуіне қолынан келгенше бар мүмкіндікті тудырыпты. Бұл сөзімізге бауырынан өрген балаларының бәрінің де жоғары оқу орнын бітіріп, жауапты қызмет атқарғаны, ел алдында беделді азамат болғандары толық дәлел бола алады. Әрине, бес баланы оқыту, басқасын айтпағанда, оларға киім-кешек, тамақ тауып беру оңай емес. Бұл қиындық та Бәлтәй анамызды жасыта

шмапты. Қиындық та қайрақтас сияқты. Сол қайраққа жасықты жынысаң кетіледі, асылды жанысаң жетіледі. Бәтәй апамыз да қиындық көрген сайын ширапты. Сүлеймен пайғамбардың қолындағы алтын жүзіктің бетінде «Бұл да өтеді» деген жазу болыпты дейді бір аңызда. Сүлеймен жаны жабырқаған сәттерде сол жазуды оқып, сабасына түседі екен. Сол сияқты Бәлтәй анамыз да қиналған сәттерде күні ертең балаларының өсіп, азамат болатынын ойлап, жұбаныш тапқан сияқты. Шындығында да оның жоғарыда келтірген бір шумақ өлеңінде «Алланың өзі білер келешекте кімді-кімге қоярын есіркетіп» деп айтқанын еске алсақ, апамыздың үмітті талшық етіп, ертеңіне сенім артқанын бийқаймыз. Сол сенімі күш берген болар, түні бойы көз ілмей киім-кешек тігіп, сол киімдерді базарға апарып сатып, балаларының үсті-басын бүтіндеумен қатар, қолындағы малдың сүтінен май, қиймақ айырып, құрт-ірімшік жасап, онысын азық-түлікке айыр-бастап, оқудағы Евнейді де, басқа балаларын да тарықтырмай ұтырған көрінеді. Бала-шағасының босбелдеу, жалқау болып өспеуі үшін оларды жастайынан өзіне қолқанат етіп жұмсап, өмірге икемдеп отырыпты. Бұл арада Евней ағамыз оқуға кеткенде анасына қаршадай Қамзабайдың жәрдемдесе жүріп, 14-15 жасқа келген кезінде-ақ тері илеп, малақай тігуге машықтанғанын айтсақ, бұл тірліктен өзге балалары да сырт қалмай, бәрі де осы өнерді үйреніп, аналарының қолын ұзартыпты. Бәлтәй анамыздың ісмерлігі де жұрт айта жүргендей екен. Ауылдағы абысын-абжынға түрлі үлгіге салып киім тігіп беруді өз алдына тіпті оқуға, алыс қашаға Евней ағамызға да анасы әртүрлі мата қиындылығынан тігін беретін күпәйкемен аттаныпты. Сол балаларының кейіннен алды академик, қалғандары да ел сыйлаған азамат болып қалыптасуы аналарының әке орнын жоқтатпай шыбын жанын шүберекке түйіп жүріп тәрбиелеуінің арқасы.

Ағайынның айтуына қарағанда, қаншалық шаршап-шалдығып жүрсе де, Бәлтәй анамыз сыртқа кейісті қабақ көрсетпейді екен. Мұнысы менін қабағымдағы кірбінді көріп, балаларымның ешкі сынбасын деген ойдан туғанына шүбә жоқ. Ең ғажабы, өзі хал танымаса да ол әр баласының кітап оқып, көркем әдебиетке үйір болып өсуіне де зор маңыз беріп отырыпты. Бұл жөнінде Солтүстік Қазақстан облысында тұрған Қабдір Рашид қажы Әбішұлы былай дейді:

– Менің таң қалатыным, Бәлтәй апаның балаларының бәрі де кітаптан бас алмайтын. Көркем әдебиетті көп оқитын. Әлдеқалай шаруа жайымен жұмсағысы келгенде әлгі баласының кітаптын қызығына түсіп кеткенін көрсе, ол ізінше қайта шығып кететін емесе «Әй, кезектесіп оқыңдар» дейтін. Ондай кезде көзін кітаптан әзер айырған баланың бірі бұл шаруаның өзі тындыруға тиіс екенін айтқызыбай ұғып, ана сөзін екі етпей жүгіріп кететін. Бәлтәй апаның өзінің де көкірек көзі ашық, алғыр адам еді. Өткен кеткенді айтқанда нәшіне келтіре әңгімелеп, жұртты ұйытып тастайтын. Осындай зергектік, алғырлық оның бар балаларына да жұғысты болды. Шіркін, әкесі Арыстан да бір керемет адам еді ғой. Әдетте Евекең жайлы әңгіме болғанда, ағайын-туыстары оны әкесіне тартқан деп мақтан етіп жататын. Ал шеше жағынан туыс болып келетін біз Бәлтәй апамызға, нағашы жұртына тартқан деп таласып қалатынбыз. «Екі жақсы қосылса, ай мен күндей жарасар» деген ғой, Евнейдің бойында осындай жандары жайсаң ата-анасынан ауысқан талай-талай тамаша қасиеттер аз емес. Алайда, менің өз байламым, Евекең бой жағынан әкесіне, ой жағынан шешесіне тартқан. Мұны мен жайдан-жай айтып отырғам жоқ. Бәлтәй апамның ақыл-парасатына, ұстамдылығына, кеңпейілділігіне, бауырмалдығына тәнті болсам, соның бәрін Евекеңнің бойынан да көретінмін.

Бұл сөзді өзіміз жүздескен адамдардың бәрі де қуаттады. «Қарағандышахтастрой» комбинатында партия ұйымының хатшысы болған Тоқтабай Қайралапов та Бәлтәй анамыздың пейілінің кең, дастарханының берекелі болғандығын әңгімелей келе «Евекеңнің бауырмал мінезі анасына тартқан», дейді.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» деген ғой, сол тұстағы тұрмыстың жадау, көңілдің қаяу кезінде-ақ балаларының жегімдікті сезінбей, еңселі болып өсуі үшін күнделікті өмірді мерекеге айналдырып, үлкен-кішіні маңына үйіріп, өзі де арқа-жарқа боп отыратын анасының ақжарма мінезі де Евнейге жұғысты болыпты. Ол кейіннен маңызды қызмет атқарып, жұмыс басты боп жүрген кезінде де уақыт тауып, әр мереке сайын айналасына сол әулеттен өрбіген балаларды жиып, оларды шат-шадыман етерлік түрлі шаралар ұйымдастырып отырады екен. Сол кездегі Евекең бас болып, түрлі-түсті қарандашпен бояп, әртүрлі суреттермен көркемдеп шығаратын отбасылық қабырға газеті қызық-

тылығымен, әркімнің мінез-құлқын тап басып, оны жеңіл әзіл-қалжыңмен өріп беруімен жұрттың есінде айрықша қалыпты. Ол өмірінің бірі бүгінде Евекеңнің музейінде тұр.

Өзімізбен ой бөліскен адамдардың сөзін жинақтай келгенде біздің бір байқағанымыз, айналасындағы үлкен-кішілі, ағайын-туғанды, абысын-абжынды, келін-көпшікті Бәлтәй анамыздың өзі де сыйлай біліпті, өзін де сыйлата алыпты. Ол кісінің жаспен жастай, үлкенмен үлкендей үйлесім, ортақ тіл таба білетіндігінен ғой, мейілінше балалары түгілі, өз ұлдарымен бірге келіп-кетіп жүрген жастар да үйленер алдында қалыңдығын алдымен Бәлтәй анамызға көрсетіп, алдынан өткереді екен. «Сол кісінің адам танытындығы ма, битасы ма, шүкір, алдынан өткен қалыңдықтарымыз кейінен бірімізге жарасымды жар, балаларымызға аяулы ана болды», — дейді кезінде «Қарағанды гипрошахт» ғылыми-зерттеу институтының бас инженері болып жұмыс істеген Еслам Ақбасов.

Бірін-бірі ұнатқан жастардың өзара жарастығына дәнекер болған анамыз сол келіндерге де, көрші-қоландағы қыз-келіншектерге де реті келгенде өзінің өмірлік бай тәжірибесімен бөлісіп, ақылын иытып отырады екен. Сол кездегі өмірдей жас келіншектің бірі, бүгінде зейнеткер Ғалия Әмренова: «Апаны қашан көрсең де үсті-басы мұғтаздай, тап-таза болушы еді. Өзі де өңді кісі болатын. Сол көңілері балаларым жиі ауырып, көңіл-күйім болмай жүргенін байқаған ол маған «Шырығым, бала жетіге келгенше жерден таяқ жойды» деген, ертең-ақ жетіледі, бүйткіп уайымға салынсаң, шаңырығыңнан береке кетеді, жайдары, жылы қабақты бол» — деп ақыл-кеңес айтып еді, — деп есіне алса, Хабиба Жәркеева өзінің Бәлтәй анамызбен көрші тұрағанын, «жас отау екенсіңдер, кіріп-шығып, араласып тұрындар» деп ол кісінің үйге келіп, дәмге шақырғанын айтады. «Жиі араласып тұрдық. Евекең күн сайын қызметінен соң анасының қасында келіп, біраз уақыт жанында отырып қиятатын. Қандай уақыты тығыз болса да, сол әдетінен таңбайтын. Солдай кездерде анасына ол өзі оқыған қызықты кітаптарын, көрген-білгенін әңгімелеп отыратын. Баласынан естіген сол қызықты әңгімелерді ертесіне шешпей бізге әсерлей әңгімелеп беретін. Зердегі керемет, өресі биік еді. Хиссаларды жатқа айтқанда, аузымыз аңқиып қалатын», — десе, Солтүстік Қазақстан облысының тұрғыны Қийыржамал Ақжігіткеліні «14 құрсақ көтерген Бәлтәй апамыздың билісі түрмай, кезінде шетіней беріпті. Өз аты Ұмсын еді жарық-

тықтың. Жасында еркелетіп айтқан аты ма, жұрттың бәрі оны Бәлтәй дейтін. Евней дүниеге келгенде қазақтың ескі ырымы бойынша, жеті кемпірдің тізесінің астынан өткізіп, Алладан емініп жүріп сұрап алдық деуші еді өзі. Апамның керемет бір қасиеті, жоқшылыққа мойымайтын. Кедеймін деп жасымайтын. Кеудесін ешкімге имеді. Сол кезеңнің өзінде де сыртынан қараған жан дәулетті асып-тасып жатқан біреу шығар деп ойлайтын. Ол кезде дін жолын ұстанатын адамдар сирек еді ғой. «Балаң шетінеді, қайынағаң озды дүниеден. Құлқуалланы үйреніп ал, әруақ риза болады, сауабың аласың» деп маған да айтып отыратын. Ол «құс қанатымен ұшадь құйрығымен қонады» деген сөзді жиі айтатын. Ағайын-туғанға көрші-көлемге мейірімді болындар дейтін. Кейіннен Евнейдің атағы дүрілдеп шыққанда да кеудесіне нан пісіп, кергіген жоқ. Астамшылыққа салынбады. Құдайға құлшылық етіп, шүкіршілік айтудан жазбады. Сол табиғи қалпында, жаны жаз қалпында дүниеден өтті. Енесін де алақанына салып, аялап бақты. Ауылға барғанда әр үйге кіріп, балаларын ондағы үлкен кісілерге сәлем бергізетін. Міне, осындай анадан тәлім-тәрбие алған бала қандай жаман болсын. Ол кісіден өзім де көп тәлім алдым. Осы күні айналадағы келіндеріме «Бір-екі бала туып, қазақтың көсегесін қалай көгертесіндер. Заман қиын демендер, заман қиын емес, ниет өзгерді. Әйтпесе Бәлтәй апам көрген қиындық аз ба, сонша баланы аузына тістеп, арқасына көтеріп жүріп, бейнетті белшесінен кешті. Бейнет түбі зейнет деген, ақырында балаларының бәрін жеткерді. Жан аяғынан не ұтасындар, сол апалардың сияқты мықты-мықты ұл-қыз тәрбиелеңдер деп ұдайы айтып отырамын», — деп бір толғанып кетті дейсің.

Егер зер салған болсаңыз, осы әңгімеде Бәлтәй апамыздың еңсесін биік ұстағаны айтылады. Мұның өзі де анамыздың бойындағы қазақы тектілікті айғақтап тұрған қасиеттер емес пе. Иә, Шығыс ғұламаларының бірі Омар Хайям айтқандай, жұлым-жұлымы шыққан ескі киіммен тұрып-ақ патша көңіліңді ешкімге бермеу кез келгеннің қолынан келетін тірлік емес.

Бір үйде тұрып, оның тәлім-тәрбиесін көрген адамнан артық оны жете білетін кім бар. Ендігі сөз кезегін Бәлтәй ананың өз келіні Бикен Бөкетоваға (Қамзабайдың әйелі) берелік.

— Ол кісі қартайған шағында да бос отыру дегенді білмейтін. Ісмерлікпен айналсып, балаларға киім-кешек тігетін. Өзі діндар адам еді. Бес уақыт намазын қаза жібермейтін. Мешітке жиі ба-

рып, қадыр-садақа беріп, бала-шағасының, ел-жұртының амандығын тілеп қайтатын. Бір-бірімізді қас-қабағымыздан-ақ түсінуші едік. Ұсақ-түйекке араласып мазаны алмайтын. Алғаш келін болып түскенімде келімді-кетімді кісілер көп болып, шаршаңқырап жүрген кезім еді. Соны байқаған анамыз: «Келген адам алдымен сенің қабағыңды аңдайды. Соны ұмытпа», деп бар ойын бір-ақ ауыз сөзге сыйғызып айтқаны әлі күнге есімде. Сол сөзді өмір бойы ұстап қалдым. Аса салмақты адам еді, немерелерін де бей-берекет шөлпідетіп сүйе қоймайтын. Ақырын ғана бауырына қысатын. Немерелерінің біразының атын да өзі қойды. Евней ағаның тұңғыш қызын Ақсұлу деп атады. Сонда аға: «Бәлтәй, мынандай әдемі ат қойғаның қандай жақсы болды» деп қуанғаны да күні бүгінгідей көз алдымда тұр, — дейді ол.

Жақсының жаманнан айырмасы да сол ғой. Бәлтәй анамыз ийналасына жан жылуын таратып, алысты жақын, бөтенді бауыр етіп, үйіне келген кісіні қабағы жадырай қарсы алып, жоқ кезінде де, балалары өсіп қатарға қосылған тұста да ағайын-туғанның көңілін аулап, қолынан келгенінше жоқ-жұтанға көмектесіп, үлкен-кішінің ақ батасын алған кісі екенін ол туралы естелік айтушылар баса айтты. Олардың айтуынша, Евней ағамыз Алматыда тұрғанда анасына ай сайын қомақты қаржы салып тұрыпты. Сол кезде де ол бұл ақпаны қалтасына жасырмай, «Бүгін Евінжаннан ақша келді, алыңдар, бәрімізге жетеді» деп студент жастардың, көрші-қолаңның тартынғанана қарамай бәріне қолындағысын бөліп береді екен. Бұл байлығы асып-тасығандықтан емес, баласының көптің адамы екендігін, оның шарапаты, еңбегі жұртқа ортақ екендігін сезінуден туған жан жомарттығы десек, бұл сөзімізді ешкім теріске шығара қоймас. Қазақы салтты қатты ұстанған анамыздың қай кезде де елдегі ағайынға, оның балаларына әрі-бері қатынаған адамдардан үзбей сәлем-сауқат жіберіп тұратын де әдеті бар екен. Адам мен адамның, ағайын мен ағайын арасын жалғайтын да осындай жан жылуы, көңіл жомарттығы ғой. Күні бүгінге дейін оның көзін көргендердің сағына еске алатыны, өздерінің де сондай болуға ұмтылатыны кісіліктің ешқашан ізсіз кетпейтінін көрсетеді. «Ақыл ауыс, бырыс жұғыс» деген ғой, кезінде онымен аралас-құралас болғандар парасат-пайымы кең анадан үйренген өнегесін бүгінде өзгерге үйретіп жүр. Жақсының шарапаты деген осы. Иә, қазақ халқының бойында дархандық, қонақжайлық, жан жомарттығы сияқ-

ты қасиеттер ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, үзілмей келе жатса, ол осындай асыл аналарымыздың арқасы. Егер экватор бойымен қазақтарды орналастырса, онда жер шарын тегін аралап шығуға болар еді деп халқымыздың жан жомарттығын мақтан тұтсақ, бұл да қонақ түтілі үйге кірген жыланның басына ақ құйып шығаратын асыл аналарымыздың пейілінің кеңдігі.

Құдай адамның ниетіне береді дейді. Бұл сөздің ақиқаты Бәлтәй анамыздың өмірінен де айқын аңғаруға болады. Әдетте жұрттың біреудің ісіне риза болса ол кісіге сыртынан сүйсініп, көргенді адам екен дейтіні бар. Көкірегі ояу ана тәрбиесін алған Евней ағамыз да әр адамға жанашырлықпен қарап, кімге болса да қолынан келгенше көмектескісі келіп тұрады екен. Оны мына бір оқиғадан да айқын аңғаруға болады. Бірде ол қызметтен үйіне кештетіп келе жатса, аулада жылап отырған біреуді көрді. Қасына таяғанда оның көршінің қызы Люся Тихая екенін таниды. Сонда өзінен жөн сұраған Евкеңе әлгі қыз қатарынан алты жыл Қарағанды медицина институтына емтихан тапсырғанын, биыл да жарты балы жетпегендіктен, оқуға түсе алмағанын айтады. Ертесіне Евней ағамыз өзінің бар шаруасын жиып тастап, институтқа келіп, алты жыл бойғы архивті көрсетуге, әлгі қыз шынында да еш сабақтан құламаған. Бірақ жыл сайын конкурстан өте алмайды екен. Соны көріп өзі де ұрпақ тәрбиесімен айналысып жүрген Евкең күйіп кетеді. «Егер біз өзінің таңдаған ісіне адал берілгендерді оқытпасақ, кімдерді оқытамыз?» — деп институт басшыларына шара қолдануды талап етеді. Жөн сөзге олар не десін, сөйтіп, әлгі қыз оқуға қабылданады. Бұл бір ғана мысал ғой, оның осындай сатусыз көңілден жасаған жақсылығы да қаншама десеңізші. Ертеректе адамды жақсы, жаман деп несіне бөледі екенбіз, жұрттың бәрі де бірдей емес пе деп ойлайтынмын. Сөйтсем, бірдей емес екен. Кім біледі, мұның өзі де өмірдің тепе-теңдігін сақтау заңдылығы шығыр. Әйтпесе, мына өмірде қайыр барын, мейір барын, онымен зұлымдық пен іштарлықтың қатар жүретінін қайдан білер едік. Иә, мына өмірдің мәні де сәнді болуы Евней сынды жаны жайсаң тұлғалардың арқасы. Мұндайда қазақ сені тапқан анаңнан айналайын деп жатушы еді ғой. Біз де Бәлтәй анамызға қазаққа осындай ұл сыйлағаны үшін мың тағзым етеміз.

Көз көргендердің бәрі де бізге Бәлтәй анамыздың жары Арыстан атамыздың да сан қырлы, бір сырлы адам болғандығын

әңгімелеген. Ол кісі домбыра тартып, ән айтыпты. Тіпті ара-тұра өз жанынан өлең шығаратын өнері де болыпты. Әрі өзі етікші скен. Оның тіккен етіктерін сол кездегі ағайынның бәрі де киген көрінеді. «Әке көрген оқ жонар» деген ғой, Арыстан атамыздың сол өнері кейіннен баласы Қамзабайға жұғысты болып, ол да сонау қиын кезеңде бірде малақай тігіп, бірде етікшілікпен айналысып, күрмеуге келмей жатқан қысқа жіпті жалғапты. Ата-ана өнегесі деген осы. Өнеге демекші, көз көргендердің айтуына қарағанда, Бәлтәй анамыз ерінің тірі кезінде оны құрметтеп, алдынан қия ұтпей, «Әкең біледі», «Әкең не дейді», «Әкең сөйтіп отыр» деп оны ұдайы балаларына айбын есте, кейіннен жұбайы өмірден озған кезде де әке әруағын қадірлеп, «Арыстанның баласы деген атқа лайық бол» деп әрқайсысының құлағына құйып отырады екен. Евней ағамыздың «Алты хат» деген еңбегінде әкеге деген құрметі, сағынышы шып-шып толып тұруы да кеңінен ойлап, кеңінен пішетін осындай аяулы ана тәрбиесінің әсері екендігіне дау жоқ. Ол өзінің жұмыс бабында кездесіп жататын түрлі жәйттарға ренжігендей болса, оны анасының қабағынан байқап, мұңайып қалатынын де тілге тиек етіпті. Егер ойлап қарасаңыз, осы бір ауыз сөздің астарында да қаншама сыр жатыр десеңізші. Ең алдымен біз бұл жерден бірін-бірі тілсіз-ақ түсінетін ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты аңғарамыз десек, қай кезде де, қайда барса да анасының суретін қалтасына салып жүруі, кейіннен жұмыс бөлмесіндегі үстелінің үстінде үлкейтілген суретін қойып, сол жансыз бейнемен сырласып отыруы да оның күнделікті әдетіне айналыпты. «Әй, Бәлтәй-ай, бала-шағанның қызығын көріп жүретуруың керек еді-ау» деп ара-тұра күрсініп қоюы да жүректі шым еткізетін жәйт. Мұның бәрі туған анасына деген сағынышымен қатар, ой өрісі кең, орнын ешкім толтыра алмайтын, көргені көп кошелі ананы, ойына ой, жігеріне жігер қосатын қимас жанды бағалауы деп білеміз.

Осы арада бір айта кететін жай, бұл мақаламыз Евней ағамыздың халқының алдында сіңірген еңбегіне, ғаламдық болмысына тоқталып жатпай (ол туралы жазылған еңбектер аз емес, алдағы уақытта да жазыла беретіні сөзсіз), біз оның анасының балаларына берген тәлім-тәрбиесіне, айналасына таратқан өнегесіне, адамды болмысына көбірек зер салдық. Зер сала отырып, айналадағы барша нәрсенің, тіпті алтынның да сыбаға салмағы болатыны-

на ден қойдық. Қазаққа Евней сынды ұлды берген ананың ақыл-парасатын, адами қасиеттерін зерделей келе, оны көңіл безбегінен өткізіп, оқушы қауымның назарына ұсынып отырмыз. Әрине бұл мақалада әлі де айтылмаған, айтылуға тиіс жәйттердің болуы да әбден мүмкін. Себебі, бұл мақала негізінен Бәлтәй анамыздың көзін көргендердің естелігіне, Евней ағамыздың анасы жайлы там-тұмдап айтқан пікірлеріне ғана сүйеніп жазылып отыр. Адамның өмірі, салыстырмалы түрде қысқа екені рас. Бірақ адам өзінің ісімен, өнегесімен, сол тәлім-тәрбиені бойына сіңірген ұрпағымен мың жасайды екен. Бұған Бәлтәй анамыз бен Евней ағамыздың бүгінде өздері арамызда болмаса да артына із тастап өткен өмірлері толық дәлел бола алады. Демек, мұндай данагөй анасы бар, мұндай ізгі ниетті баласы бар қазақ қашанда бақытты.

Бір адам ұстазына келіп: «Құдайды жан-тәніммен сүйіп құлшылық етсем деп едім, соның жолын айтыңызшы», деген көрінеді.

— Сен өз өмірінде бір әйелді жан-тәніңмен сүйіп көрдің бе? — деді сонда ұстазы.

— Жоқ, мен Құдайды ғана сүйгім келеді, — дейді әлгі кісі.

— Онда сенің бұл ойыңның іске асуы неғайбыл. Құдайды сүйу үшін, ең алдымен, өзіне өмір сыйлаған ананды, дүниеге сәби әкелетін әйелді сүйуің керек. Құдай сонда ғана сенің жүрегіңе нұрын түсіреді, — деген екен ұстазы.

Әйелдің, ананың ұлылығын бұдан артық тауып айту артық. Өйткені, Құдайдың кейінгі күдіреті ол — Ана.

Егемен Қазақстан, 21 сәуір 2004 ж.

Зейнолла Қабдолов

СКЛЕН МЕН ӨЛКІ

Бұл өлең — профессор Н. Бекетовтің өлең өсиетінің бірі. Өлең — өлең, оны жүрттың бәрі біледі. Ал өлең деген немене?

Бүгінгі білгірлердің бұрылтпас дәлеліне бақсақ, адам баласы жер басып, дүниеде тіршілік еткелі, ғұмыр кешкелі елу миллиард тонна көмір жағылыпты да, екі миллиард тонна темір қорытыпты.

Темірдің бір түрі — мыс. Ол да қортылады. Қортылған мыс қолда қалады, керекке жарайды. Ал мыс қорыту үстінде мартен пештерінің зәулім мұржаларынан ұшқан түрінде тозақ қайта кетеді!?! Олар ауада қалқиды, аспан астын қабат-қабат бұлтқа айналдырады...

Ертең Евней Арыстанұлы Бөкетовтің жасы елуге келеді де, жерде жүріп бұлтты кезгеніне, бұлттай тұтасқан мыс тозаңына бұғалық салып ырқына көндіргеніне жиырма жыл толады.

Біздің алдымызда күмістей жалтыраған алты қырлы көксұр кристалл жатыр. Бұл — селен, — жаңағы мыс тозаңын тұмшалап қайта тексеруден туған жаңа металл. Мұның басқа бір егізі бар; оның аты — теллур. Екеуі де туған республика топырағындағы металлургия ғылымында Евней Бөкетов ашқан «америкалар». Осы үшін оған кезінде техника ғылымының докторы деген биік дәреже берілді. Доктор кейін профессор атанды. Бұл — мәртебелі атақ.

Бәрі де заңды. Дей тұрғанмен селен мен өлең арасында не байланыс бар? Бұл екеуі не себепті Евней үшін егіз стихия?!

Міне, мәселе осы арада жатыр.

— Менің — мен болғаным тек Шиллердің арқасы, депті әйгілі физик Людвиг Больцман. — Егер мен Шиллерді оқымасам, сақалым осы қалпында, мұрным осы орнында тұрғанмен, мен — мен емес, басқа біреуі болар едім.

Ендеше, біз де турасына көшейік: Евнейді — Евней еткен көркем әдебиет.

Білеміз. Евней Бөкетов — алдымен ғалым — Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Бірақ, ол оқымыстылығының өзімен де бәрінен бұрын Пушкин мен Абайға, Әуезов пен Маяковскийге... қарыздар.

Бұдан қырық үш жыл бұрын жеті жасар Евнейдің мектеп есігін ашып, алғашқы мұғалімі Августа Устиновнадан дәріс алып, көзі қара тануы-ақ мұң, содан бергі күллі саналы өмірінің өң бойында қызыға оқып, құныға тоқығаны — қазақ, орыс, қала берсе, бүкіл дүние жүзінің көркем классикасы. Бүгінде дос пейіліне, жұрт қадіріне бөленген маман металлург, білімдар ғалым Евней-ағаның алыс-жақынды өзіне баураған адамдық, азаматтық қасиет-

терінің түп-төркіні, сөз жоқ, осында жатыр. Өйткені, әдебиет — әлемінің сырлы шежіресі, халықтардың көркем тарихы, адамдардың ары мен ажары. Сондықтан ба, кім білсін, әйтеуір, Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған 1945 жылдың күзінде Алматыдағы Тау кен-металлургия институтына оқуға келген сырықтай ұзын бойлы сындар жігіттің көзіне жылт-жылт ұшқын атқан от, сөзінен лып-лып толқып жатқан шабыт аңғарылатын.

Евней жас жігіт кезінің өзінде уытты, жігерлі, екі тілге бірдей шешен, өз ісіне мығым болатын. Не нәрсеге де бейтарап, ең жар қарай алмайтын, көзі мен көкірегі бірдей ояу, ойлы, қимыл-әрекеті ширақ, тыңғылықты еді. Осы сипаттары қазіргі жігіт ағасы кезінде де қаз-қалпында. Мұның да арғы тамырын әдебиеттегі іздеу абзал. Өйткені, инженер-металлург болуға бет алған шәкірт Евней физика мен лириканы ешқашан бөле қараған емес, оларды Есіл мен Нұра секілді егіз деп білетін.

Евней Бөкетовтің өмір жолында өз құрбыларының ғұмыр тағдырынан оқшау пәлендей өзгешелік те жоқ: 1925 жылы Арқандағы атақты Айыртау сілемінде туады, Бағанаты-Сарыбұлақ даласында құба талды құла тай ғып мініп, асыр сала жүгіріп өседі, Қызылжар маңында он жыл орыс мектебінде оқиды, одан бергі бес жыл — институт қабырғасында... Оның еңбек жолы да өзі секілділерге ұқсас: Алматыдағы өзі бітірген институтта аспирант, ассистент, доцент, проректор, он жылдан кейін Қарағандыдағы Химия-металлургия институтында он екі жыл директор; осы жылдар ішінде — ғылым докторы, профессор, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, СССР Жазушылар одағының мүшесі, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі; 1972 жылы Қарағанды университеті ашылғанда — ректор...

Евней Бөкетовтің зерттеу саласы — техника, дәлірек айтқанда, металлургия мен химия. Сондықтан оның мыс аралас электролит қалдықтарынан селен мен теллур тектерін ажыратудағы өрісі кең ғылыми еңбектерін, оттегін қолдану арқылы мыс балқыту ісін жеделдету, конвертер қағаздарынан рений өнімін, күкірт қышқылын алу, өндіріске түрліше технологиялық тың процестер енгізу сияқты өресі биік инженерлік жұмыстарын жіпке тізе жүйелей бастасақ, бұл ғылыми-техникалық әрекеттердің мазмұны терең болғанмен, пішіні айтар ауызға тым «қарадүрсін» проза болып шығар еді. Демек, прозадан поэзияға көшпей, яки Бөкетов-

тің аудармашы ақын, әдеби сыншы ретіндегі сипаттарына қарай ойыспай болмайды.

Евнейдің қаламгерлік қызметі әзірге шағын, бірақ мәнді: Әмиль Золяның бір топ әңгімелерін, Иван Вазовтың «Бұғауда» романын, Владимир Маяковскийдің «Қандала» пьесасын, Сергей Есениннің «Анна Снегина» поэмасын қазақшаға аударып бастырды. Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсірепов творчествосын түгас байыптай келе «Оянған өлке» туралы ойлы мақала жазды. Өткен жылы Маяковскийге қайта оралып, оның «Жақсы» поэмасын аударып шықты. Москвадағы орталық журналдарда «Атан қомында туған адам» деген атпен қазіргі қазақ интеллигенциясы жайлы көлемді эссе жариялады. Биыл «Жазушы» баспасынан публицистикалық очерктері мен сын мақалалары жеке жинақ боп жарық көрмек. Бұл күндерде Е.Бөкетов академик Қ. Сәтбаев халқында кітап жазып жүр.

«Алдымда толған мақсат, толған таңдау,

Алайын анасын ба, мынасын ба?...» —

деп Сұлтанмахмұт айтқандай, Евней Бөкетовтің мақсаты мен мүддесі сала-сала. Оның алдында қос рельстей қатар жосылып, екі тарам жол жатыр: ғылым жолы, әдебиет жолы. Қай жолмен көбірек жүрген дұрыс?

Біздіңше, екі жолды қатар басу керек. Селен мен өлең арасын бұрынғысынша жіксіз жалғай беру шарт.

Задында, тірі кісі әрқашан сапарда — жол үстінде. Елудің бәліне еркін көтеріліп, кемел шағына келген Евней Бөкетов те бұрынғысынша тоқтаусыз, тоқыраусыз жүріп, ғылым мен өнер асуларына беттеп барады.

Сапар оң болсын, достым!

Қазақ әдебиеті, 21 наурыз 1975 ж.

ЕВНЕЙ БӨКЕТОВ

Нағыз ғылыми творчествоның адамында көруге, білуге деген толассыз құмарлық, жүрегі шын сенген іске құлай берілгендік тән. Міне, осы құмарлық пен беріле қызығушылық бұл адамдардың ішкі көркіне өзгеше әр беріп, оны басқаша құбылыс, түрлі бояу, сан қилы әуентге бөлейді. Сөйтеді де, қайталанбас рухани дүние, мазасыз да толқығыш және әсерленгіш жан әлеміне ие етеді. Осындай сәулелі жан әлеміне ие адамдар көлденең көзге ілінбес, көрінген жүрек сезінбес нәрсені немесе болмашы фактіні жарлығымен жарқаратып, әркімнің ойына орала бермейтін тұжырым жасауға бейім келіп, қиын-қыстау өмір соқпағының тұйыққа тірелген жерлерінен шығарар ұрымтал жолдарын тауып кете береді. Бұл сынды адамдардың дара тұлғасы айналасындағы адамдардың өресінің, өмірінің дамуына да шарапаты молынан тиіп жатады. Біз бүгінгі әңгімеге арқау еткен биік парасат, мол білім иесі Евней Арыстанұлы Бөкетов те, міне, дәл осындай азаматтар сапында.

Профессор Е.А.Бөкетов — ең алдымен үлкен ғалым. Оның ғалымдық жолы ерте, Қазақтың мемлекеттік кен-металлургия институтының іргесінде басталған-ды. Талантты жас ғылыми-педагогикалық жұмыста тез танылып, 1958 жылы сол институттың директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарына дейін көтерілді.

Дегенмен, Бөкетовтің ғылыми талантының жан-жақты жарқырай ашылып, ғылыми-ұйымдастырушылық қабілетінің мейлінше көрінген кезеңі алпысыншы жылдардың іші еді. Ол 35 жасында (1960) Қазақ ССР Ғылым академиясының Қарағанды химия-металлургия институтының директоры болып тағайындалды.

Е.А.Бөкетов осы институттың негізгі ұйымдастырушысы десек, артық болмас. Олай дейтініміз — бұл институт атқарған істер бір өзекті ғылыми жұмыстар, ашылған жаңалықтар Евней Арыстанұлының басшылығымен өрі тікелей арнауымен жүзеге асырылды. Ғылыми идеялардың тууының ұйытқысы да, институттың зерттеу бағыттарын бағыттегенде де Бөкетов парасатты пікірмен тұжырым айтатын. Бір сөзбен, ол кісі химия-металлургия терінің республикамыздағы үлкен бір ғылыми мәртебесінің көш басшысы.

Оның басшылығымен теллур, селен, рений тәрізді сирек металдар технологиясын және оларды өндіріс қоқыстарынан айырып алу тәсілдерін табу жөнінде аса маңызды зерттеулер жүргізілді. Балқаш түсті металлургия комбинатында Мемлекеттік сапа белгісі бар таза мыс алу технологиясын енгізгені үшін Е.А.Бөкетов бір топ адамдармен бірге СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Академик Бөкетов 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Оның атаулы көлемді монография, ғылыми жаңалықтар ашқан үшін ол 30-дан астам авторлық куәлік алған. Бұл еңбектер өзінің ғылыми маңыздылығымен тек отандық ғалымдар ғана емес, шетелдік оқымыстылардың да назарын аударып отыр. СССР Ғылым академиясының академигі А.В.Новоселова: «Е.А.Бөкетовтің ғылыми зерттеулерінде тұңғыш тереңдік пен практикалық пайдальшылық қауіп орлеген», — деп тегін айтпаса керек...

Бөкетов басқарып отырған ғылыми бағыттың тағы бір аса құнды қасиеті — оның күнделікті өндіріс талабынан шығып отырғандығы. Химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері жүргізген зерттеулердің негізгі нәтижелері бүгінде еліміздің көптеген химия-металлургия өндірістеріне енгізілген.

Қазіргі кезде академик Е.А.Бөкетов өзінің шәкірттерімен бірге тың ізденістер үстінде. Ғалымның Лисаков кен орынының шикізаттарын тиімді пайдалану мен марганец рудаларын өңдеу технологиясын жақсарту жайлы ұсыныстары болашақта өндіріске көптеген жаңалықтар әкелгеніне сөзсіз иланасыз.

«Шәкіртсіз ғалым — түл» деген. Евней Арыстанұлы ғылыми кадрлар даярлау ісіне де көп көңіл бөледі. Ол өз шәкірттеріне пиғы қамқорлықпен қарап олардың творчестволық өсуіне дұрыс жағдай жасап, үнемі көмектесіп отырады. Ол кісінің жетекшілігімен елуге тарта жастар ғылым докторы және кандидаты атағын алды. Қаншамасы бүгінгі күні аспирантурада оқып жүр десеңізші! Шәкірттердің ішінде қазір Шымкент химия-технология институтының ректоры, ғылым докторы, профессор Зейнолла Молдахметов, химия-металлургия институтының қазіргі директоры Жантөре Әбішев те бар. Сондай-ақ, академик ағаның өзінің шәкірттері, қазір лаборатория меңгерушілері, ғылым кандидаттары В.П.Малышев, С.Исатаев, М. Қазов, М.Угорец сияқты жастарды иса жылы лебізбен есіне алып, есімдерін атап отырады.

«Бір қуаныштысы, — дейді ол кісі, — осылардың көбісі қазір өзімнен озып жатыр... Шетінен талантты, әрі талапты жастар. Егер мен бірдеңені алысырақтан көретін болсам, ол осы шәкірттерімнің арқасы сияқты, солардың иығында тұрып көргендей сезінемін».

Бұл кісінің ғылыми ұстаздық қасиетінің ең бір тамаша қыры — өз шәкірттерін зор беделімен, интеллект қуатымен ықтырмай, қайта оларды творчестволық еркіндік рухында тәрбиелеуі; өзінің жеке басының қасиетімен соңынан ерте біліп, айналасына нұр сеуіп, жылу таратып, шарапатымен шарпи еліктіріп, шабытты еңбекке жұмылдыруы. Иә, бұл өзінен гөрі ғылымдағы ізін көбірек ардақтайтын саналы азаматқа тән қасиет. Бұл қоғам алдындағы азаматтық биік борышын жан жүрегімен түсінетін шын ғалымның мінезі.

Коммунист-ғалымға партия соңғы кезде тағы бір үлкен міндет жүктеді. Профессор Бөкетов Қарағанды қаласында шаңырақ көтерген Мемлекеттік университеттің тұңғыш ректоры болып тағайындалды. Партия мен мемлекет алдындағы азаматтық борышын қай уақытта да адал атқарып келген ол бұл жолы да аса жауапкершілікпен жұмысқа кірісіп, білгір ұйымдастырушылық танытты. Жас оқу орнына студенттер қабылдау, оқытушылық жұмысқа қабілетті адамдарды тарту, оқу процесін университеттік ілім тұрғысынан ұйымдастыру, басты-басты ғылыми бағдарларды айқындау — бәрі-бәрі ұлан ғайыр еңбекті, қажырлы ізденісті, принципті саясат ұстауды қажет ететіні белгілі. Ол кісі бұл істі де абыройлы атқарып жүр.

Жалпы халыққа жоғары білім беруде, білімді, мәдениетті дамытуда университеттердің алатын орны ерекше. Оны, мәселен, Ленинград, Москва, Қазан университеттерінің тарихынан, тәжірибесінен байқауға болады. Алысқа бармай-ақ Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университеттің Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің дамуына қосқан үлесін еске алсақ та жеткілікті. Басқасы былай тұрсын, тек қана Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу институттарының көбісі осы университет кафедраларынан негіз алуы — оның ролін ерекше айқындай түскендей. Университеттік ілімнің осы тұрғыдағы тарихын шөла келіп, әрі жас оқу орнының алдында тұрған міндеттерге тоқталған Е.Бөкетов өзінің «Университеттік ілім» («Жұлдыз» журналында жа-

рияланған) деген көлемді мақаласында: «Әрине, бұл міндеттерді коллектив анағұрлым жоғары — университеттік санада орындауға тиісті», — деп жазған еді.

Қазіргі кезде қаланың оңтүстік шығысында қолдан жасалған көгілдір көлдің жағасында университет қалашығы салынып жатыр. Бұл құрлыстың зор маңызына жете мән берген ректор оның жұмыстарына тікелей басшылық жасап, уақытылы аяқталуына күш жұмсауда. Оның бас корпусы мен 4 жатақханасы пайдалануға беріліп үлгерілді. Әрдайым әсемдікке құмар академик киіз отау тәріздес дөңгелек аумақты мәжіліс залының әлі біте қоймаған күмбезге қызыға қарап, енді әрбір факультеттің жеке корпусын салдыруды армандауда.

... Табиғатта мынадай бір ғажайып заңдылық бар сияқты. Ол туасы даралықты, сыңарлықты әсте жаратпаса керек. Мәселен: алтын табылған жерден міндетті түрде күмістің де табылуы кәдік, ал осы металдар ылғи да сирек кездесетін металдармен көршілес жатады екен. Біз творчестволық өмір жолын әңгіме етіп отырған академик Евней Бөкетовтің де болмысында табиғатқа тән осындай жан-жақтылық бар, рухани байлықтың мол қайнар көзі іспетті. Бір ғажабы — бұл азаматтың бойында асыл қасиеттермен қоса сирек кездесетін сипаттар да баршылық. Өткен бір жылдары «Правда» газеті Евней Арыстанұлы жайында: «Әрі химик, әрі ақын. Бұған тек кездейсоқ құбылыс деп қарамай, үлгі тұтарлық құбылыс деп білу керек», — деп жазған-ды. Иә, бұл — ақиқат сөз. СССР Жазушылар одағының мүшесі Е.Бөкетов әдебиеттің әр жанрында оқушы көкейінен жол тапқан сындарлы туындылар беріп те үлгерді. Ол — аудармашы, публицист, ақын, сыншы.

Академик аға көркем аударма саласында да тындырымды еңбек етті. Болгар әдебиетінің классигі И.Вазовтың «Бұғауда» романын, Эмиль Золяның көптеген әңгімелерін сәтті аударып, қазақ оқырмандарының рухани игілігіне айналдырды. Совет ақындары И.Маяковский мен С.Есениннің өлеңдерін, поэмаларын аудару ісін де атсалысты. Театр, әдебиет сыны, әдебиеттану ғылымына да қомақты үлес қосып келеді. Қарағанды жұртшылығы биыл Шекспирдің қазақ саханасында тұңғыш қойылған «Макбет» трагедиясын тамашалады. Трагедияны қазақ тіліне өлеңмен аударған академик Е.Бөкетов...

Осыншама рухани өрісі кең азамат — ғалым өзінің ғылымдық жолында әрдайым өнер нәрімен сусындауда. Академик Шулейкиннің «Өнер ғылымға қанат бітіреді» деген, бүгінде нақылға айналған аталы сөздің өміршендігіне профессор Е.А.Бөкетов творчествосы бірден-бір дәлел. Сонымен қоса үлкен ғалымның зор интеллектісі өнерге, көркем ойға да өз сәулесін түсірмей қалмайды. Әйгілі физик Л.Ландау: «Өнерге ғашық бола білген ғалым ғана нағыз ғылыммен айналыса алады», — деп бекер айтпаса керек.

Міне, осынау әр алуан қасиеттерді бойына сіңірген ғылымның қайтпас қайсар әрі қажырлы қайраткері Евней Арыстанұлы Бөкетовті қиян соқпақты ғылымның асқарына аттанған халқымыздың санаулы азаматтарының ең көрнектісінің бірі десек, сірә, қателесе қоймаспыз.

Білім және еңбек № 5, 1979 ж.

Әбділдә Тәжібаев

ЕЛУ ТУРАЛЫ СӨЗ

Елуді жастар айтады «жарты ғасыр» деп,
Ойлайды олар елудегі адамды масыл деп.
Асықпайды олар «көп қой» деп уақыт алдағы,
– Жеткенше қайда мүшелге менің жасым деп.

Ал, уақыт жүйрік зулайды екен тоқтамай
Өткен күн бейне жанып боп сөнген оттардай.
Қараңдаршы мына кешегі сәби Евнейге
Аға боп қапты қылаулап шашы, соқталдай.

Үрікпендер, жастар, қорықпаңдар әсте елуден,
Қызық жоқ артық елуге аман келуден.
Еркектің ақылы қартая кіреді.
Жұптап болған соң «жаспын ғой» деген сеніммен

Еркек боп туу қазақтар үшін қымбатты,
Әсіресе қызық жігіт боп өссең сымбатты.
Ал толысқан шақта тындырғандарың болмаса
Қалың ел мына сүймейді ку сөз, қылжақты.

Қалай сен өстің? Жанына намыс батты ма?
Ойыңда сенің отты армандарың жатты ма?
Аталар саған батасын беріп ырзалық,
– Бәрекелде, — деп арқаңнан ағаң қақты ма?

Әркімнен достар сұраймыз бәрін осының,
Ойланған жастың өлгенше мен де досымын,
Көшеден келген жолдарың жатсын шандатқан,
Ертеңге барар жолдарың жатсын жосылып.

Елуге достар Евнейдей болып келіндер,
Елуде бәрің Евнейше есеп беріндер.
Ұрпақпен бірге жалындай берсін жүректер,
Ұрпақпен бірге көгере берсін көңілдер.

1975 ж.

Бекболат Әдетов

ҚЫРЫ — ҒЫЛЫМ, ӨРІ — ӨЛЕҢ

Бұл кісіні алғаш көрген сәтімде «еңсегей бойлы Евней» деген тіркес орала кеткен. Сол тіркес көпке дейін тілімнің ұшында тұрды да қойды. Асқар таудай сом тұлғалардың өзі адамның есін шыпып, таңырқатып, тандай қақтыратыны бар ғой. Оның үстіне адамның рухани асқарлығына, парасат асқарына кескін-келбеті және сай келсе, тіпті ғажап. Қазақ Ғылым академиясының академигі, Қарағанды мемлекеттік университеттің ректоры, СССР

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Евней Арыстынұлы Бөкетов сондай адам екен.

... Аумақты кабинетке түр-тұлғасы құп жарасқан, еңселі сары кісі қарсы жүрді. Ырғала басып келіп, қол алды. Мына денеге қимылы да сай: паң, жай қозғалады. Өңі қызыл шырайлы. Айналасын майда әжім басқан көздері кіртіңкіреп, түн ұйқысын бөлгендігін білдіреді. «Қабағының үсті қалыңдау ма, әлде өзі қошқар шекелеу ме?» — деп ойлап болғанымша:

— Иә, «Социалистік Қазақстанға» неге керек боп қалдық екен? — деп, әңгімені әзілден бастады. Ой шіркін қандай жүйрік — осы сәттің арасында Евней — ғалым жөнінде естіген-білгенім, оның шәкірттерімен әңгімелескенде көңілге түйгенім айқын елес беріп, есіме қайта оралған.

Қазақ ССР Ғылым академиясы. Химия-металлургия институтының директоры Жантөре Әбішев айтады:

— Шынтуайтына келгенде, осы институттың шаңырағын биік көтеріп, атағын шығарған Евней Бөкетов болды. Институт ғалымдары соңғы он-он бес жылдың беделінде ғылымның алғы шебінен көрініп, ауыз толтырып айтарлықтай шаруаның басын қайырса, соның бәрінде сол кісінің басшылық-бақылауының нәтижесі бар.

— Тікелей үлесі бар десеңізші? — деп, сирек және шашыранды элементтер лабораториясының меңгерушісі Виталий Малышев сөз қосып қояды. Темекісінің түтінін үзбей, әр сөзін баптап айтайын Жантөреге қарағанда Виталий Павлович сөзге тез, қимылға шалт. — Мына біздер өмірден өз үлесімізді алып, лайықты орнымызды тапқан болсақ — ол да Евней Арстановичтің арқасы.

— Оған дау бар ма? Адамды тани біледі ғой ол кісі...

— Мына мен басқарып отырған лабораторияны құрған өзі еді ғой. Мұнда жұмыс істейтін адамдарды да өзі таңдады. Бір адам жөнінде қателесті ме? Қателескен жоқ! Сондағы шәкірттерінің бірі қазір ғылымның бір-бір тұтқасына ие болып отыр. Бәрі дүрілдеп өсіп келеді.

— Қарағанды университеті ашылып, Евекең оған ректор болып бекітілгенде бәріміз сол кісімен бірге кете жаздадық. Басалқы айтып, өзі тоқтатты ғой. «Мен институтқа директор болайын, университетте ректор болайын — бәрібір сендермен біргемін. Сағындырмай келіп тұрамын» деген соң тоқтадық.

– Сол уәдесі — уәде. Әрбір сәрсенбі сайынғы творчестволық күнін осы лабораторияда өткізді...

Екеуі кезек сөйлеп, бұрынғы директордың ізгі қасиеттерін айтып тауыса алатын емес. Әдетте адам алғашқы мұғаліміне осындай ілтипат сақтайды. Евней Бөкетов мына жігіттер үшін сондайлық қадірлі ұстаз болған сияқты. Мәдениеттілігіне, білімдарлығына тәнті. Іскерлігі мен ізденімпаздылығын және айта алады.

– Ең ақыр аяғы, ойды қалай тұжырымдауды, тіпті қатынас қағаздарын қалай жазуды да үйретті ғой, — деп Виталий Малышев ризалығын білдірсе:

– Өмірдің өз талабын тамыршыдай бағып, өндіріспен біте қатынасуды да сол кісіден үйрендік, — дейді Жантөре.

– Шынында, Евней Арыстанұлы үшін «таза ғылым» деген атымен болмайтын. Осы институтқа директор болып келісімен-ақ теория мен практиканың біте қайнасуын қалады, бәрімізге сондай талап қойды. Ол кезде, алпысыншы жылдардың басында, мұның өзі міндетті деп есептелмейтін. Ғылымның өндіріспен қалайда байланысты болуы жөніндегі талап кейіндеу, алпыс бесінші жылдардан беріректе қойылған емес пе. Ал сол талап қойылған кезеңде біздің институт оған сақалдай-сай болатын.

Осыған байланысты В.Малышев Евнейдің тағы бір ерекше қасиетін мақтанышпен айтты. Онысы — ғалымның өмірге, өндіріске қажетті деген мәселенің қандайына болса да тайсалмай, екі білегін сыбанып кірісіп кететіндігі екен. Бұл мәселе қиын ба, орасан күш-жігерді қажет ете ме — ол жағы есеп емес. Кәсіпорын неге ділгер болса, ғалымның ойы соны шешуге дембе-дем болуы тиіс. Жалғыз өлшем — осы.

– Жетпісінші жылдардың басында Евней Бөкетов, Марк Залманович Угорец үшеуміз Балқаш кен-металлургия комбинатына бара қалдық, — дейді Виталий Малышев. — Комбинаттың өз адамындай болып кеткен кезіміз. Өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы Михаил Исакович Городецкий жылап көріскендей болды. «Электролитте утастың мөлшері артып кетті. Утас катод мысы болып кетіп жатыр. Азайтудың амалын табасындар ма, қайтесіңдер?» деді. Шынын айтсақ, машақаты көп жұмыстан бойымызды аулақ сақтағымыз келді. Өйткені, бұл дегеніңіз — күкірт қышқылымен жұмыс істеу деген сөз. Сондықтан сырғақсып, қашпақтай бердік. Байқаймыз, Евней Арыстанұлы әлгінің сөзіне құлап

қалғанға ұқсайды. Әрі ойлап, бері ойлап: «Қолға алайық. Көрінеу көзге мысты бүлдіріп қоямыз ба?» дегені. Нағыздың өзі осылай деп тұрса, қалай көнбессің? Екі жылдай әуре-сарсаңға түстік. Әсіресе, Евней Арыстанұлының талапты шәкірттерінің бірі Светлана Новиктің еңбегі көп болды. Ақыры, электролиттегі утастың мөлшерін кемітетін әдісті ойлап таптық. Жылына миллион сомдай үнем беретін жаңалық өндіріске енгізілді. Балқаш мысы ең сапалы мыс болып қала берді.

... Виталий Павлович Малышевтің әңгімесін тыңдай отырып, Евней Бөкетов басқарған химия-технология институты мен Балқаш кен-металлургия комбинатының арасында болған тығыз ынтымақтастықтың бірер мысалы еске түсті.

Кеннен мыс алу деген — қиямет жұмыс. Ол үшін мысты кендегі бөгде қоспалардан ажыратып алу керек. Бұл — тек айтарға оңай шаруа.

Мынадай тірлікті көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Әбден ұнтақталған кен суда көпірші келіп, бетіне қақ тұрады. Мұны мыс концентраты дейді. Бұрынғы шикі кен күйінде ондағы мыстың үлесі мысқалдап өлшенетіндей, яғни бірнеше жүздің бір бөлігіндей ғана болса, енді мыс концентратында ол әлденеше есе көп. Міне, сол концентрат әбден кептіріледі де, әйдік шарпу пештеріне салынады; ғаламат от пен жалынның әсерінен қоймалжың тартып балқиды. Бұдан штейн алынады. Ал енді штейндегі мыстың мөлшері оның тең жартысындай. Қалған жартысы — күкірт пен темір. Демек, мысты енді осылардан ажыратып алу керек. Бұл міндет отқа аса төзімді кірпішпен қапталған алып конверторларда жүзге асырылады. Жоғарыдан берілген штейн мен төменнен үрленген ыстық ауа от пен жалын болып, ақыры күкірт пен темір жанып кетеді, сөйтіп концентраттан қара мыс деп аталатын өнім алынады. Оны электролиз әдісімен тазаласа, алтынға бергісіз сапалы мыс шығады. Балқашта осындай әдіспен алынып, Мемлекеттік сапа белгісіне ие болған мыстың тазалығы төрт «тоғыздықпен» белгіленеді, яғни 99,99 процент.

Қысқаша ғана айтып өткен осы процестердің әрқайсысын өндіріске орнықтыру үшін қаншама қажырлы ой, күш-жігер қажет болды десеңізші! Евней Бөкетов бастаған ғалымдар да осындай күш-жігерді аз жұмсаған жоқ. Конвертордағы процесті

алайықшы. Оны тездету үшін ғалымдар мен инженерлер оттегі қосылған ауа үрлеуді ұсынды. Қызу кермет өсті. Аса төзімді кірпіштің өзі майша жанды. Жұмыс процесі тездегенімен, кәдімгі кварц құмның орнына салған Жезқазғанның ұнтақ мыс концентраты конвертордан шаң болып ұшып, түтікке кете бастады. Қисапсыз шығын кесе көлденеңдеді. Қайтпек керек?

Концентратты түйіршіктеп салса қайтер еді!?

Жақсы ой. Түйіршіктеп, кептірілген концентраттар пешке берілді. Нәтижесі тым тәуір болды. Бірақ концентрат біресе аз түсіп, біресе көп түсіп, пеш «қақала-шашала» береді. Содан барып, мыс өндіру бірқалыпты емес.

Евней Бөкетов бастаған ғалымдар бір түйіннен соң бір түйінді шешіп, дйттеген мақсаттарына жақындай берді. Әрине, сан тарту жолдардың қайсысын таңдарын білмей дал болған, салы суға кетіп, сансыраған күндері де аз емес. Бірақ байыпты пікірі мен байсалды мінезінен аумайтын нар тұлғалы ұстаздың сабырлы қалпын көріп, талапкер жастар ширыға түсетін, ширай беретін. Сөйтіп жүріп конвертор пешінің жаңа үлгісін де ұсынды. Одан соң күкірт қышқылы мен сирек кездесетін металдар алуға негіз болтын материалдардың завод мұржасынан тонналап ұшып жатқанын көріп, оны да ғылыми ойдың елегінен өткізді, шиыршық атып толғанды. Ақыры қуатты конвертордың жұмысын күкірт қышқылы цехының үздіксіз жұмыс істеуімен ұштастыратын әдіс ойлап тапты. Рений атты сирек металды да ауаға босқа жібермеудің амалы табылды.

Осы алуандас аса үздік, жемісті істері үшін бір топ ғалымдар мен инженерлер СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ішінде Евней де бар еді.

— Иә, «Социалистік Қазақстанға» неге керек боп қалдық екен? деп, әңгімені әзілден бастады ол. Ұялы қой көзі бір түрлі мұңлы қалыпта күле қарап, сынап қарап қалатыны бар екен. Салалы, сұлу саусақтарымен столды тықылдатып, әлдебір ішкі үйлесімнен ажырай алмай отыр. «Музыканттың машығы емес пе?..»

Газет оқушыларының тілегіне орай, таныспақ ниетпен келгенімді айта отырып, осы сұрақты да қыстырып жібердім. Евней жұмсақ жымиып, үнсіз, жадырай күлді.

— Әкемнің домбыра тартатыны болушы еді, ол бізге қонбады, — деді. — Үйретуге әкенің де ықыласы болмады-ау деймін...

Александр Блок музыкаға, биге онша құлықты болмаса керек. Әйелдер сұрапты дейді: «Өлендеріңіз құйылып тұрған музыка, мүсінді ырғақ. Ал өзіңіз неге бұлайсыз?» деп. Сонда Блок: «Музыка менің кеудемде; қол-аяғыма оның қатысы жоқ» деген екен. Сол айтқандай, күмбірлеген күй кеудемізде деп жүріп, бұл жағынан таза мақұрым қалыппыз ғой.

... Таңертең ерте тұрып, жарты сағат жүгіретіні бар. Бүлкілдіп жүгіріп келе жатып, кейде өзіне-өзі күледі. «Сырт қарағанға осыным баяғы өзіміздің көк биенің бүлкіліндей болар-ау», — деп ойлайды. Не нәрсені болсын әзілге айналдыруға бейім тұру — қашанғы дағдысы. Жарты сағатта серпіліп, қуақыланып, қунап қайтады. Осындай таңғы сейіл үстінде ғылыми ойдан сергітерлік тағы бір машық тапқан. Онысы — өлең. Әлгіндей бүлкіл желіс өлең ырғағымен сәтті үйлесіп кеткендей еді. «Таңның таза сәтінде, жүрек бұлқына соққанда өлең де сап алтын, сары мыстай құйыла ма, қалай?» — деп ойлайды кейде. Әйтеуір Владимир Маяковскийдің «Керемет!» поэмасын қазақшалауды осындай бірер таңда еңсеріп тастады.

Ырғағын
тауып ап,
Адымды
бастым:
Се-
нің
Жау-
ына
Мен
де
қас-
пым...

Әрине, Маяковский де, Есенин де қазақшаға талай аударылған. Бірақ Евней оларды өзінше сөйлетеді. Өйткені, өзінше түсініп, өзінше түйсінеді. Былтыр Сергей Есениннің «Анна Снегина» поэмасын аударып, оқырман қауымнан көп ытимап естіп еді, енді міне, «Керемет!» те кәдімгі қазақша шыққандай.

Жазушы болсам деп ешуақытта алдына мақсат қойған емес еді. Тек айтсам деген көрікті ойы, көркем сөзбен кестелесем деген бұла сезімі қолына қалам ұстатқан. Содан бері алтындай уақытының мүмкін-қадерінше әдебиет майданына араласып, аламан бәйгеге торысын қосып жүрген жайы бар. Онысы олжасыз да емес. Евней Бөкетовтің қаламынан туған көркем шығарма дегенді естісе, қазір екінің бір-ақ елең етіп, құлақ түреді. Қалыпқа құйғандай шымыр сезімі мол өлең аудармасын айызы қана оқыса, ғалымдар өмірінен алып, орыс тілінде жазған шағын эсселеріне, абзал аға Қаныш туралы жазып, мерзімдік баспасөзге үзінділерін жариялап үлгерген повесіне деген оқырман ілтипаты да дәл сондай.

Қазір де алуан-алуан ғылыми жұмыстан мойны сәл босай қалса, университеттегі ұстаздық, жетекшілік қызметінен қолы қалт етер болса, ұзақ түндер бойы шабыттың шалқұйрығын қамшылып, өзі аңсап табатын, шұрқырай табысатын тәтті сезімдерінің құшағына кіріп, сондайлық бір базарлық сәттерді баз кешеді. Сонау-сонау Баян таудың баурайы мен төскейін, белдері мен көлдерін ойша шаралап, Қаныш Сәтбаевтай ғұламаны өсірген ортаның кескін-келбетін қағазға түсірді.

— Уақыт тым тапшы, кітап тез жүре қоймай тұр, — дейді Евней, соған кінәлі адамдай қысылған кейіппен. — Шынымды айтсам, әлі Қаныштың балалық-бозбалалық шағынан аса алғам жоқ. Дегенмен, повестің біткен тұстары бірегей шықса екен деймін. Қанекен асқан білімдар ғана емес, шынайы ілтипат иесі, нағыз мәдениетті адам болған ғой. Ал ондай қасиет — тәрбиенің жемісі. Сол себепті, бала Қанышқа әкесі меймандардың қолына су құюды да, үлкендерге қалай амандасуды да үйреткенін ретті жерінде повестің желісіне кіргізген болсам, оның осындай мәні бар. Шынында, деталь дейтіннің көркем шығармадағы орны ерекше ме деп ойлаймын...

Әйткенімен, Евней Бөкетов — ең әуелі ғалым, екі жүзге тарта ғылыми еңбектің авторы. Халқымыз сегіз қырлы, бір сырлы жігітті айтқанда: өрі мен қыры бірдей деп бағалайды ғой; Евнейдің сол айтқан өрі өлең болса, қыры — ғылым. Сондықтан да ол Абайдың: «Шәкіртсіз ғалым — тұл» деген сөзін мықты ұстанды. Әңгімеміздің негізгі желісі ұстаздық пен шәкірттік жөнінен өрілуі де содан болар деймін.

— Сіздің пікіріңізше, ғалым қандай болмақ керек?

– «Ғалым» деген сөздің өзі білімге мезгеп тұрған жоқ па! Ендеше, ол жан-жақты білімдар болсын. Өз басым, тар шеңберлі ғалым дегенді қабылдамаймын. Қазіргі ғалымның сала-салаға бөлініп, мамандануы бұған сылтау емес. Екінші, ғалым замана тынысын дөп баса білетін, өмірмен үзеңгілес жүретін болуы тиіс. Сосын, кейінгі толқын — жастарға дер кезінде тізгін беретін лайық деп тапса, өз орнын босатып бере алатын ұстаз болса. Кембридж университетінің ректорына Бэрроу дейін белгілі ғалым келіп: «Менде жасы жиырма алтыдағы бір жас ғалым бар. Кафедра менгерушісіне тек сол ғана лайық. Мені түсіріп, соны қойыңызшы» депті. Ректор да ақылды адам болса керек, тілегін қабылданып алып, әлгі жігітті кафедра менгерушісі етіпті. Сөйтсе, онысы Ньютон деген жігіт екен. Бэрроу кезінде мықты ғалым болғанымен, кеменгер Ньютонға байланысты осы оқиға арқылы ғана есімі тарихта қалған.

– Қаныш Сәтбаев жөнінде не айтар едіңіз?

– Беу, Қанекең туралы қашан айтсаң да таусылар ма? Рас, өз басым ол кісімен көп істес болып, араласа алғам жоқ. Ал көргендерден естігенім, еңбегіне үңілген сайын көкейіме түйгенім: Қанекеңдер нағыз ғұлама болған ғой. Өзі өміріне серік еткен ғылым салалары бір басқа, тіпті әдебиетті, музыканы, тарихты, халықтың салт-санасын білуі қандай еді!? Сондығынан да ол кісі сөйлесе, ең білімдар деген адамдардың өзі аузын ашып, көзін жұматын. Жакында бір әңгіме естідім. Мұқтар Әуезов Ғылым академиясының президиум мүшесі болған ғой. Президиумның аты — президиум: онда әр саладан баяндама тыңдалып, талқыланып жатпай ма. Соның бірінде Мұқан айтыпты дейді: «Осы президиумда тіл, әдебиет жөнінен баяндама болса мен елең ете түсем де, басқалар қалғып-шұлығып отырыды; басқа салалардан бірдеңе талқыланса мен де қалғып-шұлығып бастаймын. Бәрін қалт жібермей тыңдап, бәрін түсініп, сұрақ беріп, пікір айтып отыратын тек жалғыз Қаныш-ау!» — депті. Бұл — көрінгенге беріле салатын баға емес.

Иә, ұстаз бен шәкірт... Бұл турасында Евней ерінбей-жалықпай сөйлеуге бар. Қашанғы дағдысы бойынша, сөзін әралуан мысалдармен айшықтап, әдемі кестелеп, тереңнен толғайды. Өз шәкірттері жайында елти отырып, әрқайсысының қызықты мінездерін, қабілет-дарынын мақтана айтады. Тыңдай берсең, шәкірттерінің бәрі керемет болып шығады. Өзінің орнына Химия-метал-

пургия институтының директоры болып қалып, Евней Бекетовті жоқтатпай, осы бір үлкен коллективті абыройлы басқарып келе жатқан Жантөре Әбішев те, ұстазының сөзімен айтқанда, «туа біткен ғалым». Виталий Малышев те, Марк Угорец, Әбдуәлі Бәшенов, Хасен Бәйкенов сияқты шәкірттері де қазір ғылымның бір-бір тұрқасына немесе өндірістің тізгініне ие. Қарағанды университетінің қабырғасында қанаттанып, ғылымның даңғыл жолына бет бұрған шәкірттері және көп.

– Ньютонның әйгілі бір сөзін шамалы өзгертіп айтсам: менің бұл дәрежеге жетуім — шәкірттерімнің арқасы, — дейді Евней миқтаныш сезімімен толқып.

Шын ұстаздың сөзі бұл! Және де нағыз азаматтың сөзі осындай болса керек.

Социалистік Қазақстан, 31 желтоқсан 1975 ж.

Кәкімбек Салықов

МАЯКОВСКИЙ РЕКТОР БОЛЫП КЕЛГЕНДЕЙ

Еңбегің жанып еркелеп алсаң ел гүлін,
Құттықтап қатты қолыңды қысар келді күн.
Таудай атақ иесі болып жүрсең де
Елуге ғана келіпсің ғой сен бүгін.

Ақындардың сыр бүгуі бекер-ау.
Шынымды айтып, шын еркелік етем-ау.
Құрдасымдай сырлас едің, Евеке!
Паспортыңда жасың үлкен екен-ау.

Сені көрсем білмесімді білгендей,
Жүйрік болам жабылыққа бір көнбей.
Ізет етем інілігім жарысып,
Ағалыққа жаттықтырып жүргендей.

Бір өлеңім ұнай қалса өзіңе,
Зер саламын келер кезек сөзіме.
Көп толғанам қалам ұстау қиындап,
Виссарион боп көрінесің көзіме.

Сен металлург, әрі ғалым, ақынсың.
Сондықтан болар өзгеден маған жақынсың,
Көп өнердің шоқ букетін құшақтап,
Көкжиекте озып бара жатырсың.

Кең төсіне алтын лавр таққаның,
Ел сенімін әне солай ақтадың.
Қайтты сонда конвертордан от шарпып,
Түтін жұтып, күкірт дәмін татқаның.

Құздай боймен қыздай мінез сақтадың,
Маңызданып, мәнсіп кеуде қақтадың.
Келісіп тұр профессор болсаң да
Галстукті қиқы-шойқы таққаның.

Соның бәрі жарасады көзге де,
Іліктірмес «пысық» деген сөзге де.
Саған біткен Қанекендей маңғаздық
Жеткізбестей қиял шығар өзгеге.

Осал-ау, — деп анау дене, ана бсй,
Ойлаудың да өзі пәле жала ғой.
Әрі ойлы, әрі бойлы болар деп,
Болжам еткен жеңгеміз де дана ғой.

Ей, жеңеше! Өмір атты шеруде,
Ағамызбен жет екінші елуге.
Сіздей дүлдүл жер бетінде аз шығар
Жарап жүрген тұлпармен пар желуге.

Алғыс айтсам ақ пейілді сөзім шын,
Нұрың жансын, жақсылығың сезілсін.
Арыстан шалдың артындағы бес ұлын
Бес жұлдыздай жарқыратқан өзіңсін.

Ал, Евеке! Оралайын тағы да,
Мен құштармын сенің еккен бағыңа.
«Елу деген ердің жасы», — дейді ғой,
Сәт тілеймін келген кемел шағыңа.

Сені көрсем Есенинді көргендей
Шалқып кетем жүрегім жыр өргендей,
Қуанамын мына біздің КарГУ-ге
Маяковский ректор болып келгендей.

22 наурыз 1975 ж.

Кәкімбек Салықов

ТӨРЕГЕЛДІГЕ ХАТ

Төрегелді, күрт қимылдар келді күн,
Евней сырқат...
Жасар артық емді кім.
Министрге төтенше хат жазғаным,
Білдіргенім дос ниеттің кеңдігін.

Бәйге өрінде тежегендей құр атты,
Жүрек-дейді құрған оқыс тұзақты.
Барынды сал,
Ізбасары Қаныштың,
Құлап түсіп кешіп жатыр сынақты.

Дүмше заман салмас дейсің кімге азап,
«Шіркін» — дейміз көкірек шетін зіл қажап.
Әрі ғалым, ұстаз,
Үлкен қаламгер,
Адал терін төгілтіп жүр бұл қазақ.

Хабар жетіп, қалдым үнсіз мәңгіріп,
Атақ, даңқын айтпақ едім ән қылып.
Қазақ үшін
аса қажет кемеңгер,
Кетпесенші өмірді ерте қалдырып.

Не де болса есен-аман сақтағай,
Сұхбаттасар тусын сәтті шақ талай.
Қапияда көзден ғайып болмасын,
Аққан жұлдыз сияқты бір тоқтамай.

Ел үмітін арашала кәдіктен,
Аулақ жүрсін оқыс ажал кәніккен.
Мерт болды ғой талай тарлан ағамыз,
Жағрапиясы жарамаған әріптен.

Емде досты.
Менен сәлем айтарсың,
Таң қалдырды теңселгені асқар шын.
Бірақ, шіркін,
Оған тиген соққыны,
Өз басыңа жеткен күні байқарсың.

«Даналыққа тағзым», (145–146 б.) 1980 ж.

Аян Нысаналин

ҒҰМЫР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНЕР

Қашаннан ұланғайыр адамзат ғұмыркітабында үзеңгі қайысып, озып, кейде қалса да қарайласып, қатар дамып, өсіп, өркендеп келе жатқан ғылым мен өнер бір-бірінен қара үздірген жоқ әлі. Екеуінде де табиғат таңғажайып тудырған адам ойының ыстық қоламтасы, қызу құштарлығы мен іңкәрлігі жатыр.

Академик Евней Бөкетовтің «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Атан қомында туған адам» атты кітабы осы жағынан аса құнды. Автор творчестволық ойдың қос қанаты — өнер мен ғылымнан самғау сезімін алып, көкірек көзінің отын маздатады. Алты сөзде профессор З. Қабдолов аталмыш кітаптың негізгі тінін әлемі таратып, терең мән-мазмұнын ашып көрсеткеніндей, одан ғылым мен әдебиет жолына қызық ғұмырын арнаған адамның өткізген сырын тыңдап, қолтаңбасын танымыз. Әр беттерінен жүрек лүшілін естиміз.

Республикадағы металло-химия ғылымының майталман маманы Е.Бөкетовті күрделі әрі эстетикалық көп нақышты ғылыми ішкілер әлемі томаға тұйықтықта қалдырмай, көркем ой көкжиегін кеңейтуге атсалысып жүргенін қалың оқырман жақсы біледі. Оның ғалымдық қыруар еңбегімен қоса туған әдебиет пен өнер туралы әр кезде жазылған парасат пайымы мол, зерделі чортуелері, мақалалары, татымды тәжірмелері аз емес.

Солардың ішінен іріктеліп, «Атан қомында туған адамға» творчестволық ойдың әр саласын қамтитын қазақ ғалымдарының иіс толқыны туралы эссесі, Пушкин мен Маяковский талант төркіні, олар шабытының нұрлы бастаулары мен сағалары қаралатын «Қос алып», аударма ажарын күйттеп, соның төңірегіндегі толғаныс толғаныстарын топтаған «Тәржіме туралы ой» және басқа да публицистикалық жазбалары еніпті. Бұлардың бәрі кездейсоқ емес, аса рухани ішкі қажеттіліктен, сезім мәдениетінің мұқтажынан туған толғаулар. Жазбауға мүмкін емес жағдайда қолға қалам алынғанын айтқан абзал. Ғылым тарихында жарқын із қалдырған озық ірі оқымыстылар Н.В.Холодковскийдің «Фаустың» өң жақсы аудармашыларының бірі болғанын, геолог С.В.Обручевтің «Лермонтов дәптерлерінің дәреметі» кітабымен талай өнерпаздарды таңқалдырғаны бізге мәлім. Бұндай әмбебаптық қасиеттер ұлттық мәдениеттің құнарлы топырағына да тамыр тартып келе жатыр.

Жиырмасыншы ғасыр біздің халқымыздың өмірінде ғана емес, бүкіл небір алапат алақұйын заманаларды бастан кешкен адамзат цивилизациясы үшін аса ерекше. Ол өндірістік күштердің шоғырланып өсуімен, терең әлеуметтік өзгерістердің, тұрмыстық болмыстың барлық салаларын кең қамтып, қанат жаюымен сипатталады.

1905 жылы В.И. Лениннің революциялық пролетариаттың эстетикалық манифесті болған «Партиялық ұйым мен партиялық әдебиеті» дүниеге келді. Сол жылы ғылыми-техникалық революция идеялары символының бірі қатыстық теориясы жарыққа шықты. Жайдан-жай емес болар.

Тап осы кезеңде дауылпаз дәуіріне елендеген қазақ даласында атан қомында туып, шаңға аунап өскен ұрпақтың өкілдеріне ұлттық ғылымның көсегесін көгертіп, атақ-даңқын әлемге асыру бақыты тиіпті. Евней Бөкетов кітаптағы алғашқы туындысында міне, осы құбылыстың туу заңдылықтарын байыппен баяндайды. Салауатты сөз естіртеді. Ел мен ер тарихына, кешегі мен бүгінгіге нәм ертенгіге көз жібереді. «Әр елдің мәдениетінде, қай дәуірде болса да өзінің шабытты ақыны, ойшыл жазушысы, әуенді әншісі мен шебер музыканты, тамаша актерлері мен табиғат көркі мен адам ажарын бейнелеуде ғажайып құпия күй танытқан суреткерлері болмай қалған емес», — дейді автор сөздің бір ығытында. Сөйтіп, осы темірқазық ойын талданып отырған кітаптың ұзын ырғасында өрбітіп, дамытып әкетеді.

Әсіресе, академиктер Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтпаевтың тау тұлғасы, энциклопедизмі мен асқақ азаматтығы сәтті ашылып, адамзат асыл мұраты жолындағы еткен ерен еңбектері ерлікпен барабар екені келісті көрсетілген.

«Атан қомында туған адамнан» ғылыми-әдеби ойымыздың көгіндегі жұлдыздың шоғырындай тегеурінді топтың тұтас келбеті танылады. Өнегелі-парасаттық ізденістері көзге оттай басылып, сәулеге саңылау іздеген санаға ұрады.

Кітаптағы әуелгі эссе ашық үнемі, көкейге қарапайым қонымдылығымен әсер етсе, басқа мақалалардағы сабырлы салмақты түйіндеулер мінсіз мойындатады.

Тегінде академик Евней Бөкетов тәжіме өнерімізде қазіргі кезде бірден-бір пікір айтып жүрген қарымды қаламгер. Автор оның кейбір мәселелерін аз болса да саз жазған мақалаларында алға тартып, әр қырынан келіп отырады. Біздің күткеніміздей, «Тәржіме туралы ойда» да парасатты пайымдаулар бар. Дәуір дауылпазы атанған ақын Маяковскийдің шығармаларының қазақшасында базбір жайларды қозғай келіп, Қ. Аманжолов, Т. Жароков, Қ. Бекхожин сияқты ақындарымыздың ана тіліміздегі аударма нұсқасы қара қылды қақ жарған қазылықпен талданады.

Бұнымен ол тәржіме тіршілігіміздегі болып жатқан бірең-сарып емес типтік жағдайды дәл тап басып отыр. Аударманың ауыл ирпесінен асып, асқарларға жол тартқан өнерекенін мегзейді.

«Атан қомында туған адам» — кезінде, сәтінде туған кітап. Бір жақсысы — бұдан лириктің физиктен айдынын асырып, немере-өс керсінше дабырайтатын шәркез дау-далабаның шалығы жоқ. Ондағы төл әдебиет пен ғылым хақында айтылған жанашыр ойлардың бәрін қамту шағын мақаланың шегінен тыс.

Әлбетте, бұл туындының бірлі-жарым кемшілігін айтуға да білар еді. (Мәселен, «Замандас жастар туралы» атты мақаланың тибигаты басқалау. Оның бұған қоспаса да жарағандай).

Барған сайын бүгінгі ғылым мен өнердің өзара әсері комплексті ғылыми зерттеудің нысанасына айналып келе жатыр. Осындай кезде Е.Бөкетовтың аталмыш жинағы, сөз жоқ, талғамның оқырман жүрегіне жол таппақ. Өйткені, күллі ғылыми творчествоны эстетикалық эмоциядан бөліп алып қараудың өзі артық.

Кезінде К.И.Тимирязев: «Өнер мен ғылым адамдар арасындағы жаңа одақтың негізін қалайды», — деген болатын.

Бұл қазірде де маңызын жоймаған пікір парасат биігіне аттандарға жол серік!..

Лениншіл жас, 5 шілде 1976 ж.

Марат Түсіпбаев

ЖАНЫ ДА ЖАЙСАҢ, ЖАРҚЫН ТАЛАНТ

Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, СССР Министрлер Советі жанындағы ғылым мен техника жөніндегі Мемлекеттік комитетінің «Гидрометаллургия» ғылыми советінің мүшесі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, СССР Жазушылар одағының мүшесі, техника ғылымының докторы, профессор Евней Арыстанұлы Бөкетовтің туғанына 50 жыл толды.

Сан салалы ғылымның ғұлама білгірі атанған Е.А.Бөкетов өзінің елу жылдық мүшелді мерекесіне дейін осындай даңқты жолдан өтіп, халқымыздың қастерлі азаматтарының біріне айналып отыр. Ол ғалым ғана емес, жазушы да, аудармашы, театр сыншысы. Жаны жайсаң, дарыны дарқан Евекеңнің ақындық таланты да таңдандырады. Сергей Есенин мен Владимир Маяковскийдің нәзік те сыршыл, асқақ та адуын жырлары мен дастандары да осы Евекеңнің «алтын қолы» арқылы аударылып жүр. Және ол жай аудармашы ғана емес, шығарманың сөлі мен селін сақтап, алуан түрлі бояуы мен суретін аса бір сұлулықпен сөйлететін шебер аудармашы. Оның өмірінің өлеңге ұқсайтындығы да осы ақындығында жатса керек.

Евней Арыстанұлы Бөкетов — қазіргі уақытта Қарағанды мемлекеттік университеттің ректоры. Өзі де талай ұлғайтты ұстаздардың алдынан өткен Евекең талантты толқынға ағалық аялы алақанын тосады. Ақылын айтады. Үлкен жолға «қанатының астынан» түлеп ұшқан талантты түлектердің көп болуы да азамат ағаның осы бір абзал қасиеті дер едік.

Елуге келіп, ел ағасы атанған Евней Арыстанұлы Бөкетовті жарты ғасырлық мүшелді мерекесімен құттықтай отырып, оның тәлімді тәрбиесін көрген жас ғалымның ұстаз жайлы тебіренісінен бір үзінді жариялап отырмыз.

Мен Евекеңді 1962 жылдан бастап білуші едім. Ол кезде Қарағанды политехникалық институтының машина жасау факультетінің бірінші курсында оқитынмын. «Бәрін де білсек» деп, жастық шарқұрып ізденіп жүрген шағымыз ғой. Қарағанды қаласында өтетін әдебиет пен өнер кештерінің бірде-бірін құр жібермейтінбіз. Ол кезде Евекеңді сыртынан жақсы танушы едім, бірақ кештерде бетпе-бет кездесе алмай жүрдім. Сол шақта студент қауымның арасында Евекең еліктеп, өлең, әңгіме жазып талаптанушы жастар көп болатын. Ол кісінің артық сөзді көтермейтін ғылыми жұмыспен жазушылықты және аудармашылық өнерді бір-бірімен үзеңгілес, үнемі ұштастыра жүргізуі біз секілді жастарды ерекше таңдандырады. Шіркін-ай, осындай да төгілмелі таланттар туа береді екен-ау деп ойлайтынбыз. Сол бір іңкөр көңіл мен оның әңгімесіне тоймайтынбыз.

1964 жылы Қазақстанда Өзбекстан әдебиеті мен мәдениетінің он күндігі өтіп жатқан кез еді. Қарағандыға Ғафур Гулям бастаған бір топ өзбек жазушылары келіпті деп естідік. Кеншілердің сарайында өтетін осы ақын-жазушылармен кездесуге соңғы лекцияны тастай салып, құйындай ұшып біз де келдік. Кездесу салтанаты басталып қойған екен. Ентігімізді басып ішке енсек, Евекең мінбеде нардай тұлғасымен өзбек ақын-жазушыларының құрметіне құттықтау сөз сөйлеп тұр екен. Ол кісінің баяу шыққан қоңыр дауысы, мәнерлі, мақамы терең тебіреніске толы толғаулы, төкпе ойлары тыңдаушы қауымды лезде ұйғытып әкетті. Бір мезгілде Өлішер Навоиден бастап, біз білмейтін өзбек ақындарының өлеңдері мен поэмаларынан жатқа үзінділер оқи бастады. Евекеңнің оқыған өлеңдерінің мазмұнына мән бергендігі сонша, біз алдымызда сол ақындар тұрғандай сезіндік.

Сол күні біз Евекеңнің өлең оқу мәдениетінің өте жоғары екенін көріп, сондай зор тұлғадан, жаныңды баурап әкетіп, нәзік сөзімдердің бұлағының шығуына өте таң қалдық. Содан бастап мен Евекең қатысқан әдебиет кештерінің бірде-бірін жібермеуге тырыстым. Әр кездесуден кейін Евекеңнің бойынан жаңа қасиет, жаңа ізгі белгілер табушы едік.

1969 жылғы қазан айының бір кешінде мен студенттерден үй жұмысын қабылдап отыр едім (ол кезде мен аты аталған институтта аспирант болатынмын), екі-үш қазақ жігіттері орындарында кипалақтап, маған жалт-жалт қарап отырды. Бір кезде біреуі:

– Ағай, бүгін біздің институтта химиялық элементтердің Д.И.Менделеев жасаған периодтық системасының 100 жылдығына арналған кеш болушы еді. Ол кеште Қазақ ССР Ғылым академиясының химия және металлургия ғылым-зерттеу институтының директоры Е.А.Бөкетов сөз сөйлеуші еді, соған бізді босатсаңыз екен, әйтпесе орын болмай қалады, — деп өтінді.

Мен бұл кеш туралы естіген жоқ едім. Бәріміз акт залына келдік. Келсек, шынында да халық көп жиналған. Отыратын орын болмай, бәріміз іргеге сүйеніп түрегеліп тұрдық. Кеш уақытында басталды. Евекең залдың алдыңғы есігінен кіріп келді де, халыққа ізет пен сәлем беріп, жайбарақат аспай-саспай жеке бір кісімен күнделікті жұмыс жайында әңгімелескен сияқты лек-

циясын бастады. Ол кісі Д.И.Менделеевтің өмірінің кейбір қызықты кезеңін сондай тартымды өңгімеледі.

Евекеннің Менделеев таблицасындағы осы кездегі сирек кездесетін металдар мен элементтерді болжаудың маңызы туралы ғылыми дәлелдермен айтқан өңгімесі, онымен қоса, осы күнгі заттардың құрамы туралы соңғы қағидалары, сондай түсінікті тілмен тыңдаушы халықты баурап алды.

1970 жылдың басында мен Москва қаласындағы құрлыс инженерлік институтында өтетін ғылыми конференцияға баяндама жасау үшін аэропортта билетімді тіркеуге кезекте тұр едім, таңғы сағат 4-тің кезі болатын, бір кезде арт жағымнан таныс дауыс естілді. Бұрылып қарасам, менің соңымнан 4-5 кісіден кейін Евекең кезекте тұр екен. Мен не істерімді білмей састым. Ол кісінің билетін алып тіркетуді, не болмаса кезегімді берудің жолын таппадым. Мен билетімді тіркеттім де, байқамаған кісіше шығарып салып тұрған жігіттермен сөреден әрірек барып тұрдық.

Евекең де билетін тіркетіп алды да, тура бізге қарай жүрді. Біз бәріміз де сасайық дедік. Ол кісі туралы пікір алысып та үлгері алмай қалдық. Евекең жанымызға келіп, жайдары жүзбен бәрімізбен қол ұстасып амандасты. Біз қатты қысылдық. Жөн сұрасып болған соң, Евекең: «Сыртқа шығып жүрейік» — деді.

Біз ол кісіге еріп сыртқа шықтық. Ол бізбен өте таныс кісідей, әрқайсымыздың жағдайымызды сұрап, немен шұғылданатынымызды біліп, көп әңгімелесті. Сөйтіп, тұрғанда, анықтама бюросынан біздің рейсіміздің үш сағатқа кешігетінін айтты. Шығарып тұрған жігіттер таңертең жұмыстарының бар екенін айтып қайтуға рұқсат сұрады.

Евекеңнің бойынан біз ешқандай тәкаппарлық мінез көре алмадық. Сөз орамында ол кісінің біздің келешегімізге деген қамқорлығының шынайы негізі білініп тұр. Сол күннен бастап Евекең екеуміз өте жақындасып кеттік.

Біз Евекең бәріміз 19-шы кварталда (Қарағанды қаласы) тұрушы едік. Жоғарыда айтып өткендей, сол біздің аулада өсіп келе жатқан жасөспірім жігіттердің бәрін Евекең сырттай билетін екен. Ол кісінің бізге сондай көңіл аударатынын біз байқамайтынбыз да.

Бірде мен Евекеңдермен көрші тұратын досым Момынов Мараттың үйіне бара жатыр едім, Евекең есігінің алдында отыр

скен. Ол кісі көрген соң, мен бұрылып келіп сәлем бердім. Аман-дасқаннан кейін Евекең де:

– Ой, батыр, сен көптен бері көрінбей жүрсің ғой, қайда жүрсің? — деп менен жағдайымды, оқу барысын (ол кезде аспирант болатынмын) сұрай бастады. Мен де жауап беріп жатырмын. Бір уақытта ол кісі мысқылмен маған қарап, «шаршап жүрген боларсың, жүр, барып суға шомылып келейік» деді. Мен іштей өте қуанып кеттім. Сөйтіп тұрғанда мен танымайтын екі жігіт келді (олар Евекеңнің аспиранты екен), бәріміз Федоровкадағы су қоймасына бардық. Сол жерде суға малтып, біраз демалғаннан кейін Евекең аспиранттарының тапсырмасын қалай орындағанын тексерді. Істелген жұмысты сұрау жағынан ол кісінің қаталдығын байқадым. Сол жерде аспиранттарының кейбір оғаш істеген жұмыстарын Евекең өте майда ізгілікпен, олардың шамын тимей түсіндіргені маған қатты ұнады.

Сол күні Евекең:

– Марат, көрші жігіттерге айт, суға түскілерің келсе, таңертеңгі 6-да біздің үйге келіндер, күнде таңертең шомылып тұрамыз, — деді.

Ертеңіне уәде бойынша спорт костюмімізді киіп, мен, Мамырбеков Аманхан (қазір Қарағанды политехникалық институтында кафедра меңгерушісі болып істейді), Момынов Марат (аты аталған институтта оқытушы), Игенбаев Боран (аты аталған институттың проблемалық лабораториясының бөлім бастығы) деген жігіттер Евекеңнің үйінің маңына келсек, ол кісі бізді күтіп тұр екен. Сәлемдескеннен кейін ол: «Ал, жігіттер, паркке дейін жүгірміз, сосын сондағы көлге біраз суға малтймыз» — деді.

Біз қысылыңқырап қалдық, себебі парк біз тұрған жерден бсс шақырымдай болтын, бірақ та ол кісінің алдында әлсіздік білдіруге болмайды. Біз еріп жүгіріп кеттік. Көл басында көзіміз қарауытып жеттік. Біраз денемізді жазып алғаннан кейін суға малтыдық, ол кісі бір сағаттай жүзді, бұл жерде Евекең бізді жүзгіштігімен қызықтырды.

Содан бастап біз Евекеңе еріп күнде жүгіріп, шомылып тұрдық. Біз оған еріп май айынан бастап октябрьдің соңғы күндеріне дейін суға түсіп жүрдік.

Кейін біздің жүгірмейтін кездеріміз де болып қалады. Ертеңіне Евекең судан қайтып келе жатқанымызда, «қарағым, бүгін

бойындағы суық терің кетіп жақсы болып қалды ғой» — деп, әзілдейді.

Евекең өзінің істеп жүрген творчестволық еңбектерімен бізді таныстырып отырады. Кей кездерде біздің пікірімізді де сұрайды. Мысалы, мен жұртшылыққа белгілі СССР-дің 50 жылдығы қарсаңында «Атан қомында туған адам және оның замандастары» деген очеркін қолжазба түрінде оқыдым. Осы очеркті жазған кезде Евекең ығи деректі материалдарға сүйенді. Осы очеркте Қанекеннің (Қаныш Сәтбаев) бейнесін берер кезінде Евекең екеуіміз Қарағандыда тұратын Қанекеннің туысы Біләлов Дінше деген қарттың үйіне талай бардық. Евекең қарттан Қанекеннің жүріс-тұрысын, мінезін өте ұқыптап сұрап, әрбір бойындағы қасиеттерінің кішкентай детальдарына дейін талдап сұрады. Бір тамашасы сол, очеркте Евекең бірақ рет жазды. Ол кісінің қолжазбасынан мен көп түзетулерді көрген емеспін. Сол күйінде басылып шықты.

Евекең жолда келе жатып жұмыс істей береді. Мен ол кісімен бірге жүрген кезімде жолшыбай өз аудармаларын қайта өңдеген кездерінің, не болмаса жаңа аудармалармен пұғылданып жүргенінің куәсі болдым. Кей кездерде ол өзімен бірге келе жатқан кісілерімен де пікір алысып отырады, кей кезде пікір таласы үлкен дискуссияға да айналып кетеді.

Міне, Евекең ер жігіттің жасы — елуге келді. Кемел дарын, кесек талант осынау елу жылдың биігіне жалпақ елді таңқалдырғандай ерекше екпінді еңбек үстінде келіп отыр. Бұл — еліміздің әйгілі азаматы болған Евекеңнің еңбек мерекесі. Ғұлама ғалымның ғылыми жұмысы жазушылықпен қатар жарыса жүріп жатыр. Ардақты ағамыздың алар асуларының бәрі әлі алда.

Жезқазған туы, 22 наурыз 1975 ж.

ХИМИК-ЛИРИК

Өткен өтті — сырынды
Енді кәне бүгіп көр
Класта оқып жырынды
Күлетін кей жігіттер.

Есте кекір сөздері
«Келе жатыр қос ақын».
Әйтсе дағы өздері
Бізге құлақ тосатын.

«Мың бір түннен» теруші ең
Алхимиктер аңызын,
Жыр ғып айтып беруші ең
Көргендей-ақ бар ізін.

О, қиялшыл балалық —
Өндір күнің, бал күнің.
Жылдар кетті аға ғып,
Жұрт танытын нарлығын.

Шексіз-шексіз әрісің,
Жатыр деме көрінбей.
Молекула сен үшін
Мыңғырған мал төліндей.

Жаңалыққа жан ғашық,
Ізденішке қиын жоқ,
Молекула алмасып,
Шығады тым бұйым боп.

Қолтаңбанды тани қап,
Деймін: «Әйдік, ірісің!»
Сен «Екінші табиғат»
Жасаушының бірісің.

Химиктердің тобында
Лирик болып сайрай бер.
Лириктердің тобында
Химик болып ойлай бер!

1967 жж.

Бүркіт Ысқақов

ҒЫЛЫМНЫҢ ҚИЫН ЖОЛЫМЕН...

Ғылыми совет мәжілісінен репортаж

1966 жылдың 10 қазаны. Москва қаласы. Ондағы Еңбек Қызыл Ту орденді болат және құймалар институтының кең мәжіліс залы. Зал толған адам. Көпшілігінің самай шаштарына ақ кірген, қасқа бас ғалымдар. Оның ішінде есімі бүкіл елімізге әйгілі физик, химик, металлург-ғалымдар да отыр. Бүгін осы залда Түсті және сирек кездесетін және радиоактивті металл кендерін қайта қорыту және байыту саласындағы еңбектері үшін, ғылыми дәрежелер берілетін Біріккен Ғылыми Советтің мәжілісі өтіп жатыр. Бұл жолы мұндай үлкен дәрежеден үміткер — қырықтың қырқасына жаңа шыққан қазақ ғалымы Евней Арыстанұлы Бөкетов болатын.

Бір кезде мәжіліс председателі — техника ғылымының докторы, профессор С.Ф.Кузькин Ғылыми Советтің мәжілісін ашық деп жариялап, Ғылыми Совет мүшелерін оның күн тәртібімен таныстырды.

— Күн тәртібінде бір-ақ мәселе, — деді ол. — Евней Арыстанұлы Бөкетовтің техника ғылымының докторы дәрежесін алу үшін «Мыс аралас электролит қалдықтарынан селен мен теллур тектерін ажырату» деген тақырыпта жазылған диссертациясын қорғау. Диссертанттың ресми оппоненттері: техника ғылымының докторы, профессор Н.Н.Севрюков, М.Д.Ивановский, Н.А.Суворовская, өндірістік байқаудан өткізген кәсіпорыны — Қыштым мыс электролитті заводы.

Күн тәртібі бекітілгеннен кейін Е.А.Бөкетов жөнінде ресми мәліметтер беру үшін сөз ғылыми секретарьға берілді. Ол диссертант жөнінде мынадай мәліметтерді хабарлады: Евней Арыстипұлы Бөкетов 1925 жылы туған. Ұлты — қазақ, әлеуметтік тегі кедей-шаруа. Партиялығы — 1949 жылдан КПСС мүшесі, білімі — жоғары дәрежелі. Ғылыми дәрежесі — техника ғылымының кандидаты. Қызметі — Қазақ ССР Ғылым Академиясының Қарағанды химия-металлургия институтының директоры. Ғылыми еңбегі, өнертапқыштық ұсыныстары — 90 баспатабақ ғылыми еңбегі, 16 мемлекеттік авторлық куәлігі бар.

Мұнан кейін сөз диссертант Е.А.Бөкетов жолдасқа берілді. Ол мәжіліске қатысушы ғалымдарды өз диссертациясының қысқаша мазмұнымен таныстырды. Мұнда айта кететін бір нәрсе: Е.А.Бөкетовтің диссертациясының, ондағы ашылған ғылыми жаңашылықтың мемлекеттік және өндірістік маңызы өте зор деп танылған болатын. Е.А.Бөкетовтің диссертациясы қатты талқыға түсіп, оған тосын да оқыс сұрақтар өте көп берілді. Ол сұрақтардың біразын келтірейік.

Сұрақ: Ленинград кен институтының осы мәселе жөніндегі әдісімен салыстырғанда сіздің жаңа әдісіңіздің артықшылығы мен кемшілігі неде?

Жауап: Артықшылығы — бізде — таза гидрометаллургиялық әдіс, ал оларда — пирометаллургиялық әдіс. Соңғысы шаң-тозаң жұтатын күрделі қондырғыларды керек етеді. Ал біз онысыз-ақ жұмыс істей аламыз. Кемшілігі — автоклавты қолданамыз. Бұл — мыс өнеркәсібінде әлі игерілмеген іс.

Сұрақ: Бұл жұмысыңыз қазір қандай кәсіпорындарда қолданылып жүр?

Жауап: Қыштым заводы мен Алтынтапқан комбинатында.

Сұрақ: Бұл жұмысты өндіріске енгізсе, одан қандай технологиялық және экономикалық көрсеткіштерге жетуге болады?

Жауап: Егер бір жылда 2000 тонна қалдық байытылатын болса, онда 600 мың сом үнем алуға болады.

Сұрақ: Қалдық пен соданы пісіру үшін қанша температура керек?

Жауап: 500–550 Цельсия градус.

Сұрақ: Элементарлық селенді 300 градусқа жуық температурада алуға бола ма?

Жауап: Селеннің өзін 240 градустық, ал элементарлық селенді 260 градустық температурада алуға болады.

Міне осы сияқты орынды да оқыс сұрақтардың бірталайы берілді. Бұл сұрақтардың оқыстығына қоса, олардың авторлары еліміздің белгілі ғалымдары, физика, химия, металлургия саласындағы аса ірі мамандар: В.А.Глембоцкий, А.И.Лайнер, И.Н.Плаксин, С.В.Дуденков екенін ескерсек, диссертант Е.А.Бөкетовтің қандай ауыр сыннан өткенін байқау қиын емес.

Мұнан кейін сөз ресми оппонент, техника ғылымдарының докторы, профессор Н.Н.Севрюковке, Н.А.Суворовскаяға, М.Д.Ивановский жолдастарға берілді. Олар диссертацияның ғылымға қосылған үлкен үлес екенін, өндіріске қыруар пайда тигізетінін айта келіп, былай деді:

– Е.А.Бөкетовтің еңбегі «Мыс аралас электролит қалдықтарынан селен мен теллур тектерін ажырату» деп аталады. Міне, осы бес-алты сөзде талантты оқымыстының 10 жылғы қажырлы еңбегі сиып тұр. Сонымен бірге түсті металды қорытқанда, қалдықта қалатын, өндіріске аса бағалы селен мен теллур тектерін, өзге де құнды жанама тектерді қорытып алу әдісі көрсетілген. Мысты тазартқан кезде пайда болатын бағалы аралық заттардан алынатын тектерді ғалым ұзақ жылдар бойы жете зерттеп, елеулі жаңалық ашқан. Оның бұл ғылыми жаңалығы біздің советтік техникалық ғылымымызға айтарлықтай елеулі үлес болып қосылмақ. Сонымен бірге халық шаруашылығына зор пайда келтірмек. Мемлекетке көп қаржы үнемделмек. Оның үстіне мұнда қаншама күрделі таблица, химиялық кесте, лабораториялық өлшеулер мен екшеулер берілген десеңізші! Міне диссертант Е.А.Бөкетов өзінің күнделікті сан қилы басшылық, ұйымдастырушылық, қоғамдық жұмыстарымен қатар институт лабораторияларында, еліміздің әралуан заводтарында бірқатар жыл ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, лабораториялық өндірістік тәжірибиелер жасаған. Осындай қажырлы, тиянақты, дәйекті еңбектің нәтижесінде үлкен ой түйінделіп, ірі ғылыми жаңалық ашылған. Е.А.Бөкетовтің бұл еңбегі оның авторына техника ғылымының докторы дәрежесін беруге әбден тұрарлық.

Ғылыми Совет мәжілісінде ресми оппоненттерден басқа ғалымдар да шығып сөйледі. Олардың ішінде техника ғылымдарының докторы, профессор В.А.Глембоцкий, А.Н.Зеликман, В.А.Классен, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі И.Н.Плаксин жолдастар болды. Олардың барлығы да Е.А.Бөкетовтің жазған диссертациясының техника ғылымының докторы дәрежесін беруге әбден болатынын айта келіп былай деді:

– Е.А.Бөкетов жолдасқа ғылыми доктор дәрежесін оның жалпы ғылыми еңбектерінің жиынтықтары үшін де беруге болатын еді. Бірақ ғалым бұл сияқты жеңіл жолды қаламады. Оның ғылымның қиын жолдарымен жүргісі келді. Ол селен мен теллурды жете зерттеп, бұл салада техникалық ғылымның өрісін кеңейтті. Ол сонымен бірге химия, металлургия саласында көп зерттеуді, әсіресе тікелей өндірісте сыннан өтуді талап ететін осы ғылыми жұмысын жүргізумен бірге бұл салада жазылған көптеген әдебиеттерді саралап, салыстырып шыққан. Оның осы салада пайдаланған, көзінен өткізген әдеби еңбектердің тізімінің өзі 320-ға жеткен. Ғалымның диссертациясы машинкаға басқанда 450 бет екен. Бұған 110 кесте, 99 сурет тіркелген. Демек, қыруар еңбек жасалған. Оған ғылым докторы дәрежесін беруге әбден қосыламыз.

Е.А.Бөкетовтің еңбегіне еліміздің көптеген аудандарынан, оның ішінде Қазақстан, Өзбекстан, Орал, Украина, Арменияның бірқатар ірі-ірі заводтарынан, әсіресе Балқаш, Алтынтапқан, Қызыл, Пышма, Алаверді, Елизавета, Норильск, Өскемен заводтарынан бұл еңбекті жоғары бағалаған пікірлер келді. Олар сонымен бірге өндіріске енгізген жаңалығы, кейбір техникалық процестерді жетілдіргені үшін Е.А.Бөкетовке мемлекеттік авторлық куәлік берді, мінездемелер берді. Оның үстіне ғалым еңбегіне еліміздің техникалық, оның ішінде металлургия, химия саласындағы ең алуан көрнекті институттарынан, Москва, Ленинград, Алматы, Свердловск, Киев, Ереван, Днепронетровск, Краснояр қаласының көрнекті ғалымдарынан келіп түскен байсалды да байыпты сипаттамалар өз алдына бір төбе. Бұлардың жалпы түйіні: докторлық диссертацияда мыс аралас электролит қалдықтарынан селен мен теллурды ажыратудың химиясы мен технологиясы жөнінде зор эксперименттік тәжірибелер жасалып, үлкен жаңалықтар ашылған. Селен мен теллурды біріктірудің фазалық талдау тәсілдері белгіленген. Сілті ертінділері арқылы автоклавтық жол-

мен теллуридтерді мыс қышқалымен тотықтандырудың кинетикасы зерттелген. Бұл процестердің термодинамикалық толық есептері жасалған. Оның үстіне ғалым бұл істе кең мағынадағы биік мәдениеттілігін көрсеткен. Диссертация авторы техника ғылымдарының докторы дәрежесін алуға барынша сай. Қортынды сөз сөйлеу үшін кезек диссертант Е.А.Бөкетовтің өзіне тиді. Ол сөзінде өзінің ғылыми еңбегін жазу, өндірісте байқау және қорғау жөнінде ақыл-кеңесімен, қимыл, әрекет-ісімен көмек көрсеткен ғалымдар мен өнеркәсіп қызметкерлеріне, осы диссертация жөнінде өздерінің пікірлерін жіберген ғылыми мекемелер мен кәсіпорындарына, сондай-ақ өздерінің көңілдерін бөліп, диссертацияны оқыған, қараған, сөйтіп өз ойларын ортаға салған ресми және ресми емес оппоненттерге, сондай-ақ өздерінің алтын уақыттарын бөліп, осында қатысып отырған Ғылыми Советтің барлық мүшелеріне шын жүректен алғысын айтты.

Құрамында профессор И.Н.Плаксин, В.А.Мокроусов және техника ғылымдарының кандидаты М.А.Колесникова бар есеп комиссиясы сайланды. Жасырын дауыс берудің нәрсесі мынаны көрсетті: Дауыс беруге 12 адам қатысқан. Диссертантқа техника ғылымының докторы атағын беру үшін 12 адам дауыс берген. Қарсы — жоқ. Бүлінген бюллетень де жоқ. Есеп комиссиясының протоколы бірауыздан бекітілді. Сөйтіп Москваның Еңбек Қызыл Ту орденді болат және құймалар институтының Түсті, сирек кездесетін және радиоактивті металл кендерін қайта қорыту және байыту саласындағы еңбектері үшін ғылыми дәрежелер беретін Біріккен Ғылыми Советтің мәжілісі Қазақ ССР Ғылым академиясының Қарағанды химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтының директоры, техника ғылымының кандидаты Евней Арыстанұлы Бөкетов жолдасқа «Мыс аралас электролит қалдықатрынан селен мен теллурды ажырату» деген тақырыпта қорғаған диссертациясы үшін техника ғылымының докторы дәрежесін беру жөнінде бірауыздан шешім қабылданды. Және Жоғары Аттестациялық Комиссияға осы қаулыны бекіту жөнінде ұсыныс жасалды.

Ғылыми советтің председателі — профессор С.П.Полькин.

Советтің ғылыми секретары — профессор М.Д.Ивановский.

10 қазан 1966 жыл.

Арада көп уақыт өтпей-ақ Жоғары Аттестациялық Комиссия (ВАК) Москваның Еңбек Қызыл Ту орденді болат және құймалар

институтының Біріккен Ғылыми Советінің жоғарыда аталған қаулысын қарап, бекітті. Сөйтіп қазақ ғалымы Евней Арыстанұлы Бөкетов жолдасқа техника ғылымдарының докторы деген ғылыми дәреже берілді.

Өмір жолына үңілсек...

Москва ғалымдары алдында өзін биік ұстап, олармен терезесі тең адамша сөйлесіп, өзінің білімді, мәдениетті, ғылымымен оларға өзін таныта білген Евней Арыстанұлы Бөкетов Есіл өзені жағасында, Айыртауға іргелес, Бағанаты-Сарыбұлақ дейтін жерде, ата-мекені — Алыпқаш ауылында дүниеге келді. Шаруашылығы шағын семьяда туып-өскен ол жастайынан тұрмыс тапшылығын көрді. 1931 жылы ата-анасы кәсіп іздеп, өмір қуып, Солтүстік Қазақстан облысының әуелі Төңкеріс, сонсоң Октябрь, кейін Сергеевка атанған ауданына көшіп барады. Бірақ бұл жерге де қоныс тебе алмай, жылжи-жылжи Қазақстан шекарасынан шығып, Қорған облысының Макушин ауданына жетеді. Міне осы Макушин ауданында, Малқазақ деп аталатын жерде, жеті жасқа жеткен Евней алғаш орыс мектебінің есігін ашады. Тұңғыш дәрісші мұғалимасы Августа Устиновна оны бірден ұнатып, өз қамқорлығына алады.

Евнейдің әкесі — Арыстан ақсақал көше-қона жүріп, біреудің етігін тігіп, екіншінің жұлығын жамап жүріп, баласын оқудан үзбейді. «Байғұстың бала оқытқан не теңі? Малға салып қоймай» деушілер де табылды. Содан не керек, Евней Бөкетов әуелі Макушин, сәл кейін Совет ауданы, ең ақырында, өз ауданы

Октябрьдың орталығы — Мариевка мектептерінде үзіп-жұлып жүріп, кісі қолында тұрып оқып, 1941 жылы 16 жасында 9 класты бітіреді. Дәл осы кезде неміс басқыншылары тұтқиылдан шабуыл жасап, ел басына ауыр күн туды. Ауыртпалық семьядағы баланың ең үлкені — Евнейдің басына түсті. Оның үстіне «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, 1942 жылы әкесі қайтыс болады.

Тоғызыншы класты әрі қарай оқуға жағдайы болмаған Евней біраз жыл ауыл-селолық жерлерде мұғалім болды. Сөйтіп қарт шасын, шиегтей жас інілерін асырап, сақтау қамына кірісті. Орыс мектебінің 9-шы класын үздік бітірген жас жігіт өзінің ой-өрісі, білім дәрежесі жағынан өзгелерден озық тұрды. Оның

оқытқан балаларының өздері өзіндей ересек жігіттер мен қыздар еді. Сөйтіп соғыс аяқталғанша Евней ауыл мұғалімі болып жүре берді. Бірақ өзінің «оқимын, жоғары дәрежелі білім аламын» деген арман-тілегін еш уақытта естен шығарған емес.

1945 жыл. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. Өшкені жанып, өлгені тірілгендей, қуанышты күн туды. Көпшіліктің көңілінде өмірге, өсуге деген үміт оты лаулады. Міне осы кезде өзінің іштей түйген арманын іске асыру үшін Евней сырттай дайындалып, 10-класс үшін екі-үш ай ішінде төтенше емтихан тапсырып, сол жылы Алматының кен-металлургия институтының металлургия факультетіне оқуға түсті. Жастайынан тұрмыс тепкісін көріп, өмір талқысында өскен, ыстық-суықты көрген жас жігіт, институт қабырғасында жүріп шыныға, ширай түсті. Ол институтта оқыған жылдары Челябинің мырыш, Красноуралдың мыс қорыту, Волхов алюминий заводтарында өндірістік тәжірибеден өтті. Бұл — оған екінші өмір мектебіндей болды.

1950 жыл. Бұл — Евней үшін ең бақытты жылдардың бірі еді. Ол сол жылы институтты ойдағыдай бітіріп, жеңіл және сирек кездесетін металдар кафедрасында аспирантурада қалдырылды. Профессор В.Д.Пономаревтың қарамағында болды. 1954 жылы Евней Арыстанұлы аспирантураны үздік бітіріп, сирек кездесетін металдарды зерттеу жөнінен сол жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясында техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Бұдан соң ол осы институтта кафедра ассистенті болды. 1956 жылы оған доцент атағы беріледі. Ал 1958 жылы институт директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Жас жігіттің үлкен ғылым ордасында жүріп, осындай жауапты қызметтерге жиі жоғарлауы — оның талапты, жігерлі, білімді, іскелік қабілетін айқын танытқандай.

1960 жыл. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Қарағанды химия-металлургия институты директорының креслосында ұзын бойлы, сом денелі бір адам отыр. Бұл — біздің бір кездегі қаршадай қара баламыз. — Евней Арыстанұлы Бөкетов еді. Ол осы жылы осы институтқа директор болып келген болатын. Өнеркәсіптің, өндірістің қалың ортасына орналасқан академияның өз орамынан оқшаулау, алысқа тіккен отаудай дербес отырған бұл жаңа да жауапты институтты басқаруға жас оқымыстының үлкен сеніммен жіберген академик Қаныш Сатбаевтің өзі болатын. Е.Бөкетов осы ин-

ститутты содан бері үздіксіз 10 жыл бойы басқарып келеді. Осы уақыт ішінде ол осы институтты көркейтпесе, оның сабасын ортайтқан жоқ. Мұндай қазір 500-ге жуық адам жұмыс істейді. Оның ішінде 400-дей ғылыми қызметкер, 4 ғылым докторы, 30-дан астам ғылым кандидаты бар. Соңғы төрт-бес жылдың ішінде институттың 20-ға жуық жас ғылыми қызметкерлері ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Соның бәріне де Евней Арыстанұлы ағалық қамқорлық жасап, ақыл-кеңес беріп, кейде рухани, кейде тіпті материалдық көмек көрсетіп отырды.

Евней — тек металлург-ғалым ғана емес, сонымен бірге әдебиет пен өнердің нәзік сырларын жетік білетін қалам қайраткері, екіншісі сөзбен айтқанда, «әрі физик, әрі лирик». Ол техникалық институтта оқып жүріп-ақ көркем әдебиет аудармасы мен сынына белсене араласқан, белгілі болгар жазушысы Иван Вазовтың «Бүгінде» романын, В.Маяковскийдің «Қандала» пьесасын, көрнекті француз жазушысы Эмиль Золяның әңгімелер жинағын, И.Василенконың «Артемка» повесін, С.Есениннің «Анна Снегина» атты поэмасын қазақ тіліне аударды. Сондай-ақ Маяковский шығармаларының қазақ тіліне аударылуы, жазушы Ф. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы жайлы талғамы күшті, таразысы әділ сын мақалалар жазды. Евней Арыстанұлы қазір көмірлі Қарағандының жас әдебиетшілеріне өзінің терең білімі, биік эстетикалық талғамы, нарасатты ақыл-кеңесімен ағалық жәрдемін көрсетуде.

1969 жыл. Бұл талайларға жаңа табыс, зор бақыт әкелген жыл. Бұл жылы қазақ ғалымы Евней Арыстанұлына да зор табыс, үлкен абырой, атақ әкелді. Ол осы жылы еліміздің ең жоғары сыйлықтарының бірі — СССР-дің Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 52 жылдығы қирсаңында, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі жанындағы СССР-дің ғылым мен техника саласындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі Комитеттің ұсынысын қарап, СССР-дің 1969 жылғы Мемлекеттік сыйлығын беру жөнінде қаулы қабылдады. Осы қаулы бойынша өзінің қызметес, әріптес бір топ жолдастарымен бірге Евней Арыстанұлы Бокетов те СССР-дің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты деген жоғары атаққа ие болды. Бұл атақ оларға оттегін қолдана отырып, мыс балқытуды күрт арттыру және шикізатты конверторлардан шыққан газдан рений өнімін және күкірт қышқылын ала отырып,

комплексті пайдалану жөніндегі технологиялық жаңа прогресшіл процестерді өзірлеуіні және өнiтiсiнi үшiн берiлдi.

Үлкен абырой, зор атак, биік дәреже. Олар ешкімге де оңайлықпен келмейді, қыруар еңбек пен қажырлы қызметтің арқасында ғана келеді. Және ол қиыншылықты қиындықпен келсе, соншалық баянды болмақ. Ғылымның қиын жолдарымен келген осы үлкен абыройлы, зор атак, биік дәрежеңіз бен басқа қонған бақытыңыз баянды болсын, құрметті Евней Арыстанұлы Бөкетов жолдас!

Бiлiм және еңбек № 1, 1970 ж.

Б.Қожахметов

«АТАН ҚОМЫНДА ТУҒАН АДАМ»

Қызықты тақырыпқа құлағы түрік ойлы оқырман одақтық ірі журналда жарияланған «Атан қомында туған адам» атты эссеге елең еткен еді, өйткені ондағы ұлттық бояу мен публицистикалық пафостың астасуы өз алдына, алдымен қазіргі қазақ интеллигенциясының толағай істері толайым қамтылған. Осы аттас жинақ сол эссенің беташарымен өлең, өнер, аударма мәселелерін талант торабына түйістіріп, «Жігітке өлең де — өнер, өнер де — өнер» дейтін осы заманғы оқырманның қолына қонды.

Авторын айтсақ, Евней Бөкетовтің есімін Одақ біледі — СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР ғылым академиясының академигі, СССР Жазушылар Одағының мүшесі, ал бізге болса, тіпті, таныс — Есіл топырағында туған төл азаматымыз ол.

Кітапқа алғысөз жазған филология ғылымдарының докторы Зейнолла Қабдоловтың сипаттамасы мынадай: «... Евней физика мен лириканы ешқашан бөле қараған емес, олардың Есіл мен Нұра секілді егіз деп білетін. Формулалар мен теоремаларды дәлелдеуге Пушкин айтқан «геометрияға керек шабытпен» кірісетін.

Химиялық реакцияларға тәжірибе жасап тұрып, Абай ақындығындағы тотының түгінде құшпырған «сөз химиясын» қатар пайымдаса, Менделеев кестесіне Маяковский «баспалдағымен» көтеріліп-түсіп жүретін. Ал Әуезовтің «Абайын» басына жастынып жататын».

Бұл — талантқа таңданғандықтан емес, танығандықтың белгісі. Сондықтан да оқырман атаулы «Атан қомында туған адам» сөреге түскен сәтінде-ақ қыл үстінен бөліп алғандай қолдан-қолға түсірместен қызыға оқу үстінде. Әсіресе, қазақ интеллигенциясы мақалында жазылған, қазақ прозасындағы шағын жанрдың соңғы табысы санатында тұрған эссе баршаның назарына ілікті.

Эссе эпиграфы И.С.Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романы кейіпкерінің аузынан шыққан «Атам менің жер жыртқан» деген сөзді сабақтап, А.Н.Некрасовтың «Басқа заман, өзге көрініс боларын мен сеземін» деген өлең жолдарынан түйін тапқан. Эссенің басталуы да осыған орайлас: «Мен қазақтың. Ата-бабам, үрім-бұтағым (қашаннан екенін кім білсін) мал баққан. Аға-іні, туыс-туғандарым қазір де мал бағады. Бұлар малды қуана, шабыттана бағады, өйткені қой бағып, қозы өсіру — елімізде ардақты мамандықтың бірі».

Иә, біз «жері малын асырап, малы елін асыраған елміз» (Ғ. Мүсірепов). Бірақ бүгінгідей зейнеті мол болмай, о кезде бейнеті басым еді ғой. Автор айтқандай, «соның зардабынан, мысалы, атақты Қобыланды батырдың қарындасы Қарлығаштан өрбіген онінші ұрпақ Қарақұл шопанның он төртінші баласы атан қомында туыпты». Жиырмамыншы ғасырдың дауылында дүниеге келген сол сәби — Ишанбай Қарақұлов қазір СССР және Қазақ ССР Медицина академияларының корреспондент-мүшесі, медицина ғылымының докторы, профессор, СССР және Қазақ ССР Жоғарғы Советтерінің депутаттары болып сайланған, тағы басқа да лауазымдары баршылық.

Е.Бөкетов аталмыш бейнелі тұлға арқылы Мұхтар Әуезов, Қипаш Сәтбаев, Әбікен Бектұров тәрізді тарлан ойшылардың орнын ортаға салады. Эссенің аяқталым тұсында автор кеше атан қомында туған, ал бүгін самолетте туған ескі мен жаңа перзенттеріні пайымдайды. Бұдан мынадай ой туады: кеше атан қомында туған — бүгін Отан жолында туған адам!

Бұл кітаптың алғы сөзі «Қазақ әдебиеті» газетінен мәлім — «Селен мен өлең» деген атынан аян. Металл мен поэзия қос қапталған қалай қосылды, — ол жағы да әдебиет әуесқойларына әйгіленген: өлең өнері — ғалымның үлкен машығы. Мұның мысалын «Бар болса жалғыз ақын ай астында, ардақтап қасиеттер мені әр күнде» деген Пушкин мен «Жердің жүзін жаңғыртып зор дауыспен» жыр жазған Маяковскийді жалғастырған «Қос алып» атты әдеби этюдтен көруге болады.

Кітаптағы «Тәржіма туралы ой» алдында айтарымыз: автордың өзі атақты аудармашы — Э.Золяның әңгімелері, И.Вазовтың «Бұғауда» романы, Маяковскийдің «Қандала» пьесасы деңіз немесе аты шыққан «Анна Снегина» мысалдың дәрісі. Осы орайда бір ғана деталь: Маяковскийдің «Хорошо» поэмасын «Жақсы» деп жаттанды қылмай, «Керемет» деп ат қойып, десе дегендей керемет келісімді тәржімалады. Ендеше Маяковский творчествосының тәржімасы туралы ойларының орынды болмағы, міне, осыдан.

Кітапқа енген «Жұлдыздар шоғыры», «Парасат, білім бұлағы», «Замандас жастар туралы» атты мақалалар да, өз тақырыптары атынан аңғарылғандай, Е.Бөкетовтің сан қырлы талантын талғам таразысына тартады. Содан да «Ғылым мен көркем әдебиетте ортақ қасиеттер көп: бақылау, салыстыру, зерттеу екеуіне деген», — деген Горький сөзімен ой қорытсақ құба-құп.

Асығат Темірбаев

ҒАЛЫМДАР ЕСІМІНДЕГІ ЖАҢАЛЫҚ НЕМЕСЕ БӨКЕТОВ-БАЕШОВ ӘДІСІ

Әрбір төрт жылда «Халькогендер мен халькогенидтер химиясы мен технологиясы» деген тақырыпта Бүкілодақтық кеңес Қазақ ССР Ғылым академиясының Қарағанды химия-металлургия институтында тұрақты түрде өткізіліп тұратын болып белгіленген. Мұндай құрметке білімнің осы саласында үздік деп та-

нылған зерттеу мекемесі ие болатыны белгілі. Алғашқы екі кеңес Евней Арыстанұлы Бөкетовтің басқаруымен өткен еді.

Енді кезекті Бүкілодақтық үшінші кеңес ашылады.

Қарағандының Дзержинский көшесіндегі ғылым ғимараты Қазақ ССР Ғылым академиясының химия-металлургия институты. Біз оның аналитикалық химия лабораториясының жетекшісі, химия ғылымының кандидаты Баешев Әбдуәлімен сұхбаттасып отырмыз. Қарапайым жігіт біздің сұрағандарымызға жауап пайтардан бұрын қарсы алдындағы сөре үстіндегі үлкен етіп жасалған атақты ғалым Евней Арыстанұлы Бөкетовтің бейне суретіне бір қарады. Әңгімесін қашан бастағанын ойда сақтағысы келген болар, қолындағы сағатына да көз салды. Мұның да сыры болса керек.

Иә, сонымен әңгімеміз ғылым өрісі, ғалымдар өмірі мен еңбегі жайынан өрбіді.

Адам әлемнің құпияларын ашуға талпына жүріп, көп нәрсеге көз жеткізді, көп нәрсені үйренді. Халық әрқашан да творчествоны таңдаулы топтың еншісіне тиетін нәрсе деп емес, әрбір істерді адалдықпен атқаратындардың ұлағатты игілігі деп есептеген. Халық даналығының қазынасына — мақалдар мен мәтелдер жинағына, ұлы ғұламалардың еңбегі, дарын, қайрат, іскерлік, құштарлық жайлы пікірлері тізілген кітаптарға, адам өмірі мен қызметіне байланысты дүниелердің бәр-бәріне үңіліп көріңізші. Сіздің алдыңыздан даналық сарайының есігі ашылып, өмірдің көл-көсір қағидалары жайылып шыға келеді.

Сан мың пікір мен ақыл-кеңестерді, ізгі тағлымдарды барлай, талдай келіп творчество дегеніміз — ең әуелі өзінді билеп ұстау, өмірдің сан қилы қақтығыстарында құламай, күйремей қияпатпен көріне беру екенін аңғарамыз. Ойлап қарасақ, бүгінгі істерді, ғұламалар өмірін уақыт артқа тастап, тарих еншісіне қалдырған сайын сол алыстан биіктеп көріне беретін адамдар болады екен. Біздің Қанышымыз да, Мұхтарымыз да, Евнейіміз де солай асқар көрінері анық.

1982 жылғы 22 қыркүйек. Қазақ ССР Ғылым академиясының Қарағанды химия-металлургия институтында халькогендер мен халькогенидтер химиясы мен технологиясы мәселесіне арналған Бүкілодақтық кеңес басталды. Беташар баяндаманы Москвадан келген әйгілі академик, Социалистік Еңбек Ері Виктор Иванович

Спицын жасап тұрды. Солон, толур, күкірт элементтері және олардың қосылыстары сияқты химиялық заттардың сырын көл-көсір ақтара сөйлеген ғалым анда-санда Евней отырған алқа төріне қарап қояды. Қазақ ғалымы «құптап отыр ма екен», дегені болар. Үзіліске шыққан сәтінде әлгі ғалым Евнейдің сол жағына жана-наса келіп қолтықтап:

— Зиялы көпке химия ғылымының бүгінгі өрісі, ашылып жатқан сырлары жөнінде бірдеңелер берсек, үлкен шаруа тындырды, деп есептеуге болады, — деп сыр тарта сөйлегенін естіген едік.

— Бұл ғылымның берекесін сұлу сөзбен емес, былайша айтқанда, өндірісшілер тілімен жеткіздіңіз ғой, — деген Евней Арыстанұлының айтқанына әлгі ғалым марқайып қалған. Үзіліске шыққан қалың нөпір көпшілік арасында қатарласып бара жатқан сұңғақ бойлы екі ғалымға сұқтана қараған, қадалған көздер аз емес еді. Осы сәтте маң даланың маңғазы анағұрлым еңселі де көпшелі көрініп бара жатты...

Кемеңгер адамдар қатарына кімдер жататынын бірден айту қиын сияқты. Дегенмен, бұл жөніндегі пікірлерді талдайтын тамаша статистикалық тұжырымдар жоқ емес. Ғұлама атағына төрт жүздей адам іліккен екен. Әрине, көп жылдық тарихы бар цивилизация үшін бұл көп емес шығар. Негізінде бүкіл адамзаттан әр он жылдыққа туатын кемеңгерлер саны біреуден аспайды екен, кейде ол да болмай қалады. Демек, кемеңгер өте сирек шығады.

Бірақ сондай кемеңгерлерге кезінде өмірдің қатал қиястығы да, тіпті құдіретті креслода отырған кейбіреулердің көрсетер құқайлары да аз болмаса керек. Сондайда аяулы да, қимастың да құрбан болып кете барады. Артынан өзекті өртеген жалын шарпып, ащы запыран ақтарылды. Осы неліктен екен?

Отыз бес жастағы Евнейді Қарағанды қаласында ұйымдас-тырылып жатқан жаңа ғылыми-зерттеу институтын басқаруға жіберу де ғалымдық көрегендік еді. Оның осы зеректігін тап бастап, құлай таныған адам — Қазақ академиясының тұңғыш президенті, сан қырлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтпаев екені мәлім ғой.

Химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтының бүкіл шаруасын және өзінің зерттеу жұмыстарын жеделдете жүргізген Евней Арыстанұлы алты жылдан соң ғылым докторы болған. Ғалымның өзі жасап, өндіріске енгізген жаңалықтары Орталық Қазақ-

станның металлургтеріне, химиктеріне, байытушыларына жеңілдік беріп, оларды сирек металдарды үстемелей өндіруге ынталандыра берген. Мыс рудаларын сұрыптаудың ғалым ұсынған технологиясы Балқаш кен-металлургия комбинатының тасын өрге домалатты. Metallургия саласындағы осы үздік технологияның авторы Евней Арыстанұлына СССР Мемлекеттік сыйлығының берілуін бүкіл ел еңбекшілері, ғалымдар ортасы әділ деп қостаған.

Ақылдың күші оттан да, судан да басым дейтін ғалым бар болмысымен ғылым мен өндірістің байланысын нығайтуға бағытталған жұмыс үстінде болып, тынбайтын толғаныспен күн кешкен. Сол толғаныстарда жылт еткен үміт оты тұтанады, енді бірде ешқандай нышан бермейтін сәттерді талай бастан кешірді. Бірақ табанды ғалымға тоқырау да, тоқтау да, шайлығы да жат болған. Ойткені ғылым тарихы, бүгінгі халық сұранысы ғалымға бар үмітін де, ауыр жүгін де артады. Соларды шешер жолдарды тап! Түсті, асыл және сирек металдар химиясы мен металлургия саласындағы шашыранды элементтерді бөліп алудың, рудалар мен концентраттарды өндеудің пайдалы шаралары мен ұтымды жолдары Евней Арыстанұлының әмірімен өндіріске келген.

Дарынды ғалымның басқаруымен химия-металлургия институтында шоғырланған ғалымдар алуан түрлі зерттеулер жүргізіп жатқан кездерінде тұйыққа тірелген күндер де болды. Әсіресе, қара және түсті металлургияның аса көп қалдықтарын ұқсату проблемасын кезінде Евней Арыстанұлы мен шәкірті, қазіргі Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық Қазақстан бөлімшесінің академик-секретары Жантөре Нұрланұлы қолдаса жүріп шешіп, термомагнитті байыту тәсілдерін жасады, жаңа өндіріске жол ашты. Кейін жан-жақты зерттелген осы проблемалар төңірегінде талай кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Ғалымдар ұсынған зерттеулер мен шаралар бойынша Канададан, АҚШ-тан, Австралиядан, Швециядан, ФРГ-дан патент алынды.

Қазір химия-металлургия институтында жетекші ғалымдардың жаңа легінің көрінуіне алдымен өзіне, сонсоң өзгелерге қатаң талап қойған Евней тәрбиесі негіз болды. Жас ғалымдар жауыптан кейін көтерілген көк желектей құнарлана, құлпыра өркен жайып келеді. Олар айдын өріске құлаш ұрады. Құлпырғаны емей немене, ғалым шәкірттерінің бірі — Әбдуәлі Баешев соңғы бірнеше жылдан бері «Мыс және фосфор қоспаларын өндеудің

электрохимиялық процестерін интенсифициру» проблемасын шешумен айналысып келеді. Осы зерттеулер бойынша жас ғалымның қолынан жүзден астам ғылыми еңбектері дүниеге келді. Ал үздік мәні бар жиырмадан астам ғылыми жаңалығының көпшілігіне арнаулы авторлық куәлік алып отыр. Әрине, арнаулы куәліктер мемлекеттік дәрежедегі сарапшылар алқасының шешімі мен берілері белгілі. Автордың бір жаңалығына сондай куәлік небәрі бір айлық мерзімде берілді. Бұл іргелі зерттеудің биік белесі мен шығар өрісін білдірсе керек. Мұндай жағдай институт қалыптасқан бергі тарихында болған емес-ті.

Қызылорда облысының Жаңақорған станциясындағы хат танымайтын ұста Бәйештің баласы Әбдуәлі таяуда Вильнюс қаласында өткізілген «Халықаралық электрохимия қоғамының» 37-ші симпозиумы мен Бас ассамблеясына қатысып келді. Ал республикалық, бүкілодақтық дәрежедегі конференцияларда, химик ғалымдардың әлемдік форумдарында, XI–XII Менделеев съездерінде жас ғалымның зерттеулері мен шешімдеріне назар аударылуы тіптен тегін емес.

Жер қойнауындағы қазыналар өз сырын оңайлықпен ашпайды да, игілігін емін-еркін бере де қоймайды. Олармен батыл «сөйлесіп», құпиясын ашатын ғалымдар мен өндірісшілер. Абзал да адал жүректі үлкен ғалымның жетекшілігімен Әбдуәлі «Фосфор шламындағы фосфорды анықтау» проблемасын шеше келіп Жамбыл өндірістік химия бірлестігінің жұмысын жеделдетуге жол көрсеткен. Егер «Ылдидадан келіп — өр менікі, есіктен келіп — төр менікі» десе, бұл жас ғалым үшін албырттық та, ағаттық та болар еді. Жоқ, бұл Евнейдей ағадан үлгі мен дәріс алған жігітке жат әдет. Барша шәкірттің туған баласындай көрген ғұлама ұстаздан оқшауланып, өз мерейін өсіруден аулақ болған Әбдуәлі де, бүкіл коллектив те СССР Өнер табыстар мен жаңалықтар жөніндегі Мемлекеттік комитеттен ашылған жаңалыққа академик Бөкетовтің есімін беруді сұраған. Әрбір адам қоғамдағы орнымен, сіңірген еңбегімен бағаланады ғой. Осы принцип бойынша Мемлекеттік комитет жаңалыққа «Фосфор шламындағы фосфорды анықтаудың Бөкетов — Басшев әдісі» деп айдар тақты.

Ғылымның өндіргіш жетекшісі күшке айналуын негізге алған ұстаз Евней мен шәкірт Әбдуәлі ақыл қоса, қолдаса жүрген шақтарында талай ғылыми идеялар жөнінде толғаныс пен талас

көзектескен күндер өткізген, өз ойларын нақты дәлелдермен өрбітуді мұрат еткен жас ғалым шламдағы фосфор қосындыларының көрінуі заңдылықтарына байланысты жаңа құбылыстарды ашты. Химиялық процеске түскен кезде фосфордан күрделі, кейде шәлкес «мінездердің байқалып отырады. Әбдуәлі сол мінездердің аса нәзік құбылыстарын түбегейлі зерттеумен айналысып жүр. Қазіргі уақытта күрделі құрамдардың өзінен фосфорды анықтаудың жаңа тәсілі дүниеге келіп отыр».

Ғалымның лабораториясында болғанда оның жүргізіп жатқан зерттеу бағыттарының алуан түрлі екенін аңғарасыз. Лабораториядағы адамдар Әбдуәлінің басқаруымен ұнтақ материалдардың электрохимиялық еруі, тотықсыздануы қиын аниондарды қалпына келтіру, мыс электродындағы электрондық процестер мәселесін жан-жақты зерттеу үстінде.

Әдетте, еңбек процесіндегі жаңа тәсіл өндіріске ерекше екініді. Осындай бір серпіліс берген бір жаңалық — фосфор шламынан мыс фосфидін алуға байланысты еді. Енді мыс фосфиді сваркалау мен дөнекерлеу кезінде қолданылатын күмісті алмастарын аса құнды зат ретінде танылып отыр.

Мынау зымыран заманда ғалымдар толғанатын, қолға алатын, әлі сырына үңіле түскен проблемалар қаншама десеңізші! Бүгінде бөлме ішіндегі температура жағдайында аса жоғары өтініптік қасиетке ие болатын металдар жасау — физиканың мойнына артылып отырса, химияның көтерер жүгі де ауырлай түсті. Бұл саладағы ғалымдар қалаған, қажет болған қасиет пен сипаны дереу бойына сіңіре алатын полимерлерді қолдан жасап шығара бастады. Қазіргі уақытта әрбір қарапайым істен күрделі проблемаларды шешуге жіті кірісу, шешу ісі де Әбдуәлі Баешевтың бүгінгі бағалы зерттеулеріне тән сипатқа айналған. Жер-ананың қазынасы да, берері де шексіз емес қой. Ғалым енді «байытуы қиын рудаларды ұқсату» (қазір рудалар құрамы бұған дейін қортылған рудадағы қалдықтармен шамалас болып барады) мәселесімен көбірек айналысып отыр. Сібір рудаларынан мыс шудың технологиясын жасап шығару міндеті алға қойылғанда біздің жерлесімізге ерекше үміт артылып отырғаны қуантпай ма?

Ғылыми күштерді жетілдіріп, толықтырып отыруды ұстазы Івней Арыстанұлынан үйренген Әбдуәлі талантты жеткіншектерді топтастырып, баулып, мәпелеп өсіріп келеді. Осы орайдағы

оның ойлары мен мақсатын жүзеге асыратын бір шара жыл сайын өткізіліп тұратын «Ең таңдаулы жас зерттеуші» атағын алуға арналған конкурс. Сол тайталаспен жарыста ғалымның Болат Қожакөв, Қанат Әбішев, Әмина Бейбітова, Ира Фигуринайте, Мұрат Досбаев сияқты қара үзіп алға шыққан шәкірттері бар Әбдуәлінің жетекшілігімен соңғы жылы екі талапты жас кандидаттық диссертацияларына іргелі зерттеулерді арқау етіп, химияның бір-бір мәселесін шешті.

Белді де бедерлі еңбегімен көрініп келе жатқан ғалымның ғылым түскенге дейін бұралаң соқпақтардан, кедергілерден өтуіне тура келген. Химия ғылымдарының докторы, қазір Башқұрт АССР-нің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері Равиль Сәмитұлы Вахидов, қазір Қарағанды органикалық синтез және көмір химиясы институтының директоры Мұрат Жұрынұлы Шымкенттің химия-технология институтында оқытушы болған кездерінде, 1969 жылы институт бітірген Әбдуәліге ғылыммен шұғылдануға мүмкіндік беру жөнінде ректоратқа кеңес еткен. Бірақ ілгері басқанды етекпен тартқандар мен өзіншілдік өзегіне ұялағандар көнекті сырттан салып, оң қабақ бермеген. Содан соң Әбдуәлінің табан тіреген мекені — Петропавл қаласындағы бір завод еді. Онда инженер-технолог болған.

— Өсер жасты қолдауға өрем де, беделім де жетпеген болар, — деп өзін айыпты санаған бапшұрт ғалым шәкіртке Евней Арыстанұлы бір жолығуды зор аманат етті.

Бір жылдан кейін Әбдуәлінің Қарағанды ғалымымен дидарласу сәті түсті. Туған жерін, ата-анасын, олардың кәсібін сұрай отырып, жас жігіттің жан дүниесіне үңілген психолог ғалым:

— Қарағым, мұнда келгеніңе өкінбейтін боларсың. Қазір тағы бір адамдар келеді. Кең әңгімелесеміз, — деді Евней. Химия төңірегінде болған әңгіме жарты сағатқа созылды.

Дидирынан биік парасат пен адамгершілік қасиеттері сыртқа теуіп күлімдеген Евней Арыстанұлы орнынан ошарлана көтеріліп келіп, жас жігіттің иығына қолын артты да:

— Бәрекелді, енді біз бірге «химия дөңгелегін» айналдыратын боламыз, — деді.

Бір кезде қағажуға тап болған жігіт осындай «қамқоршы ағаға кездесемін, демеу аламын, қанағаттанамын» деп ойламап еді. Арман асуына апарар жол да, бақыт та басталды...

Санамен табысып, бір-бірін іштей ұғысқан ұстаз бен шәкірт ғылымның қиян соқпақтарымен өрмелеп келе жатты...

Баршаға сыйлы аға, асқар ғалым Евней Арыстанұлының еңбек үстіндегі дағдысын жадына тұтқан Әбдуәлі:

– Осы институттың 212 бөлмесіндегі менің қызмет столым ар аптаның сәрсенбісінде ұстазымның иелігіне көшетін. Бұл күні ол екі-үш сағат бойы аспиранттармен әңгімелесіп, ғылыми жұмыстардың жоспарларын айқындай түсер еді. Бұдан кейін әркім жолініп, жаңа құлшыныс пен жігер алғандай болатын, — дейді.

Табиғат мейлінше шебер мүсінші ғой. Әрбір адамның өзіне тән ерекшелігі, әрқилы әрекеті бар. Соған қарамастан кейбір адамдардың өмірінде, еңбек пен өнерге құштарлығында ғажайып ұқсастық байқалады. Әлде бұл әлі сыры ашылмаған заңдылық па екен?

Техникалық ғылым саласындағы үркердей Евней Арыстанұлы әдебиет әлемінде де жүйрік көрінетін. Зерделі көпшілік ортасында ізгілікке мезгейтін ойларын інжу сөздермен жеткізгенде:

Білімі мол алады қолмен епті,

Шыңнан лағыл — теңізден меруертті.

деп шығыс әлемінің поэзия аспанында жарқырап тұрған жеті жұлдыздың бірі — Низамидің осы бір рубаятын айтар еді. Туған ана тіліміздің сәнін келтіре, салмағын арттыра сөйлейтіні көпке мәлім. Өзге тілдегі талай әдеби дүниелердің сырын жетік ұқты. И.Маяковскийдің, С.Есениннің, В.Шекспирдің шығармаларына қизақша тіл бітірді. Әдебиет пен өнер — адамның ойда сақтау қабілетін ұзартады, дейтін пікірді қостағандығынан ба екен, Евней Арыстанұлы екі тілде поэзиялық үзінділерді жатқа баяндайтын.

Міне осындай құбылыс жас ғалым Әбдуәлі Бәшпов өмірінен де байқалады. Өнер әлеміне ынталанған бір кездегі шәкірттер, қазір Роза Рымбаеваның орындауындағы «Әлия» әнінің авторы Сәйдолла Бәйтерекөв пен «Дос-Мұқасан» ансамбліні алғаш ұйымдастырушы ынтагер Досым Сүлеевтермен бірге, бүгінгі танымал ғылым Әбдуәлі бала кездерінде музыка мектебінен сабақ та алып көрген. Әр салаға құлаш ұрған жастық шағында «Өмірімнің жұлдызы» деген ән нотасын жаза тұрса да Әбдуәлінің химия қызығы өміне тартты. Мектепте сабақ беретін ағалары Әбілақ пен Пазылақтың химия сырлары жөнінде айтқандары жас жүрегіне қонақ-тай беріпті.

Зерттеу соңында сарылумен талай сағатты өткізгеннен кейінгі тыныс шағында қолына домбыраны немесе баянды алған ғалым өз ойын сергітеді. Сол кезде оның саусақтары пернелерді көз ілеспей жорғалап, ән әуендерін толқытады. Тәттімбеттің «Сары жайлау», «Сылқылдақ», Құрманғазының «Ақсақ киік», «Адай», Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғау» күйлерін, Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде», «Бурабай» әндерін домбырада шертен ғалым өзіне де, өзгелерді де сұлу сезімге бөлейді. Бұл ұстазға еліктеген шәкіртке жарасып-ақ тұр.

Бірсыпыра уақытқа созылған әңгімеміз аяқтала бергенде хикмик ғалым Әбдуәлі Баешев алдында тұрған сөре үстіндегі ұстаз бейнесіне бір қарадыдағы сағатына да көз салды. Күтпеген сұрақ арқылы мұның да сырын қанып едік. Ғалымның қолындағы алтын сағаттан «Моему ученику Абдуалию. Е.А. 26. IV. 75.» сөздерді оқыдық.

– Бір ғылыми жұмысты өндірісте дәйектеу мақсатында 1975 жылы сәуір айында Оңтүстік облыстарда арнаулы командировқада болдық. Шаруамыз тез алға басты. Сонда бір ғалым менің ұстазымның еңбегіне ризалық белгісі ретінде оған сағат сыйлады. «Екі академиктің эстафетасын сен ал», деп сол сағатты Евней Арыстанұлы менің қолыма салды. Бұл сағатты тыңдағанда ұлағатты ұстазымның соғып тұрған жүрек дүрсілін сезгендей боламын.

Ал мына сурет ұстазымның еңбектегі табандылығы мен ұшқырлығын, байсалды байыптылығын еске түсіреді, — деп Әбдуәлі Баешев орнынан көтерілді.

Иә, жас ғалымның ертең қолға алар істері мен ғылыми идеялары бар еді.

Орталық Қазақстан

ТӘЛІМІ ДЕ, ТАҒЛЫМЫ ДА МОЛ ЕДІ...

Әлбетте нағыз дарын иелерінің орны бөлек. Олардың қайсысын алсаңыз да жарық жұлдыздай жарқ етіп, бірден көзге шалынды, артында із қалдырады. Академик Евней Арыстанұлы Бөкетов те осындай тәлім, тағлымы мол жанның бірі еді.

Евней Арыстанұлы есімімен студент кезімізде сырттай таныстық. Мерзімді баспасөз беттерінен әдеби сын мақалалары жиі басылып жүрді. Театрларда жаңа пьесалар қойыла қалса да, немесе жас авторлардың дүниелері жарық көре қалған күнде де ілешала үн қосып, пікір білдіре қоятын. Жазған мақалаларын жібермей оқып, батыл байлам, тың теңеу, зерделі пайымдауларына іштей сүйсінетінбіз. Ойы сергек, қаламы жүйрік, түйгені де көп сенімтал әдебиетші ғой сірә — деп топшылайтынбыз. Жолығып танысуға құмартатынбыз.

Осылай сырттай сыйласып, ұнатып жүрген Евней Бөкетовіміз аяқ астынан екінші бір қырынан көрінді. Аударма жағынан да күр алақан емес екен. Орыстың Маяковский тәрізді әйгілі ақын-жазушыларының өлеңдері мен әңгімелерін қазақшалауға қатысты. Бірінші кітап шығарды. Бұл еңбектері де елеусіз қалған жоқ. Сын пікірлер жазылып, жақсы бағаланды. Әдебиет зерттеушісі ғана емес, жазушылық қабілетін де байқатты.

Алайда мұнан кейін танымал авторымыздан көз жазып қалдық. Газет, журнал беттерін қайта-қайта ашып қарасақта жазған дүниелерін кездестіре алмайтын болдық. Сұрастырып білсек Евней Бөкетовтің негізгі мамандығы химик-металлург болып шықты. Сол мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қоғал, Қарағанды қаласындағы Химия-металлургия ғылыми зерттеу институтына қызметке кеткен екен.

Арада осылай үзіліс салып, негізгі мамандығына көз жеткізбесімізбен, Евней Арыстанұлы көңілімізге зерделі әдебиетші ретінде қала берді. Бұл сенімімізден еш қателеспеген екенбіз. Ұшпаң да, өнеге де өмір. Әдебиетті жастайынан жаны қалаған руханилығы болса керек, өмір бойы сусындап өткенін көзіміз көрді.

Бергін келе Евней Арыстанұлымен танысып, аз-кем араластым да. Оның бір сәті күні бүгінгідей есімде.

Көкше баурайында тынығып жүрген едік. Сол шақта Евней Арыстанұлы да жанұясымен бірге демалысқа келе қалды. Жақсы адам бейне магнит тәрізді. Маңайындағылардың бәрін өзіне тар-тып тұрады деген сөз рас екен. Қашан көрсеңіз де қасында толы адам. Суға түсіп шомылып, көл жағалап қыдырып дегендей, айтқан әңгімелерін ұйып тыңдайтынбыз.

«Ерден ердің несі артық, ептестірген сөзі артық». Сонда жанында араласып жүргенімізде ағаның парасаттылығымен білім-дарлығына тағы да айқын көзіміз жетті. Үлкендердің арасында кішілігі сезілмейді, кішілердің арасында үлкендігі білінбейді. Өзін сондай қарапайым ұстайтын. Тартымды әңгіме жарасымды әзіл күлкісімен қасындағы адамдардың көңілінен шықты да жүреді. Қазақша да, орысша да бірінен-бірін асыра шебер, шешен сөйлейді. Өлеңге де ұста, әнге де үйір. Евгений Онегин дастанын жатқа соққанда, қасында отырған орыс ағайындардың өзін тан қалдырады. Абай атамыз бен Мағжан Жұмабаевтың да көп өлеңдерін жатқа біледі.

Бәрін бірдей қалай жаттай бергенсің? Қалай ұмытпағаның деп сұрақ қоюшыларға, — Мен орыс мектебінде оқыдым ғой. Қазақ баласы ешнәрсе білмейді, — деп күліп жүрмесін, — деп орыс жолдастарымнан асып түспесем қалыс қалмауға тырыстым. Намысқа шаптым. Соның әсері болар сабағымды да жақсы оқыдым. Тақпақ жаттап, өлең айтып, сурет салып дегендей өнердің қай саласына болса да жақын жүрдім. Өсе келе ой өрісімді кеңейтуге кәдімгідей көмегі тиді.

Бұл сөзінің жаны бар еді. Ғылым жолына түсіп, әйгілі металлург ғалым атанса да өзінің жас шағынан етене араласқан кәсібіне қол үзіп көрген жоқ. Өзіміздің республикалық басылымдарды былай қойғанда Москвадан шығатын «Знамя», «Молодая гвардия» журналдарында, «Литературная газетада» талай-талай көлемді мақалалары очерктері жарияланды. Әдеби естелік кітаптарын шығарды. Жастарға жан-жақты жүйелі білім беріп, іскер мамандар даярлау жөнінде келелі мәселелер көтерді.

Жастарға деген жақындығын Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болып қызмет істеп жүрген кезінде де айрықша көрсетті. Университет студенттері өз мамандықтары

бойынша терең білім алып қана қоймай, көркем өнер саласында да талай жақсы істердің жаршысы болды. Студенттік газет-журнал шығарылды, жас ақындар айтысы өткізілді. Евней Арыстанұлының қызмет үстінде бос уақыты мүлде бола қоймайтын. Бірде демалыс күнінде ертеңгілік, үйіне барып әңгімелесуге де тура келді. Ғалымның соңынан еріп жұмыс бөлмесіне мен де ендім. Стол үстінде жатқан қалың қолжазба көзіме шалына кетті. Ащының дәмін татқан біледі. Қиыннан қиыстырып сан толғанғанда ғана қағаз бетіне әрең деп түсетін сыр сандығы ғой бұл. Көңілге бір түрлі жылы ұшырай кетті. Қайта-қайта қарай бердім. Менің осы көңіл күйімді ғалым да сезіп қалды-ау деймін. Сөз желісін бірден сабақтап алып кетті.

Үн таспасына жазылған әңгімесі

Бокетов: Жазушылар одағы сыйлап мені мүшелігіне қабылдағаннан бері жазыңқырап, әдебиет әлеміне араласып жүрмін. Әсіресе көңіл аударып жүргенім Сәтбаев Қанекен марқұмның өмір тарихы. Үлкен ғалымның өмір тарихын жазу оңай емес. Ойткені, әдеби шығармада автор қашан да психологиялық бейнелуге келгенде өзін жазама деп ойлаймын.

Сондықтан Қанекен сияқты ойы күрделі, атқарған қызметі кеменгерге лайық адамдар туралы жазу жеңілге соқпайды екен. Ол кісінің психологиясының шыңырауына жету деген қиын нәрсе шығар. Бірақ сол психологиялық шыңырауды маңайлауға бола ма деген оймен еңбектеніп жүрмін. Жанр жағынан Жизлге лайықты бола ма деп ойлаймын. Ойткені, егтеп Қанекеннің өмірінің фактілерін аламын да ол фактілер неге олай болды деген талқылауға келемін. Талқылауға келгенде бір енді көркемдік бейнелер беруге тырысамын. Осыған байланысты ішінде әлгі көркемдік ойдан туған жағдайлар болып қалатын түрі бар. Сондықтан тек фактісін беріп қана қоймай, фактілерді көркемдей түсуді мақсат етемін. Бірақ жазғаным сыннан әлі өткен жоқ. Басқа жазып жүрген жігіттер бар. Олардан ілгері, әлде кейін қалып қоямын ба, ол жағын әзірге білмеймін.

Тіліші: Әрине, арамыздағы әйгілі химик-металлург ғалымдардың, академиктердің жазушы, әдебиетші атанып жүргендері некен сияқ. Саусақпен санап аларлық. Алайда озық ойлы ғалымдардың бәріне тән қасиет, олар әдебиет, мәдениетпен өмір бойы достасып, жақындасып өткен. Халықтың ғасырлар бойғы жинаған мұрасы-

мен сусындаған. Оны өмірдің қыры мен сырын түсінетін шежіре деп өз мамандығының қолқанаты, жәрдемшісі деп санаған ғой.

Бөкетов: (Үн таспа). Ғылым мен өнер жүрек және өкпе сияқты өзара тығыз байланысты. Егер бірі болмаса, екіншісі дұрыс қызмет атқара алмайды. Мәдениеттілікке ие болу үшін әрине көп оқу керек. Мысалы мен ойлаймын, Пушкин мен Абайды оқымаған ғалым, Пушкин мен Абайды жатқа білмеген ғалым ол қалай өз мамандығында жетіген адам болса да, нағыз маман бола алмайды. Ал парасаттылығын да маңайындығы адамға көрсете алмайды деп есептеймін.

Ал үлкен ғалымдардың қайсысы болса да кеңінен толғана білген адамдар ғой. Менделеев көбейту таблицасын ашқан үлкен ғалымдардың бірі. 17 шетел ғылым академиясының толық мүшесі болған адам. Бірақ сол Менделеевтің көркем суреттері сыңға алатын үлкен сыншы болғанын жұрттың бәрі біле бермеуі мүмкін. Менделеев сонымен бірге көкем шығармаларға да жақсылап сын жазған кісі. Шеңбері кең болған кісі.

Ал, Эйнштейнді алсақ, үлкен музыкант болған. Ғылыми ойланып толғануда поэзия элементі бар. Шын ғылым мен шын музыка үнемі ойланып толғануды тілейді. Екеуінің де түбірі бір дейді ғалым. Жалпы шығармашылықтың түбірі бір. Бірақ қай ғалым болса да өзінің маңайындағы творчестволық қызметін сезіне білуі керек. Сезіне білгенде түбірі бірлік арқылы сезіне білсе творчествоның басты саласын да сыйлайтын болады. Қазіргі ғылымда Ломоносов сияқты бәрін кеңінен қамтуға болмайды. Ал бірақ білімнің қай саласында істесең де мәдениетті болуың қажет. Ал мәдениетті болу үшін, өнерді, әсіресе әдебиетті оқи білуің керек. Ғылымда қызмет істеп, танылып, тамыр жайған сайын шәкірттерің де көбейеді.

Әсіресе қазіргі жаралыстану біліміндегі ғылым саласы, техника біліміндегі ғылым салалары, әрбір проблеманы көтергенде коллективтер жұмыс істейді. Үлкен ғалым коллективтің басшысы болу керек. Коллективтің басшысы болу үшін адамның мінез-құлқын, психологиясын да білуі тиіс.

Көркем әдебиетті оқымай, адамның психологиясын, адамды жете таниды дегенді түсінбеймін.

Тіліші: Коллектив басшысының бір жағынан жетекші әрі тәрбиеші, ақылшы, ұстазы болғанына не жетсін. Сіздің жаныңызға,

әсіресе жастар жағы үйір деп естідік. Жүрегінде аты, көңілінде сәулесі бар жастарды өзіміз іздеп маңайыңызға тартатын көріне-сіз?

Бокетов: (үн таспа). Жасынан топталып, менің маңайымда істеген біраз жігіттер бар. Өз беттерімен өз жолдарын тауып, қызмет атқарып жүргендер де бар. Менде олардың қызметіне қатысып отырамын. Өзі мынандай да жағдай болады екен. 40-45-тен асқан соң адамның алғырлығы азаяды екен. Алғырлығы жастардың қолында қалады екен. Жаңалықты бойына тарта білу деген ол жастыққа байланысты екен. Қырық пен елудің маңайына келгенде адам бойындағы дарынын беріп, өзінің тәжірибесін жұртқа таратып отырса, ол да бір үлкен ғанибет сияқты. Сондықтан, үлкен ғалымдар кемелдене келіп, кеңесші ретінде пайдасын көп тигізер еді. Ал жаңа идеяларды, оны іске асыруды албырт жастардың қолына беріп, соларды баулу керек. Әсіресе, ғылыми жұмыстардың әдістеріне көмек берген жөн. Өйткені, кемелденген буындар ғылым әдісіне жіті болады. Жастар көп оқып, бойына сіңіргенімен, сол жүйелі әдістерді дұрыс жүзеге асыра алмай, кейде қате жібереді. Міне, осындай қателік болмас үшін таңдалған әдістерді байыптап қарап, көмектесіп отырсақ, ғылыми жұмыс топталған шәкірттер арасында мықтырақ жүрмекші.

Тіліші: Сонда қазіргі таңдағы алға қойған ғылыми мақсатыңыз қандай?

Бокетов: (Үн таспа). Бірінші, алға қойған мақсат әлі де Жезқазған мен Балқаштың мыс кендерін комплексті пайдаланудың жаңа әдістерін ұсыну. Ол жөнінде қызмет істейтін ғалымдар мен қосылып ұсынған әдістеріміз де бар. Жобасы осы бір-екі жылдың ішінде іске асады деп қоюға болмайды. Бірақ, ұсынған әдісіміздің келешегі зор. Екіншіден, теориялық мәселелер химияның термодинамикасы деген үлкен бөлімі бар. Сол жөнінде атқарған қызметіміз бар. Үшіншіден, химиялық құбылыстарда ертінділер мен қатты денелер арасындағы өзара қарым-қатынас жайлы. Міне, осы тұрғыдан кейбір теориялық, практикалық мәселелерді зерттеп, үлкен монография жаздық. Балқаштың мыс-кенін дұрыс пайдалану жөнінде. Маған, тағы да басқа бір топ ғалымдарға Одақтық, Мемлекеттік сыйлық берілді. Бұрын Балқаштың мыс ижыратып алатын кең кәсіпорыны болды ғой. Оны мыс қорытатын завод деп атайтын. Кейін «Балқаш кен металлургия комбина-

ты» деген атаққа ие болды. Бұл атаудың өзгеруінің себебі сол қызмет сапасының бірте-бірте өзгеруі белгісінен. Өйткені, басында тек мыс қорытылып алынса, кейін мыс кені комплексті пайдалана бастады. Өйткені, өндірген кеннен мыстан басқа алтын, күміс, селен, телор, моллибден және сол сияқты басқа да көптеген заттар алына бастады. Бұлардың ішінде ауыл шаруашылығына пайдаланатын күкірт қышқылы да бар. Бұрын күкірт қышқылынан ауыл шаруашылығында кенінен қолданатын тыңайтқыштар шығарылып жатыр. Жақында тағы бір жаңа әдісті ұсындық. Оның сыры мынадай. Балқаштың кеніндегі әртүрлі қоспалардың басын қосып, шихта деп атайды. Сол шихтаны күйдірудің жаңа әдісін өндіріске енгіздік. Мұның өзі де Балқаш кенінен комплексті пайдалану ісінде үлкен жеңілдік берер деген үмітіміз зор.

Әртүрлі мәжіліс, басқосуларда ғылым жайлы әңгіме қозғалмай қоймады. Өйткені, ғылым қазір кәдімгі еңбектің өрісті саласына айналды. Адамның танымы неғұрлым биіктей берген сайын, дүниенің көкжиегі де соғұрлым кеңейе түседі екен. Поэзияда — тапқырлық, математикада — ойлылық, жаратылыс ғылымында — тереңдік, философияда — пайымдылық, логика мен шешендікте — айтыса білушілік те қажет. Өмірден туған осы талапқа орай ғылымның барлық саласының жан-жақты дамуына қамқорлық керек-ақ. Бүкіл ғұмырын ақиқат пен өмір шындығын табуға арнайтын адамдарды ғалымдар десек қателеспейміз. Егер нағыз ғалымдардың өмірбаяндарын зерттеп, қарастырып отырсақ, олар өздерінің парасаттылығы, адамгершілігі жөнінен де өзгелерден ерекше болған ғой. Бұл адамгершілік қайдан білінеді? Ғалым өзінің білгенін маңайындағы адамдарға тарата білсе, бұл ғылымның парасаттылығының белгісі. Пікірім дәлелді болуы үшін мысал да келтірейін. XVII ғасырдың ішінде Кэмпри университетінде Бэроус деген ірі математик болыпты. Сол математик қырықтан аса бергенде өзін үлкейдім деп есептеп, бір күні университеттің ректорына барады.

«Мен егде тарттым. Кафедраны басқарудан босанғым келеді. Бірақ, сол кафедраның басшылығына өсіп келе жатқан бір шәкіртімді ұсынсам деймін. Соны қоюыңызды өтінемін. Оның ғалымдығы қазірдің өзінде менен асып тұр» — дейді. Сонда жоғарылауға ұсынған шәкірті Ньютон екен. Бэроус өзі үлкен математик болса да осындай әділдік, парасаттылығымен тарихта аты қалған.

Әрбір ғалым маңайындағы жастардың талабы мен талғамын, дарындылығын танып соған жол ашса, қызғаныштық жасамаса, сонда ғана ол үлкен адамгершілік көрсетер еді. Әрине, Ньютон сияқты адамдар сирек туады. Біздер де есейе келе жанымызда өсіп келе жатқан жастарға ретімен жол бере алсақ қамқорлық жасай білсек, өрісіміз кеңіп, ғылымға деген даңғыл жол ашыла түсер еді.

Таспаның соңы.

Тілші: Евней Арыстанұлының ертеңгі күнімізді де бағдарлап, халқымыздың болашағы жолындағы ой-толғанысының орны қазір де бөлек. Келешек жастардікі ғой. Әңгіме сол жастарды бар қазынаның қадірін жеткізіп, ел алдындағы борышқа баулап, өсіруде екенін әрдайым еске салып отыратын. Жастарға үміт аргументі бірге үлкен ағалық қызмет жасалуын қамтитын. Мұның өзі нағыз азаматтық абыройлы жол деп санайтын.

Жастардың жағдайын ойлап, бір кезде өзі ұйымдастырып, ірге тасын қалаған Қарағанды мемлекеттік университет есігін ашқан әрбір жас қарсы алдында ойлы пішінмен салмақты, сабырлы қалыпта отырған ғалым бейнесіне көз тоқтатпай өте алмайды. Ойткені, ғалымның есімі кімге де болса аян, кімге де болса қымбат. Ия, тағлымды дарын иелері әлбетте өз ескерткішінің тұғырын осылай өздері орнатады, ал мүсінін болашақ соғады.

Орталық Қазақстан, 18 мамыр 2002 ж.

Ақселеу Сейдімбек

ЖИЫРМА ДЕГЕН ЖАСЫНДА...

Евней Арыстанұлы Бөкетов Одақ көлемінде есімі мәшһүр ғалымдарымыздың бірі. Бұл күндері Балқаш кен-металлургия комбинаты 99,99 пайызы ең таза мыс өндіріп, Мемлекеттік сапа белгісін еншілеп отырса, осынау айтылуы табыс жолында Е.А.Бөкетовтің да үлесі зор. Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор

Е.А.Бөкетов қазір Қарағанды мемлекеттік университетінде ректор. Көпшілік қауымға Евекең тек химия саласының ғалымы ретінде ғана емес, сонымен бірге публицист, сыншы, ақын, аудармашы ретінде де танымал. Ол кісінің аударуында С.Есениннің «Анна Снегина», В.Маяковскийдің «Жақсы» поэмалары мен өлеңдерінің рухани игілігіне айналды. КСРО Жазушылар одағының мүшесі Е.А.Бөкетов қазір халқымыздың аяулы перзенті Қаныш Сәтпаевтің өмір жолы туралы көлемді еңбек жазып жүр.

Біздің тілшіміз Евекеңе жолығып, бірнеше сұрақтар қойған еді. Әңгіме үлкен өмірге жаңа қадам басқан жастар туралы, олардың азамат ретінде қалыптасуы, ғылымның көкжиегіне құлаш ұруы, қабілет-мүмкіндіктері туралы.

Тілші: — Евеке! Елу деген еңселі кезеңнің иығында отырсыз. Бір сәт етекке көз салып, 18-20 жастың ерекшелігін елестетіп көріңізші... Сонда бүгінгі жастар туралы не айтар едіңіз?

Е.А.Бөкетов: — Меніңше пәлен жасқа келдім деп мардымситын ештеңе жоқ, өйткені бұл менің арманым, тілегіме орайлы болып отырған оқиға емес, жеке қарабастың арманына ешбір иілмейтін табиғат заңына амал қанша. Сондықтан, мұндай жағдайда, жобасы бір ғана амал бар — өткенінді сараптап, өзінді тыңдайтын жастар болса, солардың өзіннен ілгерінің қатесін қайталамауды, сол арқылы өмір-тірлікті анағұрлым жемісті студі тілеу ғана қалды. Осыған байланысты сіздің осы сұрағыңыз маған ұнап та отыр. Меніңше жиырманың маңы өмірдегі ең бір қасиетті, ең бір көрікті, тартымды кезең. Адам осы кезеңде әсіресе, Пушкин тұсындағы бір адам айтқандай, «іс-тірлікке асығыс, сезім-тебіреніске ұшқыр» келеді. Бұл кезең ізденіс кезеңі, алда жол көп, іздеуші жалғыз, қайсысына түсем деген арпалыс кезеңі.

Біздің еліміз ғылыми-техникалық революцияның заманына басшы болып отыр. Өмірдің ішкі мағынасы мен маңызының өзі алуан түрлі сипатқа толы. Жастарды «қашан келесің, мені қашан игересің», деп күрделі өмірдің мындаған мамандығы күтіп тұр. Өмір жолының бәрі де қызық, мамандықтардың бәрі де білімді, шабытты, жігерді тілейді. Оның үстіне албырт жастықта басқа да үлкен ізденіс бар — өмірлік жолдас, рухани бір болатын дос, кейістіксіз үйлесетін жүректер... Осының бәрін айтқанда, жастық шақ, жиырма деген жасың оңай да дүние емес-ау. Сондықтан да

осы кезде жолды дұрыс тапсақ, кейінде қатең аз болып, тіршілігін де жемісті болмақ-ау деп те ойлаймын.

Тілші: — Сіз үлкендердің қатесін қайталамау туралы айттыңыз. Үлкеннің ақылын тыңдаса ғана жастар дұрыс өспек пе? Бұл туралы не айтар едіңіз?

Е.А.Бөкетов: — Ата-бабадан «ақылгөй шал», деген сөз қалған. Адам есейген сайын жобасы, ақылгөй келеді де, сол ақылгөйлігімен жастардың құлағын кеміреді. Менінше, мұндай маза-сыз ақылгөйліктің керегі жоқ. Өйткені біздің жастар белгілі бір айқын-аян қағидаларды құлағына құя берерліктей ойсыз, пікірсіз тұрлаусыз жастар емес қой. Қазіргі 18 — 20-дағы жастар өзінен бұрынғы буын 30 — 40-қа қарай әзер жеткен нәрселерді бойына әлдеқашан сіңіріп алды. Өйткені тамаша мектептер, кітапханалар, радио, теледидер, арнаулы орта, жоғары оқу орындары — бәрі олардың қолында, бәрі жастардың рухани кемеліне тез жетуіне көмекке дайын тұр. Оның үстіне өмірі жастарға ғибрат боларлықтай адамзаттың талай ғұламаларының, ерлерінің, ардагерлерінің өмірбаяны мен істері, өсиет-ақыл сөздері жастардың қолында. Ұлы адамдардың өмірі адамзаттың өсу, өрбу, даму жолындағы тәжірибе сапарлары ғой.

Сондықтан қазіргі жастардың мәдени өскендігі сонша, олар төтенше ақыл айтуды көтермейді. Олармен пікір таластыру ретінде ғана сөйлесіп, ақылыңды, ойыңды сырласу ретінде ғана жеткізуге болады деп ойлаймын да, жастар алдында үлкенсігім келмейді, айтысып-сырласуыма болар еді. Дегенмен бір-ақ айтылатын ақыл бар, жастар кейін «өмірім неге босқа өтті», деп — күрсінбестей болып өсуі қажет қой. Әрине, тура бақыт пен парасатқа апаратын ең жемісті жолды табу оңай емес. Бұл жолға қатесіз жету қиын. Бірақ, «қиыннан қиыстырар ер данасы» дегендейін, әрбір жастың өмірдегі өз орнын табу дегеніміз сол қателіктер мен қиыншылықтарды жеңу жолы ғой.

Тілші: — Дегенмен қазіргі жастардың қандай өзгешеліктеріне көңіліңіз толады, қандайына толмайды. Осыны айтып берсеңіз?

Е.А.Бөкетов: — Көңіліме толатыны қазіргі жастардың білімділігі, мәліметтілігі, осыдан туатын ізденіштік кеңінен ойлаушылық. Бұрынғы буын кейінгі буынға: «біз қандай едік, сендер ондай емессіңдер», деп базына айтудан қалған жоқ. Бірақ, шындықты, ақиқатты ойластыратын болсақ, қазіргі 18-20, бұрын-

ғы 18–20-дан анағұрлым артық сияқты, солай болуы да керек қой. Олай болмаса халқымыз ілгері дами ала ма, прогрестің тұтқасын нық ұстай ала ма? Бірақ, әрине әіресе бізден сәл ілгері буын қиын-қыстау тұрмыста, жаңа өмір құрудың ауыр күресінде өсті ғой. Оған қарағанда қазіргі жастардың өсу, өрбу, жалпы өмір сүру жағдайы адам қызығарлықтай. Осы жағдайды біздің жастар тиімді етіп пайдалана алып отыр ма? Міне, осы сұраққа келгенде талай олқылықтарды байқауға болады. Қолда бардың құны жоқ, — деген қағида кейде төбе көрсетсе ренжімеске ылаж да қалмайды.

Бойында творчестволық нәр бар, өз зеректігін байқаған жастар әсіресе албырт келеді. Өз күшін кейде артығымен де бағалап кетеді. Мұндай ешбір заңсыздық та жоқ сияқты, өйткені әр үлкен бастама адамның өз қарабасына зор сеніммен басталады ғой. Жастардың өмірінде тоқсан үйлі тобырды асыраған Қамбар батырдай немесе күші бойына сыймай бұлқынған Васька Буслаевтай қайрат көрсетпек болған арманына қызығуға болады. Жасты дамылсыз еңбек істетіп, дамылсыз ізденіске түсіретін міне осы арман. Дегенмен мұндай арман жолында артық ауыс қылықтар да кездесе береді. Үлкен композиторлардың бірі айтқан екен: «Әуелі өзім ғанамын деп жүрдім, сонсоң өзім және Моцарт ғана дедім, одан кейін Моцарт және мен ғана деп едім, енді тек Моцарт деймін». Егер артық кеткен жастар тым кешеуілдетпей, уақытылы осындай тұжырымға келіп отырса, артықтау кетудің онша оқасы болмайды. Кейінірек ұялу, өзіңе өзің ренжу сияқты жағдайлар болады, бірақ бұл да ілгеріге ұмтылу, іздену жолындағы қате ғой.

Тіліші: — Сіз жастардың алдымен Адам болуын. Азамат болуын емеурін еттіңіз. Ғалым ретінде 18 — 20 жастағы жігіттер мен қыздардың ғылымға қадам басуы туралы не айтар едіңіз?

Е.А.Бөкетов: — Біздің халқымыз жасты сыйлай да білген, жасқа міндет арта да білген. «Асыл тастан, ақыл жастан» — деген мәтел халқымыздың осы игі дәстүріне айғақ. Осыған байланысты қазіргі жастардың болуын ғылымдағы болашақ еңбегінің жемісті біз, әрине, көп ойлаймыз. Бұл жөнінде жастарға үлкен міндеттер артқымыз келеді. Жоғарыда қазір ғылыми-техникалық революция кезеңінде өмір сүрудеміз, — деп айтып өттік. Ғылыми, партиямыз айтқандай, өндіргіш күшке айналып, тікелей іс-әрекетімізге арала-

ымы отыр ғой. Бұның сырт көрінісі ғылымның кеңінен өсіп-өрбуінен, ғылыми қызметкерлердің көбеюінен байқалады. Академик Н.Н.Семеновтың болжауы бойынша үйінде ғаламы жоқ семья кемде-кем болатын кезең алыс емес сияқты. Осыған қарағанда қазіргі ІХ 20-дағы жастардың ұлдары болсын, қыздары болсын, басым көпшілігі не ғылым игеруге тікелей қатынаспақ, не ғылым игерушілерге өз ықпал-көмегін көрсетпек. Сондықтан болашақта ғылымға құлаш сермеуге ұмтылған жастарға жемісті еңбек тілеп, ғылыми қызметтің өзгешелігі туралы бір-екі ауыз сөз айтуға болады. Біз әуелі, ғылыми ізденіс — дегеніміздің өзі табиғаттың әлі ашылмай тұңғығында жатқан ақиқатын іздеп табу болып табылады. Ақиқатты іздеп табу үшін, сол ақиқатты іздеуші, яки сол ғалым, өзі мейлінше адал, ақиқатшыл болуға тиісті. Ең әуелі өз қарабасының шдында, өзіне-өзі адал болуы керек. Тек адал адам ғана ақиқат іздеу жолына түсуге праволы. Ғылым біріншіден адалдықты тілесе, екіншіден, ерлікті, жүректілікті тілейді.

Тіліші: — Евеке, Сіз көпшілік қауымға әрі ғалым, әрі жазушы, әрі аудармашы ретінде танымалсыз. Техника ғылымы мен әдебиеттің бір жүректе қоныс қонуы туралы не айтасыз?

Е.А.Бокетов: — Бұл сұраққа мен А.М.Горькийдің сөзімен жауап берер едім. «Ғылым мен көркем әдебиетте екеуіне де бірдей тән қасиеттер көп: екеуі де зер салып бақылауды, салыстыруды, зерттеуді тілейді, көркем суреткерлерге де, ғаламға да болжампаздық пен тапқыштық яғни «интуиция» қажет...»

Меніңше Бүйенбай мен оның әріптестерін былай қоя тұрсақ, шын жазушы дегеніміз шын ғалым да болып табылады. Демек, творчестволық қызметтің бәрінің түбірі бір сияқты — шын творчество дамылсыз еңбекті, сол еңбектен туатын мол білімді, үлдіксіз ойланып-толғануды тілейді. Ал, сол ойланып-толғануды азды-көпті нәтижелер байқалып, сезінгенде туатын тебіреністі тегін шабыт деп атаймыз. Шын ғалымның іздегені ылғи жиналық, яғни білмегенді білу болса, шын әдебиетші де көркем өйне жасау ісінде жаңа әдіс, соны жол іздемей айтарлықтай тибысқа жете алмады. Творчестволық қызметтің қайсысына болса да түбірі бар екені жөнінде ғылым кемеңгері Альберт Эйнштейн тамаша айтқан: «Ғылыми ойланып-толғануда қашанда поэзия элементі бар. Шын ғылым мен шын музыка біркелкі ойланып-толғану процесін тілейді».

Көре алмай бұл дүниде қалдым ғажап» — деген екен. Әдебиет пен ғылым арасында біге қайнасқан байланыс барлығына осы дәлелдер жеткілікті болар.

Тілші: — Евеке, соңғы сұрағым. Осы орайда жастарды жан-жақты болуы туралы не айтар едіңіз?

Е.А.Бөкетов: — Қазіргі кезеңде мәдениеттің қай жағы болсын — жазушылық па, өнер ме, ғылым ба — бәрі де тым салаланып, тым тереңдеп кетті. Бұдан 200 жыл бұрын болған Ломоносов жөнінде Пушкин «... ол бізде бірінші университет ашты, шынын айтса ол өз қарабасы біздің бірінші университетіміз болдым» — деп орыстың ұлы ғалымының жан-жақтылығын, әрі ғалым, әр ақын болғанын айтып өтеді. Одан кейініректе болған Гете, француз энциклопедистері, көптеген орыс ғалымдары әрі ғалым, әр ақын, әрі қара сөз шебері болған. Ал, қазіргі кезде ондай адамдар жоққа жақын. Өйткені, қазіргі ғылымда, жалпы творчестволы еңбектің бәрі де жемісті болу үшін орасан көп информацияны игеруді, бұрынғыдан анағұрлым көп, анағұрлым терең ізденуді тілейді. Сондықтан, осы жағдайды ескере келе, әрине екі кеменің басын ұстап, босқа суға кетуге, яғни босқа жеміссіз қалуға болмайды. Бірақ мен әдебиетті білмеген ғалым шын мәнінде ғалым болады деп айта алмас едім. Үлкен ғалымдар қашан да мәдениет жоғары, әдебиетке жетік болған. Тимирязевтің ғылыми шығармаларын оқып көрсеңіз, әрбір сөйлемі сырбаз көркемдікке толы екендігін байқайсыз. Өзіміздің Шоқан Уәлиханов тарихи-этнографиялық еңбектерін Добролюбов пен Пискаревке тән әдеби шеберлікпен жазған. Ал, академик Сәтпаевтың әрі әнші, әрі домбырашы, әрі әдебиетші болғаны есімізде. Демек, адамзат баласы жасаған рухани асыл қазыналарды игеру, соның негізінде парасат биігіне көтерілу, — ғылым жүзінде өзіндік ізін қалдыруға еш қайшы келмейді деп айта аламыз.

Лениншіл жас, 22 наурыз 1975 ж.

ҚАНЫШТЫҢ ІЗБАСАР ІНІСІ

Ебіней Арыстанұлы Бөкетов (ресми құжаттар бойынша Евной Букетов) бізге Қазақ кен-металлургия институтының (ҚазГМИ) төртінші оқу жылында (1956 ж.) «Сирек металдар металлургиясы» курсынан дәріс оқыды. Сол күнде оның жасы отыз бірде. Бізге ол әлдеқайда үлкен кісі боп көрінетін: балуан пішінді шламса тұлғасымен ғана емес, бүкіл ақыл-парасатымен, атқарып жүрген қомақты ісімен де... Доцент Бөкетов ескі оқу ғимаратының сықырлауық еденін ойбайлатып келіп, ортадағы мінберге көтерілетін де: «Амансындар ма, жастар!» — деп зор даусымен гүж етіп, іле қымсына езу тартып, селен мен теллурдың мышьяк пен сурьманың, молибден мен ренийдің, германий мен таллийдың, тағы сондай сирек металдардың қыры, сыры, айыру технологиясы жайында сөз бастайтын: айтып тұрған элементтің адамзатқа танылу тарихынан қызықты бірер мағлұмат келтіреді, теория жыңғылына түсерден бұрын тақта алдына барып, химиялық формуламен өрнектелген бірнеше реакцияны тізеді, одан арғы талдау сол бойынша жүреді... Металлург атауының түп мағынасы химия білгірі деген кең ұғымнан тарайды. Сондықтан да теорияны ұзақ түсіретін мың сөзден гөрі оны формуламен баяндау әлдеқайда ұтымды. Ебіней Арыстанұлы сол гәпті жете білетін болса керек, оның әр лекциясын біз зейін қоя тыңдаймыз.

Қазақстанда техникалық білім беретін бірден-бір институттың оқытушы құрамы өте күшті болатын: олардың қатарында әлденеше академик, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер атанған небір сандақ профессор білімпаздар бар-ды. Көпшілігі соғыс жылдары, босқындар дүрмегімен келіп, ауа райы жұмсақ, тұрмысқа жайлы Алматыда біржолата тұрып қалған. Біз оқыған металлургия факультетінде Х.К.Аветисян, В.Д.Пономарев, В.В.Стендер, А.Л.Цефт, А.Б.Резняков, И.З.Слуцкий тәрізді өте ірі ғалымдар жұмыс істейтін, олар жасаң кезінде түсті металл өндіретін алып зауыттардың іргесін көтеріп, иә бас инженері боп жұмыс істеген білікті мамандар еді. Қайсыбірі металлургия оқулықтарын жазған тұлғама жандар. Соншама күшті ұстаз ғалымдар арасында (С.Ка-

рамулин, Қ.Нұрмағанбетов, Г.Есіркегенов, ерлі-зайыпты Беғалиевы мен Құрманғалиев — соғыстан кейін келген екінші лектегі оқытушылар да күшті толқын болатын) жүріп, жас доцент Бөкетов елеусіз қалған жоқ, білімпаздар арасынан өз жолын тауып, даралана білді. Әлбетте мұндай білгірлік терең біліммен қоса ұлан-ғайыр еңбекпен келетіні сөзсіз...

Ебіней Арыстанұлы Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Шал ақын аталған Октябрь ауданының Бағанаты ауылында 1925 жылы дүниеге келген; аптық жылдарында ата-анасына ілесіп Орал тауына қоныс аударып, орыс мектебінде оқыған; одан туған еліне қайта оралып, аудан орталығы Марьевка оқу ұясының тоғызыншы басқышын тәмамдаған соң он алты жасында еңбекке араласып, майданға аттанған мұғалімдердің орнына ауыл мектептерінде ұстаздық еткен; сөйтіп жүріп тыңғылықты білім алуға талаптанған жас өз бетімен дайындалып, кәмелеттік аттестат алып, 1945 жылы Алматыға келіп, КазГМИ-ге түседі; бес жылдан кейін осы институттың аспирантурасында оқып, кандидаттық диссертация қорғайды...

Нақ осы сәттен былай бүгінде еңбегі, есімі елге мәшһүр перзентіміздің ғылым шыңына өрмелеген ауыр да даңқты жолы басталған. Өмір кезеңдеріне зер салып қараған кісі Е.А.Бөкетовтің диссертация қорғаған соң екі жылдан кейін доцент дәрежесін алғанын, 1958–1960 жылдары өзі оқыған институттың ректорының орынбасары болып еңбек ететінін аңғарады. Сол жылдарда ол жас күнінен құмар ісі — Некрасов, Лермонтов, Пушкин, Маяковский, Есениннің жауһар туындыларын, Абай мен Әуезовтің асыл шығармаларын жатқа айта жүріп, әдеби еңбек жазумен де шұғылданады: 1953 жылы ол «О халтурном переводе и невзыскательных изданиях» («Ленинская смена», 24 ақпан), «О переводах на казахский язык произведений Маяковского» («Казахстанская правда», 29 наурыз) деп аталған, әдеби талғамның күштілігімен, өткір сын жариялайды. Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романын жан-жақты талдаған мақаласы да соңғы басылымда тап сол жылы жарық көрді...

Осынау үш мақала техникалық ғылым саласында зерттеу жүргізуші аспирант есімін әдеби қауымға танытады. Қазақстан Жазушылар одағы ешкімнің атақ-дәрежесімен санаспай, өз ойын ашық та өткір білдірген жас сыншыны Маяковский шығармала-

рын қазақшалауға арналған, 1954 жылы өткен әдеби жиынға баяндама жасауға шақырады; ал одақтық «Литературная газета» хас талантты Қазақстан мен Орта Азия республикалары бойынша меншікті тілші қызметін атқаруға ұсыныс жасаған; Ебіней Арыстанұлы болса әдебиетпен өз қалауынша шұғырдандуды жөн көріп, республика театрларының саханасында қазақша, орысша қойылған қазақ драматургтерінің шығармалары туралы рецензия жариялаудан танбайды; нақ сол жылдырда ол И.Васеленко, И.Вазов, Э.Золя шығармаларын қазақшаға аударды.

Тегінде әрбір адамның, мейлі ол ғылым иесі, иә өнер адамы делік, ғұмыр жолында абыройын көтеретін, ел үшін елеулі еңбек атқарар айшықты кезеңі болуы — өмір заңы. Бөкетов үшін сол кезең 1960 жылдың ақпан айында, ҰҒА-ның президенті Қ.И.Сәтбаевпен сұхбат үстінде туған...

— Ебеке, жақынырақ танысу үшін шақырдым сізді, — деді Қанекен өзінен кішіге де ізет білдіре сөйлейтін машығымен. — Кандидаттық диссертация қорғағаныңызға алты жыл болыпты. Авторефератыңызға қарағанда, өте келелі мәселені зерттепсіз, әрі қарай өрістетсеңіз — әлденеше кандидаттық, тіпті докторлық тақырыптың төбесі көрініп тұрғанға ұқсайды. Жә, соның жай-жапсары қалай, қандай нәтижеге жеттіңіз?..

Жатса-тұрса ойынан кетпей жүрген жәйтті дөп басқан ғұламаға не десін, Ебіней Арыстанұлы қипалақтап отырып, жоғары оқу орындағы ұстаздық міндетінің ауырлығын, әсіресе соның оқу ісін басқару кең зерттеуге уақыт қалдырмайтынын, сол себептерден сынақ жұмысы ойдағыдай мандымай кешеуілдеп отырғанын айтты.

Қаныш Имантайұлы біршама уақыт тым-тырыс отырды да:

— Өзіңбен бірге істейтін академиктер сізді маған табанды жігіт, алған бетінен қайтпайтын қайсар да ойлы зеттеуші деп сипаттады... — дейді. — Мен сіздің академия жүйесіне ауысқаныңызды жөн көріп отырмын, бұл болса әлгінде өзіңіз айтқан көкейкесті зерттеуіңізді Қарағанды Химия-металлургия институтын ашқанымызды сіз білуге тиіссіз. Сірә, қателік бізден болды білем, соның басшылығына қойған адамдарымыз ұсақ-түйек дауға ұрынып, қысқасы, дйттеген жерден шыға алмады. Ал ол институт — Орталық Қазақстан ғана емес, республика көлемінде мәнді зерттеу жүргізбек-ті... Ебеке, осы институтты басқаруға өз басым сізді лайық көріп отырмын. Жә, бұған не дейсіз?

Балқаш мыс комбинатына жол түскен сапарында Қарағандыға да соққан. Жаңа институттың танымал қызметкерлерімен кездесіп, зерттеу жұмыстары жайында сұраған. Мәнді тақырыпқа түсе алмай кібірткітеп жүргенін естіп, ғылыми жетекші болмауы үстіне, тиісті аспап, құрал-жабдық, соларды орналастырытын орын да жетіспейтінін көріп, көңілі жабырқап қайтқан-ды. Сөйтсе басты гәп — бұл да емес, келелі іске жұмылар ұжымның қалыптасуында екен. Ал бұл — қиындықтың сорақысы. Демек президенттің ұсынысын қабылдаса — соның бәрі-бәрін өзі мойнымен көтеріп, қолымен атқаруға тиіс. Ойдағыдай атқара алса — ел ардақтысы Қанекең алдында абыройға ие болады, ал мүлт кетсе өмірі ақтала алмайтын масқараға ұшырайды. Не деу керек?.. Бұдан арғы оқиға өрісін «Алты хат» атты ғұмырнама хикаятындағы Ебіней Арыстанұлының өз сөзімен баяндасақ дейміз: «Бәрі-бәрін түсінікті де риясыз түрде алдыңа жайып сап отырған кемелдер үлкенге жөпелдемеде не дейсің?.. Шынында да жорта мүләйімсіп, ондай жауапты міндетті бірден атқару қиын-ау деп өтірік бұйдану ерсі болар деп ойладым да: «Егер академия президенті мені осы жұмысқа жарамды деп шешсе, шамам келгенше сеніміңізді ақтауға тырысамын, Қанакел!..» — деп бірден-ақ келісім бердім...»

Әсілі, түсті металл өндіру, химия өндірістері бізде ертерек басталып, ал темір мен оның қоспаларын шығару ісі тек 60-жылдарда, Теміртау қара металлургия комбинаты және Ақтөбе, Ақсу ферроқоспалар зауыттары салынған соң ғана жүзге асқан-ды. Қарағанды ХМИ-ы осы өндірістердің технологиясын жетілдіру мақсатында зерттеу жүргізуге тиіс болатын. Ебіней Арыстанұлы жаңа жердегі жұмысын осы талапқа орай өрістеткен. Институттың ғылыми бағдарын қайта қарап, түбегейлі өзгеріс жасағанда ол әрбір зерттеудің нәтижесі өндіріске тезірек қабылданып, экономикалық тұрғыдан қыруар пайда беруіне ерекше көңіл аударған. Бұл болса зерттеушілер тобының тез ширап, олар айналысқан тақырыптың жан-жақты кеңеюіне жол ашқан...

Осы саладағы алуан жұмысы жайында академик Е.А.Бөкетов «Алты хат» шығармасында жан-жақты әңгіме еткен. Бұл жерде біз онда баяндалған түрлі хикметтерді қайталамаймыз. Тек ескертер жәйт: директор болған он екі жылда ол жаңа институтты — ҰҒА жүйесінде ғана емес, одақ бойынша да іргелі зерттеу ошағы деңгейіне көтереді (бұрынғы жылы оған Ебіней Арыстанұлының та-

лантты шәкірті, осы ұжымда құрылған кезінен еңбек етіп, көп жыл бойы екінші жетекшісі болған дарынды ғалым-металлург, ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі марқұм Ж.Н. Әбішевтің есімі берілді); осы жылдарда Бөкетовтің өзі де одаққа кеңінен танылды — техника ғылымының докторы және профессор атақтарын алып, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, республика ғылым ордасына академик болып сайланды; Қарағандыға қоныс аударғаннан кейінгі алғашқы он екі және кейіннен қайтып оралған төрт жылда Е.А.Бөкетов 200 ғылыми еңбек (оның 30-ы сүбелі монография) жариялапты; 91 ғылыми жаңалыққа КСРО-ның Мемлекеттік комитетінен куәлік алған; бұлардың 14-іне өнеркәсіп деңгейі жоғары технологиямен жұмыс істейтін шетелдердің патенті берілген; айталық, Е.А.Бөкетовтің бір ғана, құрамында пириті (темір кені) бар полиметалл шикізатын қайыра сұрыптау жөніндегі ашқан ірі жаңалығына (қосалқы авторлары — Ж.Н.Әбішев, Н.Бөлтішова, В.П.Мальшев) іргелі алты ел — Жапония, Канада, Австралия, АҚШ, ГФР, Швеция патент ұсынып, сатып алған. Ал бұлардан КСРО үкіметі қаншама валюта алды!..

Біре сөз ғалымның тікелей өзі шұғылданған ғылыми жұмыстарының жалпылама сипаты хақында: Е.А.Бөкетовтің кандидаттық диссертациясы сирек металдар кенінен молибден өндіру ісіне арналған-ды. Институттың ескі үйінде шағын лаборатория ашылып, шахта пеші салынған соң ол Алматыда түбегейлі жүргізе алмаған зерттеуді қайыра бастап, молибден концентратымен сынақ жүргізеді. Тәжірибе сәтті аяқталды; Балқаш кен-металлургия комбинаты оны өндіріске қабылдап, пайдаға қарық болды; ал зерттеуші ғалымдар осы жұмыс үшін КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды... Metallургия зауыттарының ауласында тау болып үйліп жататын қож (шлак) үймелері көпшілікке мәлім. Бөкетов лабораториясы көптеген жылдар шұғылданған жұмыс солардың құрамында ажырамай қалған металдарды байыту арқылы қайыра өндіретін технология жасауға арналғанды. Бұл зерттеу де ақыр аяғында жақсы нәтижеге жеткізді: құрамында пириті бар қоқысты, иә кен тасын термомагниттік әдіспен бауыту өндіріске ондаған миллион доллар таза пайда беретін тиімді технология жасауға негіз болды.

Сайып келгенде, осындай терең зерттеулер Химия-металлургия институтының ғылыми бағытын даралауға жол ашты. Тұжы-

рымдап айтқанда, бұл «Халькоген мен халькогенидтер химиясын зерттеу арқылы жаңа технология жасау» ісі. Бұл болса қарағандылық химиктердің нақ осы салада одақ көлемінде көпбасшы орынға шыққанын паш еткен. Соған айғақ — соңғы ширек ғасырда халькогендік зерттеулер жайында алты мәрте одақтық және бір халықаралық ғылыми конференция шақырылса, соның бәрі Қарағандыда өтіпті (соңғы төртеуі сол жұмыстарды бастап, негізін қалаған академик Е.А.Бөкетов дүниеден қайтқан соң шақырылған, демек бұл саладағы соңғы жетістіктер оның талантты шәкірттерінің сәтті зерттеумен өрістеген). Нәтижесінде Орталық Қазақстанның кіндік қаласында қазірде де сәтті жұмыс істеп отырған жаңа химия-металлургия мектебінің іргесі қаланды...

1972 жылдың ақпан айында академик Е.А.Бөкетов республикада ірге көтерген екінші университет — ҚарМУ-дың ректоры міндетін атқаруға кірісті. Сірә, жазымыштың бұйрығы, мұнда да оған ХМИ ғимаратын тұрғызып, зерттеуші құрамын жаңадан құрғаны сияқты, бар жұмысты тыңнан бастауға тура келді. Әлбетте жаңа университет 1938 жылы мұғалімдік болып, 1952 жылы педагогикалық институт атанып қайта құрылған жоғары оқу орны негізінде жұмыс бастаған. Алайда жылма-жыл алты-жеті жүз мұғалім даярланатын пединститут бірден сегіз факультетке кеңейіп, 15 мамандық бойынша 1800 талапкер қабылдайтын болды. Сегіз факультетте он мыңға тақау студент білім алмақ. Жаңадан ашылған 59 (бұрын 22 болған) кафедраның жеті жүзден астам оқытушы-профессорлары оларға дәріс оқып, практикалық сабақ жүргізбек. Бұл міндетті бұрынғы институттың 300 оқытушысы атқара алмайтыны түсінікті. Кейбірінің білім деңгейі жетіспейді, пединститут кезінде онда небәрі төрт ғылым докторы еңбек еткен. Демек 400-дей оқытушыны басқа қалалардан шақыру, болмаса өз ортанда даярлау (бұл үшін уақыт сарп ету керек) қажет. Оларға жайлы пәтер керек, он мың студентке қаншама жатақхана, оқу корпустары, неше алуан жабдықтармен қамтамасыз етілген оқу ғимараттары, әлденеше асхана, жүздеген мың кітап қоры бар кітапхана залдары қажет. Әрине, университет ашуды жоспарлаған жылдары пединститут ректораты бірталай әзірлік жұмыстарын атқарған: ең бастысы, қаланың әр жерінде орналасқан ескі ғимараттарды жөндеп, Қарағандының қиыр шетінен шалқар жер алып, сонда салынбақ білім қалашығының жобасын жасатыпты.

Десек те жаңа университетті аяғынан тік тұрғызуға арналған осынау қыруар шаруаларды өмірге келтіру міндеті Ебіней Арыстанұлына жүктелген. Өз еркіне салса, іргесін бейнетпен бекемделген, сан-салалы ізденіске жұмылған зерттеу институтынан қозғамай, ирқауы біліне бастаған денсаулығын күйттеп тыныш отырғаны жөн еді. Амал не, облыстық партия комитеті қайта-қайта шақырып, сізді осы жұмысқа лайық көріп отырмыз деген ұсыныстан бас тарта алмады. Айтып-айтпай не керек, білім ғимаратының «бас прорабы» қамытын мойнына ілді, бұл болса — жоспарлаушы мекемелерді мазалап қаржы сұрап, кейде соны үкімет басшысы, иә министірдің алдында шешіп, онда әрі құрлысшыларды асықтырып, университет қалашығын жеделдетіп салғызу қамында айлап, апталап қымбат уақытынды сапир ету деген сөз. Қалалық кеңес төрағасынан жаңадан келген оқытушылар үшін пәтер сұрайды, бірді-екілі емес, ондаған; сабаққа үлгерімі нашар студенттермен тәрбие жұмысын жүргізе білмесең берекесіз ұстаз атанасың; өсек-аяңды қозғатып, шағым жазуға үйір кейбір өзімшіл оқытушылармен алысып, қайсібірін жұмыстан аластау да жүйкесін тоздыратын шатақ іс... Бәрінен де қиыны, педагогикалық білім беруге қалыптасқан оқу бағдарламасын қайта жасап, оны университет атына сай түрлі мамандық игеретін әмбебап жүйеге ауыстыру болды. Сөйтсе де ұзын ырғасы сегіз жылға созылған тынымсыз еңбек зая кеткен жоқ; шахтерлер қаласының оңтүстік-шығысында сол заманғы талапқа сай деңгейде жабдықталған білім қалашығы — гуманитарлық ғимараттың он төрт қабат оқу корпусы ту алыстан андыздап көрінетін, бас кітапхана, асхана, тұрмыс комбинаты, оқытушыларға арналған көп қабатты әлденеше әсем үй дүниеге келді; аз жылда-ақ Қарағанды университеті химия, физика, биология, гуманитарлық білімдер саласында жоғары деңгейде зерттеу жүргізіп, сол жұмыстарды біліктіліктен атқара алатын сан алуан мамандар даярлайтын корнекті білім ошағына айналды. Әрине осыншама кең көлемді, сан-салалы жұмысты жүздеген адам тізе қосып, қажыр-қайрат жұмсап атқарғаны даусыз. Алайда, сол істің басы-қасында қажымас жігермен, тынымсыз әрекетімен танылған, күрделі істің күрмеуін тарқата білетін қабілетті тұлға Ебіней Арыстанұлы Бөкетов тұрғаны — өмір шындығы.

Амал не, құбылмалы өмірдің, дәлірек айтқанда, соны қолдан жасаушы пенделердің жымьсықы әрекеті жолды болды, қайраткер

ғалымның тұрлаулы ісі аяқ астынан пыш-пыш сөзге ұшырасып, қиянат шегуіне душар етті...

Бұл жерде біз зор өкінішпен еске алып отырған күпті жәйттің мәнісін біршама аша жазғанымыз жөн сияқты: әдебиетпен әуестенуді Ебіней Арыстанұлы Қарағандыға ауысқан соң да үзбегенді, бәлкім бұрынғыдан гөрі сирегірек шұғылданып, ауқымдырақ тақырыптарға қалам таратқан. Сөйтсе де В.Маяковскийдің «Қандала» пьесасын, «Керемет» дастанын, С.Есениннің «Анна Снегина» поэмасын, В.Шекспирдің «Макбет», «Юлий Цезарь» драмаларын қазақшалап (Қарағанды, Шымкент театрларында қойылған); «Атан қомында туған адам» атты көркем очерктер жинағын жарыққа шығарып, Қанаш Сәтбаев туралы ғұмырнама еңбек жазуға әзірленді; Шоқан Уәлиханов жайында орыс тілінде «Время светлой судьбы» атты көлемді эссе жазады. Жоғарыда аталған ұлан-ғайыр жұмыстарды атқара жүріп, соншама әдеби туындылар толғауға уақыт тапқанына таң қаласың, еріксіз сүйсінесің, Ебіней Бөкетовтің сирек кездесер жан-жақты талант иесі екендігіне тәнті боласың! Иә, ол сол жылдарда әмбебап білімділігімен, біліктілігімен ғылымның көп саласын терең білетін ғұлама болып танылып, әмбе одақ көлемінде есімі, еңбегі мәшһүр дақпыртымен Қазақстан ғылымының көкжиегінде пайда болған жаңа жұлдыз, Қаныштай алыптың ізін басар жарқын тұлға өмірге келді... десіп дүйім жұрт сүйсіне айтатын-ды...

Амал қанша, нақ осы жәйт — айшықты істерімен дараланған алып тұрпаты (ол шынында бойы екі метрге тақау, екі иығына екі кісі мінгендей алпамса денелі, мың адам ішінен бірден көзге шалынатын нар тұлғалы адам еді) кейбір әріптестеріне ұнамды. Олар біртуар ғалымның жыл сайын биіктеп келе жатқан атақ-дақпыртына тосқауыл қойып, шахматтық қитұрқы жүрістерді ойлап тапты. Сол «жүрістің» бастапқы қадамы Е.Бөкетовтің әдебиетке құмарлығын тәркі етіп (не деген жөткірлік десеңізші?!), онысы партия мен үкімет тапсырған жауапты істі мүлтіксіз атқаруға зиян келтіреді-міс... деген күпір ойдан шығарылған өсек-аяңға өріс берумен жасалған. Бұл қастандық оған 1979 жылдың көктемінде ұйымдастырылды. Академиктің «Простор» журналының 1978 жылғы 8–9 сандарында жарияланған «Время светлой судьбы» («Ғылыми қызметкердің жазбалары»), кейіннен «Алты хат» аталған) атты шығармасын өзін шексіз мадақтаған, демек кеңес ада-

мының ар-ожданымен сыйыспайтын күйкі еңбек деп жариялаған Ю.Рощиннің сайқымазақ фельетоны «Ленинская смена» (19 мамыр 1979 жыл, редакторы Ф.Игнатов) газетінде жарық көруі — атақты ғалымды ҚарМУ-дың ректорлығынан қатаң жазамен тайдыруға түрткі болады. Ал жазаның сорақысы оған сәл кейін жасалды: әдеби еңбектері жұртты сүйсінткен КСРО Жазушылар одағының тірі мүшесінің (аудармашы, ақын, сыншы, жазушы) әдеби туындысын баспасөз бетінде жариялауға тыйым салынды; Алматы баспаларында терімге дайындалып жатқан үш кітабінің қолжазбасы авторға ешқандай түсіндірусіз қайтарылып берілді. Осының бәрі сөз бостандығы Ата заңмен бекіген елге ешқандай жазба бұйрық, қаулы-қарарсыз, Орталық Комитет хатшысының жасырын әмірімен жүзеге асқанына таң қаласыз?! Ал уақыт — адам құқын аяқасты еткен кешегі шерменді 37, иә қатерлі 52-жылдар емес, 1980 жыл.

– Есімімді газет бетінде атауға ешбір редактордың құлқы жоқ. Республиканы қойып, Қарағанды газеттеріне бірдеме бастырап болсам, лақап атпен ұсынуға мәжбүрмін. Кімге, не жаздым, не үшін бұл жаза? Білмеймін. Қазіргі халім осындай мүшкіл жайда, айналайын, Медеу... Сен қазір Қазақстанда жариялатпай қойған «Сәтбаевты» Мәскеуде шығарып, жол ашып алдың. Енді маған көмектес... — деген-ді ұстазым 1981 жылығы сұхбат үстінде маған ішін жеген мұның шертіп.

Өзара ақылдасып, Москваның «Советский писатель» баспасы жыл ара шығаратын «Пути в незнаемое» жиналған Шоқан туралы эссесін ұсынуды жөн көрдік (Жинақты құрастырушы Һәм бас редакторы Д.Данинге 18 мамырда Қарағандыдан жолдаған хаттың түпнұсқасы қазірде ғалымның мұражайында сақтаулы). Дес бергенде мәскеулік әріптестеріміз эссенің қолжазбасын бірден мақұлдап, оны өзі шығаратын жинақтың кезекті басылымына қосатынын сол жазда-ақ хабарлады, әмбе қазақстандық академик-қаламгерді шығарушы алқаға мүше етіп енгізген. Сірә, бұл да тағдырдың тәлкегі, мәртебелі жинақтың 18-саны Ебекең өмірден озған соң жарық көрді; ал Шоқан туралы тамаша эссе қазақ оқырмандарына 22 жылдан соң жетті (қараңыз: Е.Букетов, «Көкейкесті»; Шығармалар жинағының 2-кітабы, Қарағанды, 2002 ж.)... Амал нешік қаламы жүйрік, өзіндік айтары да, айбары да бар қаламгердің барлық әдеби шығармасы ол өмірден озған соң, Қазақ-

станда саяси басшылық өзгеріп, енді біраз тәуелсіздік заманы туған кезде ғана там-тұмдап жарық көре бастады, бірақ толық түрде әлі де жария болған жоқ. Осынау шексіз қиянаттың себебін түсіну де, түсіндіру де — біз үшін бүгінде де оңай емес. «Ұлттық мақтаныштарымыз, академиктер Қаныш Сәтбаев пен Ебіней Бөкетовтің есімі қазақстандықтарға жақсы мәлім. Республиканың бұрынғы басшылары олардың ұлан-ғайыр еңбегін ұзақ жылдар бойы аяқтасты етіп, ел жадынан ұмыттыруға тырысты. Қазірде біз жазықсыз жапа шеккен, қуғын көргендер есімін асқан сүйіспеншілікпен ыәм күнәлі сезіммен туған халқына қайтардық...» — деп жазған-ды Н.А.Назарбаев КП Орталық Комитетінің бірінші жатшысы міндетін атқарған кезде «Правда» газетінің 1990 жылғы 23 ақпанында жарияланған сұхбатында.

— Амал қанша, бұл түзетуді біз тым кешігіп жасадық, бұған да тәубе делік! Ештен кеш жақсырақ деген уәж де, сірә, осындай түзетуге орай айтылған...

Ғалым өзі құрған институтына аға ғылыми қызметкер боп қайтып оралып, кейінге қалдырған байырғы ізденістеріне қайыра кіріседі. Солардың бірі — күл-боқаты көп, сапасы төмен көмірден органикалық синтездеу арқылы арзан бензин алу технологиясын жасау мүмкіндігі еді. «Қымбатты Еке (хатта солай жазылған — М.С.)көмірді гидрогенизациялауға (сұйыққа айналдыру) сутегін қолдану жөніндегі сіздің соны ойыңыз маған ерекше ұнады... Сіздер автоклавтың қандай түрін қолданып жүрсіздер? Біз мұнда автоклавпен біршама жұмыс істедік, қажет десеніз, тәжірибемізбен бөлісуге дайынбыз...» — деп нақтылы қолғабыс етуге әзірлігін білдіріпті Еңбек Ері, КСРО ҒА-ның физикалық химия институтының директоры академик В.И.Спицин 1981 жылы Ебіней Арыстанұлына Москвадан жолдаған хатында. «Ардақты Вике, көмір химиясы жөніндегі жұмысымыз біршама баяу өрбуде. Амал не, ертегі тез айтылғанымен өмірде ондай тездік жоқ...» — деген сарында реніш айыпты Е.А.Бөкетов те мәскеулік әріптесіне жолдаған жауап хатында. «... Қысқасы, біз жолымызбен жүргіміз келеді. Өйткені Москваның жанғыш қазбалар институты өздеріне таңдаған жолмен көмірді сұйылту неғайбыл іс екеніне әбден иландық. Мысалы, молибден концентратының шығынын алайық, оны регенерациялау тіпті дүдәмал іс... дей келіп, қазақ ғалымы өздері құп көрген жаңа ғылыми бағытты егжей-тегжей сипат-

тайды, -... Бұл үшін бізге автоклавтар да, басқа жабдықтар да керек болады. Оны кезінде хабарлармыз... Сізден енді қиылып өтінер іс — мүмкін болса, жапон тіліндегі мына бір мақалаға аударып берсеңіз?!»

Сол жылдың аяғына таман жаңа лабораторияда Майкөбе көмірінен бірер құты бензин алынады. Бұл болса қарағандылық ғалымды Қазақ ССР ҒА-ның президентіне кіріп, өзі бастаған жаңа зерттеудің үміт күткізерлік нәтиже бергенін мәлімдеп, әрине, бензин құйылған құтыны көрсетіп отырып, соны сәтті аяқтау үшін қомақты қаржы бөлгізуге көмек сұрайды. Алайда өтініші аяқсыз қалады. Қайсар жан бірақ арзан бензин шығару зерттеуінен бас тартпайды. «Қымбатты Вике, Сіздің жәрдеміңізсіз, сірә, бұл жақта мен ештеңе бітіре алмаймын. Өйткені үйдегі кітаптарыма ғана билігім бар кіріптар халдемін... Өз басым бұл істен бірдеме шығатынына кәміл сенемін. Сол себепті сізден көмек пен кеңес алуға зәрумін...» — депті Ебіней Арыстанұлы Мәскеуге жолдаған хатында. Ақыр аяғында облыстық партия комитеті В.И.Спицинді ресми жолдаған өтінішіне мән беріп, Қарағандыдағы құрылыс пен көмір басқармасына қаржы тауып, жартылай ондірістік сынақ жүрмек құтыхана үйін кеңейтуге міндеттенген қарар қабылдайды.

1982 жылдың аяқ шетінде құрылыс бітіп, зерттеушілер тобы мүдделі сынаққа кіріседі. «Аса құрметті Виктор Иванович!.. Өзімізден шығатын көмір түрлерінен сұйық заттар алу мүмкіндігін дәлелдеумен қоса Павлодар мұнай өңдеу зауыдының қалдық өнімі гидро-мазуттан да елу процент мөлшерінде қосымша бензин (рас, әзірше жүйелі түрде қойылған зерттеу емес) ағызатын нәтижеге жеттік...» — деп қуана хабарлапты Ебіней Арыстанұлы 1983 жылдың қаңтар айының 28 жұлдызында В.И.Спицинге жазған келесі хатында. Біршама бейнеттен соң сара бағытқа түскен көмірді сұйық жұмысы қыс бойы, алты ай жаз, одан күз бойы тоқтаусыз жүреді. Өйткені сол қыста Москвада өткен алдын-ала талқылауда қарағандылық топтың соны бағыты аса мүдделі деп танылып, сынақтың қосымша нәтижелерін одақ химиктері бас қоспақ үлкен кесте тыңдау 1984 жылдың қаңтар айына белгіленген-ді...

Осы күнді тағатсыздана күткен, әмбе мәртебелі де салықалы талқылауға мұқият әзірленуді мақсат еткен қарағандылық зерттеушілер уақытпен есептеспей, күнді түнге жалғап, өздері ойлап

тапқан жаңа технологиясының бүге-шігесіне бойлай еніп шабыттана жұмыс істейді. Әрине, соның басы-қасында тынымсыз еңбек иесі Ебіней Арыстанұлы болған. Ебіней Арыстанұлының «Қарағандыглавснабтың» бастығы А.С.Никоновқа жолдаған тілдей хатының көшірмесі ғалымның архивінде сақтаулы: «Дорогой Анатолий Семенович, воспomoществууй, Христа ради, насосами высокого давления (хотя бы одним) для будущих бензиновых рек из угольного бассейна. Премногим обязанный твоему вниманию. Е.А.Букетов. 10 декабря 1983 г.»

Амал қанша, нақ осы хат жазылған соң үш күннен кейін мейірімсіз инфаркт Ебіней Арыстанұлын екінші мәрте (алғашқысы бір жыл бұрын ұрған) шалып, халқымыз маңдайына біткен алып тұлғалы елу тоғыз жасқа аяқ басқан кемел шағында арамыздан қайтпас сапарға алып кетті.

Егемен Қазақстан, 26 қыркүйек 2003 ж

Қойлыбай Асанұлы

ЕВНЕЙ БӨКЕТОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Қай қаламгер болмасын, ол ең алдымен — өз дәуірінің, өз ортасының перзенті. Ол жазған шығарма арқауы да сол замана шындығы болып табылады. Халқының мәдени, рухани өмірінің болмысын сол уақыт үрдісімен бағалайды, суреттейді. Ешқандай жазушы-публицист болашаққа арнап, немесе келер күннің еншісіне лайықтап шығарма жазып қалдырған емес. Келер ұрпақ өзіне керегін өткен күннің шындығынан алады.

Е.А.Бөкетов шығармаларындағы уақыт шындығы сол шындыққа берген пайым-парасаты бүгінгі ұрпақ үшін таптырмас күнды дүние. Дегенменде Е.А.Бөкетовтің ғылыми-публицистикалық шығармалары көрегенділікпен жазылыпты деген әсіре марапаттаудан аулақпыз. Мысалы: «Иә, бүгінгі аға ұрпақтың өмірі қараша үйден басталған. Қара сирақ балалар қараша үйдің жабығынан

сығалап, айналаға елеңдей қарап жүргенде ұлы Октябрьдің нұрлы таңы атты. Бүгін ел тарихында болмаған ғажайып зор бақыт қазақ даласын сілкінтіп өтті. Қазақтың бар баласы мазмұны терең, еркін өмірге жаппай араласып, революциялық романтикамен жалындап ер жетті. Содан бері елу бес жылдан сәл астамдау ғана уақыт өткен екен. Ал сондағы балалар бүгінде ғылымның алтын баулы ірі-ірі шаңырақтарын көтеріп, ғалымдар тарихын жасап отыр» — деген жолдар сол дәуір көзқарасы мен пайым-парасатынан хабардар етіп тұрған жоқ па?

Жалпы, ғылым мен техника, экономика мен психология, адам мен қоғам — ғылыми-техникалық прогресті дамытушы күш ретінде қарастырылады. «Ғылым өмірге өндіргіш күш болып араласып, өндірісті өзгертеді, адамдардың психологиясына қозғау салады, сезімін ұштайды».

Осы айтылған ғылыми тұжырымдараға Е.Бөкетовтің публицистикалық шығармалары толығымен жауап береді десек қателеспейміз. Ғылымның қоғамға қажеттілігі мен оның атқаратын рөлі туралы Е.Бөкетов баспасөз беттерінде аз айтқан жоқ.

«Біз қазір ғылыми-техникалық революция кезінде өмір сүреміз. Ғылым, партиямыз айтқандай, өндіргіш күшке айналып, тікелей іс-әрекетімізге араласып отыр ғой. Бұның сырт көрнісі, ғылымның кеңінен өсіп-өрбуінен, ғылыми қызметкерлердің көбеюінен байқалады.

Содықтан болашақта ғылымға құлаш сермеуге ұмтылған жастарға жемісті еңбек тілеп, ғылыми қызметтің өзгешелігі туралы бір-екі ауыз сөз айтуға болады».

Ғылыми-техникалық прогресс проблемасы Е.Бөкетов публицистикалық шығармаларының негізгі арқауы десе де болады. Өйткені бұл ғалым-публицистке таныс, жақсы білетін тақырып. Сондықтан да оның ғылыми-публицистикалық мақала-очерктері, түрлі аудиторияларда оқыған баяндама-лекциялары, жоғарғы орындарға жазған ғылыми хаттарында аталмыш мәселе күн тәртібінде тұрады. Тағы да айрықша атай кетеріміз, жәй проблема ретінде емес, соған қол жеткізудің ғылыми концепциясы нақты түрде көрсетілуі. Мысалы, Қарағанды обкомының екінші хатшысы Н.Ә.Назарбаевқа «Қарағанды кен-байыту комбинатын жұмысындағы кейбір кемшіліктер атты хатында сол тығырықтан шығудың жолдарын атап-атап, нақты фактілермен ғылыми тұрғыда талдау

жасай отырып көрсеткен. Немесе мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының ІІ съезінде оқыған баяндамасы мен «Табиғат ананы аялай білейік» атты мақаласында елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын салалап, саралап, тұжырымды пайыммен, ғылыми-публицистикалық негізбен жазады. Осы жерде Е.Бөкетов публицистикасындағы тағы бір ерекшелік цифрлы материалдарды жүйелеп жіктеп бере отырып, мақала маңыздылығын айшықтай түсуі деп бағалауға болады.'

«Адам күші аса қуатты. Ол қазір жер шарындағы құрылықтың 55 процентін, өзен-суының 12 процентін, орман-тоғайдың жыл сайынғы 50 процент өсімін пайдаланып, құрлыс пен кен қазбалары үшін 4 мың шаршы километр парода алуда. Қазір жер қойнауынан жыл сайын 100 миллиард тонна руда алынып, шамамен 7 миллиард тонна отын шығарылады. Сөйтіп жыл сайын өзен аңғарына 600 миллиард тонна өнеркәсіп пен тұрмыстық орындардың қалдық сулары құйылады. Орташа есеппен 800 миллион тонна әр түрлі металл қортылып, жер бетіне 300 миллион тонна минералдық тыңайтқыш сіңіріледі, төрт миллион тонна улы химикаттар себіледі. Атмосфераға 23 миллиард тонна көмір қосынды тотығы, бір миллиард тонна басқа да қосынды тарайды. Бұл цифр екі мыңыншы жылға дейін дүние жүзі бойынша төрт-бес есе өспек.

Осы жерде ойымызға Н.Г.Левиновтың: «Цифрлы материал дәлелдеу құралы ғана емес, сонымен қатар құбылыстың сандық жағын зерттеу арқылы және сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге ауысуы ықпалымен шындықты танудың қуатты құралы да» деген тұжырымы оралады.

Е.А.Бөкетовтің артында қалдырған публицистикасының негізгі арқауларының бірі — жалпы адамдық, азаматтық жайлар, жастарды патриотизмге тәрбиелеу, ғылыми прогресс, экономика және экология мәселелері болды. Бұл тұрғыдан алғанда Е.А.Бөкетовтің публицистикалық мұрасы аз болса да мәнділігімен ерекшеленеді.

Қай тақырып болмасын ол Е.А.Бөкетов шығармаларында міндетті түрде ғылыммен астасып, сол салада өріліп, өзектес болып жатады. Өзінің жазушы Сейдахмет Бердіқұловқа жодаған «Жастардың болашағын ойлай түссек» атты мақаласында да оқу-білім жолының оңай еместігін, сол жолға кездейсоқ келе салмау керектігін, тілге тиек ете отырып, өзінің көкейтесті мәселесін былайша

түйіндейді: «Заманымыз ғылыми-техникалық революция заманы болса, физика, химия, биология сияқты жаратылыс танудағы іргелі ғылымдардың бүгінгі күнге дейін ашылған заңдылықтары мен ақиқаттарын адам игілігіне техника арқылы мейлінше пайдаланып, табиғаттың жаңа заңдылықтарын ашып, соларды дереу тіршілік мүддесіне жаратуға жаппай ұмтылыста болсақ, отанымыз бұл ұмтылыс үшін барлық мүмкіншілікті туғызып отырса, болашақта осы бір іске қолқабысы тиер деп үміттендіретін қабілетті жастардың адасуына жол беріп қоюымыз, қоғамымыз бен еліміз үшін орны толмас, қайтпас шығынның бірі болатын түрі бар».

Кезінде жоғары оқу орнының ректоры болған Е.А.Бөкетовтің осы пікірі әлі де маңызын жойған жоқ. Тек жоғарғы білімді деген атақ үшін ұрпағын қаласын-қаламасын кез-келген мамандыққа итермелеген, еріксіз оқыту, ел болашағы оның ғылымы мен өнерін экономикасына тигізер зияны аса қауіпті.

«Адамның бойындағы асыл қасиет — оның ойлары, сол ойларды туғызатын білімі, — дейді публицист. — Сол ойлардан туатын сөздер, жүзеге асатын әрекет-қимылдар — оны қуанышқа, табысқа, бақытқа жеткізетін құрал, жол күші».

Е.А.Бөкетов публицистикасындағы пайымдауды осы тұжырым да қуаттап тұр.

Е.А.Бөкетовтің публицистикалық шығармаларындағы өзіне ғана тән ерекшеліктерінің бірі әдебиет пен жаратылыстану ғылымының арасындағы дәнекерлігі. Жалпы, ғылым мен әдебиетті егіз ұғым деп бағалаған Е.Бөкетов оны өз шығармаларында үнемі тілге тиек стіп отырады. 1975 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген ғылым, өнер туралы ойлары топтасқан «Атан қомында туған адам» атты кітабындағы «Селен мен өлең» атты алғы сөзінде З.Қабдолов: «Евнейді — Евней еткен көркем әдебиет. Білеміз, Евней Бөкетов — шірмен ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Бірақ ол оқымыстылығының өзімен де бәрінен бұрын Пушкин мен Абайға, Әуезов пен Маяковскийге қарыздар» деген еді.

Ғылым мен көркем әдебиет туралы Е.Бөкетовтің өзіндік пікірлері төмендегіге саяды: «Бұл сұраққа мен А.М.Горькийдің сөзімен жауап берер едім: «Ғылым мен көркем әдебиетте екеуіне де бірдей тән қасиеттер көп: екеуі де зер салып бақылауды, салыстыруды, зерттеуді тілейді, көркем суреттерге де, ғылымға да болжампаздық пен тапқыштық, яғни «интуиция» қажет немесе Аль-

берт Эйнштейн тамаша айтқан: «Ғылыми ойланып-толғануда қашанда поэзия элементі бар. Шын ғылым мен шын музыка біркелкі ойланып-толғану процесін тілейді» деген пікірлер Е.Бөкетов үшін өмірлік тәжірибе теориясына айналған.

«Алып адым» атты мақаласында мынадай қызық ойлар келтірген. «Қыз Жібек» қиссасында Базарбайдың Төлегені қыз іздеп, Ақ Жайыққа аттанбақ болғанда,

Жаратты бір қара көк тұлпар атты,
Өзі жорға жануар құс қанатты.
Тұрманының барлығын алтындатып,
Күміспен төрт аяғын тағалатты, —

деген сөздер бар. «Әрі әдемі, әрі мәнді сөздер. Бір жағынан, Базарбайдың байлығы мен Төлегеннің салдығы көркем сипатталса, екінші жағынан, алыс жолға шығатын жолаушының аты тағалы болуы ескерілген. Бірақ, Төлегеннің алыс жорықта игеріп, қыз Жібектің көшіне жеткені шын болса, Бозжорғаны күміспен тағалауы бекер ме деп ойлаймыз, өйткені, күміс таға бірінші шақпақ таспен кездесуге шыдамай, жаншылып, шелісі үзіліп, түсіп қалар еді де, жорғаны бірден ақсатып, Төлегенді Жағалбайлыдан шықпай жатып, жаяулатар еді. Біздің елде Мешелдің Жаналысы дейтін болыс, қыз Жібек қиссасының осы бір сөздеріне сеніп, өзінің бәйгіге қосып жүрген тұлпар атын қаладан шақыртып, зергер жалдап, осы Төлегенше әшекей күміспен тағалатам деп, ақыры ақсатып алғанын ауыл ақсақалдары осы күнге дейін аңыз етіп айтады. Әшекейге лайықты алтын мен күміс, ауада тотықпай, жалтырап көз тартып тұрса да, табиғатынан жұмсақ, майысқыш болып келеді де, қаттылық пен беріктікті тілейтін істерге жұмсағанда осалдық білдіреді.

Қыз Жібек жырындағы бір шумақ өлең астарынан осылайша ғылыми ой түйген Е.А.Бөкетов жалпы әдебиеттегі зерттеуді қажет ететін кейбір тылсым сырлар ұштығын ұстатқандай әсер береді. Көп жазушыларға тән қасиет Е.А.Бөкетов бойында да болған. Евекенде жасынан ауыз әдебиетінің нәрімен сусындап өскен. Ескіден келе жатқан ертегі-қиссаларды зерделеп, жаттап өскен бозбалаға ең бірінші өлең өлкесі есігін ашқан.

Бірақ селенмен айналысқан азамат үшін өлең тек жан сергітер серігі болып қала берген. Жаратылыс тануды өлеңмен сөйлет-

кен Евней таланты тағы да бір қырынан көрінгендей. «Әр іс өзі бір жүйең» атты өлеңі жаратылыс тануды поэзия тілімен өрнектейді. Онда мынадай жолдар бар:

Күкірт, темір әм селен
үшеуі де халькоген!
Бұл үшеуі, жобасы,
Нәзік жыныс болғансын
Жүрмесе тек біреумен
кұшақтасып, қолдасып,
Сезеді ешбір оңбасын
Темір, мырыш, қорғасын.
қалайы, мыс, никельдей
Мықтылармен табысып,
Жанын алып, жабысып.
әл-перідей арбасар, —

деп, химиялық қосылыстардың ерекшелігін өлеңмен баяндайды. Кейде Бөкетовтің ғылыми-публицистикалық мақала зерттеулерінің жазылуына әдебиет пен өнер, поэзияның түрткі болып, шығармашылығына шабыт ашып жататыны бар. Қай ғылыми мақаласын оқымаңыз онда көркем әдебиеттің нышандары қайтсе де қылаң беріп тұрады. Әдебиеттен жаратылыс тану ғылымының сонарын танып, соны ғылыми тұрғыда кеңітіп зерттеу Е.А.Бөкетов публицистикасына тән қасиет. «Зерде» журналының 2000 жылғы 3–4 нөмірінде: «Бөкетовтің ертеректе жазылған көлемі 50 мәшеңкелік беттей «Көмір мен судан: мұнай, бензин, керосин және басқалары» атты мақаласының редакция архивінен табылғанын, журналға жариялауға келетін танымдық мәні зор дүние екендігін, оның үстіне Евней Бөкетов «Білім және еңбек» — «Зерденің» ең алғашқы редакциялық алқасының мүшесі, әрі белсенді авторы және жанашыры болған. Сондықтан журналымыз 40 жасқа толған мерейтойға орай кездейсоқ табылған бұл дүниені ықшамдап, қазақшалап, бір-екі нөмірге жариялауды жөн көргендерін айтады.

Бірден айта кету керек, бұл көлемді мақаланың жазылуына да тағы да Е.Бөкетовтің әдебиетшілдігі, поэзияға жақындығы себеп болғанға ұқсайды. Өйткені мақала әлқиссасы Сергей Есениннің драмалық поэмасы «Пугачевте» шаруалар көтерілісінің көсеміне жақын жүретін күрескердің бірінің:

Я хотел бы вернуть и поверить снова,
Что вот эту луну,
Как керосиновую лампу в час вечерний,
Зажигает фонарщик из города Тамбова, —

деп айтатын бір шумақ өлеңімен басталады. Ақын Кавказда болып, 1924 жылы біраз уақыт Бакуде тұрған. Сонда оған отандық керосиннің шыққан жерінде біреу-міреудің мұнайдың өндірілу тарихы мен пайдаланылуы туралы әңгімелеп беруі, сол арада ақынның әбестік жібергенін бір-ақ білуі ықтимал. Өйткені әлгі айтып отырған керосин лампа (шам) Пугачев көтерілісінен кейін сексен жылдай өткен соң, яғни 1853 жылы поляк Игнатий Лукасевичтің жасауымен дүниеге келген едің — дейді.

Сөйтіп, С.Есениннің бір шумақ өлеңі дүниеге ғылыми-танымдық мәні зор публицистикалық зерттеудің келуіне себепкер болады.

Оның үстіне ғылымға төн кіршіксіз таза көңілінің, адамгершілік қасиетінің болмысындай зерттеу эпигрофына академик В.И. Вернадскийдің «Барлық ғылым тарихы дәлелдейді. Уақыт іргерілеген сайын ғылым өзінің бұрынғы әріптесі көре алмаған, біле алмаған жаңалықтарды аша бердің деген сөзді келтірген. Вернадскийдің осы тұжырымы Е.Бөкетовтің ғылым жолында орасан зор жаңалықтар ашса да кешегісі мен ертеңіне деген сенімін, үмітін, адалдығын үнемі жадында ұстап өткендігін көрсетеді.

Е.Бөкетов очерктерін сөз еткенде тілге тиек етер ерекшеліктің бірі әр нәрсеге объективті түрде баға беруі болып табылады.

Очерк пен публицистика жанрын зерттеуші Т.Ыдырысов:

«Публицистика мен очерктерді өмірдің барлаушысы деп атайды. Бұл сөз — ортақ. ойдан шыққан орынды сөз, шынында да одан ұшқыр, одан өткір, одан алғыр көркем творчествоның құралы жоқ десе де артық емес. Оның азаматтық дауысы, жауынгерлік дабылы, идеялық биіктігі, шеберлік тереңдігі жыл санап жетіліп, кемелденіп келе жатқаны сөзсіз. Ол өмірдің өзекті мәселелерін халықаралық саясат жәйттерін, күнделікті тіршілік құбылыстарын жазуда басқа жанрлардан алда тұр.» — дейді.

Е.А.Бөкетовтің «Канада көріністері» атты жол-сапар очеркі осы айтқан теориялық негізге толық жауап беріп тұр деп айтуға болады. Біріншіден, «Жабық есік» жағдайын бастан кешкен ке-

шегі Кеңес Империясы құрсауындағы бодан мемлекет өкілінің шет елге сапарға шығып, көргенімен көңілге түйгенін баспасөз арқылы бұқара халыққа жеткізуі ол кезде үлкен жауапкершілікті жүктейтін. Екіншіден, Кеңес идеологиясы үшін капиталистік жүйедегілердің өмірін құбыжық етіп көрсету негізгі салтқа айналған түс еді. Бұл очеркте Е.Бөкетовтің басқа әсерлерінен гөрі ғалым ретіндегі көзқарасы өзінің объективтілігімен ерекшеленбей қоймайды.

Публицист өз дәуірінің шындығын жазады десек, Е.Бөкетов заманы екі ұлы державаның арбасқан уақыты еді. Идеология қанша ынтызар болса да, барды жоқ, ақты қара деп жазу нағыз публицист-қаламгер үшін болашақ ұрпақ алдында күнә болар еді. Замана болмысынан сыр аңдаған сыралғы жандар бұл жолда қателескен жоқ. Қателескендер, қызыл империяның қол жаулығына айналып, туған халқына қарсы шыққандар да болды. Е.Бөкетов публицистикасындағы парасатты пайымдаулар мен терең танымдарды зерделей отырып, уақыт шындығының шырғалаң шежіресіне қаныға түсетініміз сондықтан.

Осы пікірімізді публицистика жанрын зерттеуші белгілі ғалым Т.Б.Дырысов былай деп қуаттай түседі: «Бұл өзі — (Жол-сапар очеркі. Қ.А.) очерктің ең көне түрі. Өйткені, танымаған, көрмеген жерді көруге, білуге, саяхат сапарына деген құмарлық ешқашан басылған емес. Демек, очерктің бұл түрінің арқауы — саяхат. Бұрын болмаған, көрмеген, танымаған елдің жер-суы, тұрмысы, салт-санасы, мәдениет ескерткіштері, халықтардың өміріндегі тарихи өзгерістер автордың өзіндік толғам, әсері, саяси көзқарасы арқылы баяндалады. Мұнда автор позициясының, өмір болмысын шынайы суреттеудің рөлі күшті. Жол-сапар очеркінде келтірілген фактілер, мәліметтер оқушының ой-өрісін кеңейтуге, идеялық жағынан шыңдауына септігін тигізуі шарт. Осы арада ескерте кететін бір жайт, журналистер мен жазушылардың, ғалымдардың шетелдерге саяхатқа барып келгеннен кейін жазған очерктерінде белгілі бір елдің ежелгі тарихымен, әдет-ғұрпымен, экзотикасымен орынсыз әуестеніп, шетелдердегі нақты өмір болмысын терең ашып көрсетпей, үстірт, сыдырта өте шығуын құптауға болмайды».

Зерттеушінің бұл пікірінің маңыздылығын «Канада көріністері» очеркін оқығанымызда анық аңғарғандай болдық. Бұл очерк 1967 жылы «Орталық Қазақстанның» қыркүйек айындағы N218,

219, 220, 221 сандарында жарияланған болатын. Кейіннен қаламгердің «Көкейкесті» жинағына енгізілді.

Бұл очерктің өзіндік ерекшелігін ой жүйелілігінің желі үзбей жазылуынан қарастырған жөн. «Мен еліміз социалистік өмір құра бастағанда туып, капиталистік өмірді көрмей өскен адаммын», — деп басталады жолжазба очеркі. Тұңғыш рет шет елге онда да капиталистік қоғамға бет түзеген ғалым адамның ішкі толғанысы очеркте өте әсерлі жазылған. «Канадаға барасың деген хабар келгенде мен әрі қуандым да, әрі түрлі ойларға түстім» — деген автор тебіренісі бұл сапардың қаншалықты маңызды екендігін сезінгендігінен туса керек. Самолетке отырып, мұхитты бетке алған сәтінен басталған ішкі толғаныс Е.А.Бөкетовтің қоғамдық көзқарасы мен азаматтық пайым-парасатымен астаса өрбіп, оқушысын бірден баурап, өз қиял әлеміне бірге қанат қақтырады. Сырт көз сыншыл демекші, Е.А.Бөкетов көрген Канада дамыған ел санатына жатқанымен оның да күнгейі мен көлеңкелі тұстары бар екендігін нақты мысалдармен көрсете білген.

Очерк болмысының басты ерекшелігі көрген-білгенін тізіп жазу емес, әр нәрседен ой түйіп, оны салмақтап, саралауында жатыр. Мысалы, Канададағы кітап дүкендерін автор былайша баяндайды. «Адамға білім беретін, рухани азық болатын кітаптар, мысалы классиктердің шығармалары дүкеннің арғы бұрыш жағында, көзге онша түсе қоймайды. Кітап саудасы да бұл жерде долларды көбейтудің бір әдісі, сондықтан тоғышарларға арналған секс пен бұзушылықты сипаттайтын кітаптар ең өтімді, ең қымбат кітап сияқты. Әрине, бұл дүкендерде жақсы, мазмұнды, оқығанда пікір туғызып отыратын кітапқа құмартқан адам өз іздегенін табар да, бірақ пәк жолдан шық деп, қытықтап тұрған мұқабалардың арасынан жігері жетіп аман өтсе ғана табар.»

Адамның рухани азығы өнер мен білімге, оқу мен ғылымға төнген өркениет «жетістігінің» қатерін сонау 1967 жылы Канада жерінде сезіп, соны өзінің публицистикалық мұрасында жазып, ескертіп кеткен Бөкетов көрегендігі араға 40 жыл салғанда, өз Отаны Қазақстанда да қайталанатынын сол кезде сезді ме, кім білсін?.. Кейде зерттеушілер ұлы адамдар қолтаңбасының, рухани мұрасының өміршендігі туралы айтып жатады. Бұл өмірдегі шындық. Қаламгердің хаты өлмейтіндігін ғасырлар қойнауынан жеткен рухани құндылықтар дәлелдеуде. Аз ғұмырында артына

ишпес мұра қалдырған перзенттеріміз қаншама?! Шоқан, Абай, Сұлтанмахмұттар мен Сәкен, Мағжан, Міржақып қаламынан туған көсем ойлы көркем сөздер уақыт өткен сайын өз қасиетін айныпқтай түсуде. Солардың легінде Е.Бөкетов публицистикасының парасат, пайымы да өз нәрін бере берері сөзсіз. Әсіресе, әр дәуірдің жауынгер жанры публицистикалық еңбектердің қалың бұқараға тигізер ықпалы мен тәлім-тәрбиесі зор. Ол туралы зерттеуші ғалымдар да келісті тұжырым айтады: «Публицистика — жазушы мен журналистің әлеуметтік пікір айтуы, күнделікті өмірге, әр қилы қоғамдық құбылысқа кемел талантпен үн қосуы, көркемдік шабытпен терең ой тастап, жұртшылықты белгілі бір оқиғаға, құбылысқа еріте, еліктіре білуі. Екінші сөзбен айтқанда, публицистика дегеніміз — саяси-көркем проза, қаламгердің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді толғауы».

«Канада көріністері» жол-сапар очеркінде зерттеуші ғалым келтірген осы талаптардың, дені көрініс тапқан. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирендіретін халықтық қағида көсемсөз үлгісінде осы очеркте анық байқалады. Әлеуметтік ерекшеліктерді қозғаумен қатар, Е.Бөкетов бұл очеркінде көркемдік ерекшелікке де өте зор мән берген. Сондықтанда Е.Бөкетов публицистикасындағы таңдаулы туындылар қатарында «Канада көріністері» жолжазба очеркінің де шоқтығы биік болып табылады.

Е.Бөкетов публицистикасының негізгі арқауларының бірі — дәстүр, тағылым аясында әрбитіндігін біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл тұрғыда қаламгер көптеген мақалалар мен лекциялық баяндамалар жазғаны мәлім. Жастардың оқу-білімге құштарлығын ояту, тәлімді, тәрбиелі, мәдениетті болып қалыптасуына ықпал ететін, уәлі сөздері мен дәйекті пайымдауларын публицистикалық шығармаларынан анық байқаймыз. Мысалы: «Ағадан ақыл, ініден ілтипат», «Қарапа үйден Қарағанды Университетіне дейін», «Жас замандас келбеті», «Арманшыл болғанға не жетсін», «Сыйлас, сырлас, көмектес», «Парасат — білім бұлағы», «Ғылым көкжиегін көкесек» атты мақалалары өскелең ұрпақ бойындағы жақсы қасиеттер мен парасаттылықтың қалыптасуына ықпал ететін, соған меңзейтін дүниелер.

Жастар тақырыбындағы қай мақаласында болмасын көтерер өзекті мәселенің бірі. өскелең ұрпақты жат қасиеттерден, менендіктен, тәкәппарлықтан, мансапқорлық пен көрсеқырарлықтан

сақтандырып, ғылым, білімнің қоғамға тигізер пайдасының қаншалықты салмақты екендігін ескерту болып табылады.

«Сыйлас, сырлас, көмектес» аттас мақаласында: «Амал не жастардың арасынан ғылымның бірінші сатысына жетер-жетпестен-ақ «Мен білгенді кім біледі» деп кеудесін соғатындар кездесіп қалады. Мұндай зиянды мінезді ерте білсе, ерте жоюға болар еді-ау, ал осындай осалдық есейіп, едәуір лауазымға ие болып қалған кезге дейін ілесіп барса, ғылыми ортаға одан ауыр жоқ» — деп қиналыс білдіреді.

Публицистке тән болмыспен өлшер болсақ, Е.Бөкетовтің осылайша толғануын қайраткерлік, азаматтық тұлғадағы пайым-түйсігі, өздік санадан ұлттық санаға ұласқан биік парасаты деп бағалар едік. Жастар жөніндегі публицистикалық шығармаларындағы Е.Бөкетовке тән өзгешелік оның білікті педагогтық-психологиялық таным-түйсігінің тереңдігі болып табылады. «Қазіргі жастарға гөй-гөй, ақылдың керегі жоқ, олардың көзі ашық, көкірегі ояу», — дейтін Е.Бөкетов олармен «сырласудың», «сыйласудың» өзіндік жолын қарастырады. «Жастардың болашағын мезгеу ісіне ойдағыдай көңіл бөлінсе, олардың басым көпшілігінің қабілетін уақытылы танып, сол қабілетіне орай әуестігін тәрбиелеуге болатыны тіршілік тәрбиесінен белгілі ақиқат. Әрине, бұл үшін баланың өсіп-қалыптасудағы құбылыстарына сергек үңіліп отырытын ата-ана керек те, оқушы баланың ішкі сырындағы ауытқушылықтарды мезгілімен сезініп, жамандыққа ауыстармай баулуға тырысатын оқытушы ұстаз керек» — дейді «Жастардың болашағын ойлай түссек» атты мақаласында.

«Публицистикаға ең керегі ой, жан тербер пікір. Байыптай қараған адамға айнала — тұнып тұрған публицистика. Небір мәнді оқиғалар, проблемалар, ғажап адамдар бар. Сол проблемалардың мәніне, адамдардың жан-дүниесіне үңілсе, міне, нағыз публицистика осы». Публицистика болмысын ашатын осы аксиома Е.Бөкетов шығармаларының барлығына тән қасиет.

Жұлдыз № 6, 2003 ж.

Е.А.БӨКЕТОВ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШЕБЕРЛІК ПЕН ШЕШЕНДІК

Бөкетов шығармалары және аударма жөнінде жазған сын-зерттеу мақалалары туралы кезінде баспасөз беттері мен ғылыми зерттеулерде біраз айтылғаны белгілі. Бөкетовтің «Көркем аударма, хал қалай?» атты мақаласы, автордың бұл салада жан-жақты хабардарлығын көрсетеді. «Көркем аударма — творчестволық қызметтің ең қиын салаларының бірі. Бұл қалыптасқан қағиданы дәлелдеп жатудың еш қажеті жоқ сияқты. Бүгіндері басқа бауырлас әдебиеттермен терезесі тең тұрған төл әдебиетіміз өзінің балаң кезінен бастап оған ықылас-ыттипат қойып отыр», — дейді автор аталмыш мақаласында.

Жалпы Бөкетов аударған С.Есенин, В.Маяковский, Пушкин, Шекспир шығармаларының шедевр туындылары қазақ тілінде қалың оқырман жүрегіне жол тапқан дүниелер болып саналады. Есениннің «Анна Снегина», «Письмо женщине», «Собака Качалова», Маяковскийдің «Хорошо», Пушкиннің «Полководец», Шекспирдің «Макбет», «Юлий Цезарь», Надсонның «Только утро любви хорошо» атты туындыларының Бөкетов тәржімасындағы нұсқаларына қазақ әдебиетінің белгілі сыншылары жоғыры баға береді. Сыншы Рәбиға Сыздықова: «Е.А.Бөкетовтің тамаша аудармаларына берілген құнды пікірлерді оқып, жазушы-аудармашының әдебиет пен өнерге деген көзқарасы, әңгімелерінің деңгейіндегі парасаттылығын байқап, марқайып қаласың. Оның аударған шығармалары халқымыздың рухани қазынасына қосылатындығы даусыз».

Болгар жазушысы И.Вазовтың «Бұғауда» романын 1959 жылы И.Васеленконың «Артемка» повесін, Э.Золяның әңгімелері мен мақалаларын 1956 жылы аударып жарыққа шағарған да Е.А.Бөкетов, С.Есениннің «Менің махаббатым» атты өлендері мен поэмалары 1978 жылы Е.А.Бөкетовтің аударуымен жарық көрді.

Кітаптың алғы сөзін жазған академик-сыншы М. Қаратаевтың Бөкетов аудармасына берген пікірін біз зерттеу барысында келтірген болатынбыз.

Осы жерде Бөкетовтің аударма саласында ден қоюы, оны әдебиеттің күрделі саласына балай тұрып, оған талап қылуы, былайғы жұрттың қызығушылығын туғызады. Біздің айтпағымыз, аудармаға деген әуестік Бөкетов бойына бала кезінен бастап пайда болған қасиет. Педагогикалық еңбектің ардагері, қарт ұстаз Қари Сенкібаев «Бәрімізге бауыр еді атты естелігінде мынадай бір қызық дерек келтіреді: «Евней — көпшілік те, «артист» те болатын. Жаңылмасам, 7–8 кластарда оқып жүргенде болар, ол А.С.Пушкиннің «Тас мейман» атты шағын драмасының қазақша аудармасын өзі бас болып мектеп саханасына шығарды. Драманы да өзі ойнады. Осы күнге дейін ұмытпағанымға қарағанда, бұл қойылым әсерлі шыққан болар деп топшылаймын».

Бөкетов ең алдымен аудармаға үлкен жауапкершілікпен қараған адам. Оған өзінің: «Аударманы көркем әдебиеттің дарынмен шеберлік тілейтін ауыр саласы деп түсінбеушілікте, оған көлденең көк аттының кірісіп кетуінде деп ойлаймыз. Әрине, көркем дүниеге жеңіл кәсіп деп қараған аудармашыдан рухани қанат тілейтін шынайы шығарма туа қалуы екі талай», — деген сөздері дәлел болса керек. Аударма көкжиегін бетке алғанда Бөкетов санасында орыстың атақты ақыны, әрі аудармашысы В.А.Жуковскийдің: «Прозаны аударушы — автордың құлы, поэзияны аударушы — автордың бәсекелесі», — деген сөздері тұратын. Ол осы қағиданы ұстанды, сол жолда еңбегі де жеміссіз болған жоқ. Қарағандылық ғалымдар Ж.Қ.Смағұлов пен Ш.Ш.Жалмақанов: «Е.А.Бөкетов және көркем аударма мәселелері» атты ғылыми мақалаларында аудармашы, ақын В.А.Жуковскийдің біз келтірген пікірінің Бөкетов ұғымындағы сипатын былайша өрбітеді: «Бұл сөздер, — деп нақтылайды Е.А.Бөкетов, — аудармашы ақынға зор сын, зор жауапкершілік алдында тұрғанын, ұлы ақынның асыл қазынасын басқа тілге аудару үшін аудармашының өзі шебер, талантты ақын болу керектігін дәлелдейді».

Көркем аудармада, оның ішінде поэзияда ұлы шығармасын тәржімалағанда стиль мен ритмиканы, ой мен бейнені дәлме-дәл келтіруге ұмтылу қажеттігін басты мақсат тұту керектігіне баса көңіл аударған. Е.А.Бөкетов өз аудармаларында және ол туралы ой-көзқарастарында дәлме-дәл тәржімалуға басты мән берген. Дәлме-дәл тәржімаға жету үшін ақынның аударуға алған шығармасын ғана емес, бүкіл шығармашылық жолын, ақындық кредо-

сын жан-жақты зерттеп, болмыс-бітімін түгелдей түсініп барып, кірісуді қалағанын аңғару қиын емес», — дейді. Мысалы: Шекспирдің «Макбеті» Бөкетов аудармасында өзінің поэзиялық бояуы мен ұлттық тұрпатын сақтай отырып, шебер аударған. Б.Пастернак аударған орыс тіліндегі Дунканның: «Наш храбрый родич! Чести образец» — деген сөзері Бөкетов аудармасында: «Қаны бір арысым, жіберсін бе намысын!» деп тіптен әсерлі болып естіледі. Немесе үш мыстанның қосылып айтатын:

«Взявшись за руки, бегом
В круговую в пляс пойдем.
Замелькает хоровод,
Из-под ног земля уйдет.
Десять раз кругом, кругом
Обежим и круг замкнем.
Круг заклят, и слово наше крепко!»

— деген өлең жолдары Бөкетов тәржімасында қазақтың төл өлеңіндей тілге де, жүрекке де жылы тиіп, бірден оқырманын еліктіріп әкетеді.

«Қол ұстасып жөнелейік,
Дөңгеленіп би билейік.
Жер мен аспан көзден ғайып
Болғанынша зымырайық
Тоғыз рет айналып кеп
Би шеңберін тұйықтайық!
Орта қарғысқа толсын!
Сөзіміз бикем болсын!».

«Аудармашы ақынның бәсекелесі болуы» керектігін Бөкетовтің мақсат ететіні де осындай жолдары аударуынан іздестірген жөн сияқты. Абай аудармасындағы Пушкин мен Лермонтов поэзиясының қуатын да аудармашы таланының қарымынан қарастыратынымыз сондықтан. Белгілі тіл маманы, филология ғылымының докторы Ж.А.Жақыпов: «Қазіргі аударма теориясы аудармаға қатаң талап қояды. Ол «орысшаны қазақшалау, қазақшаны орысшалау» дейтіндей деңгейден әлдеқайда жоғары көтеріліп кеткен. Қазіргі аударма қойылатын талап — екі тілді қарым-қатынасты бір тілді қарым-қатынасты барынша жақындату. Евней Арыстанұлы шығармашылығынан біз жарыспалы қос тілдік де,

аудармаға қойылатын жаңа талап деңгейінде көре аламыз» — дейді.

Бөкетовтің аудармаға деген көзқарасы, сондай-ақ батыл, шыннайы пікір айта білетіндігі оқырман қауымға 1953 жылдан бастап таныс бола бастады. 1953 жылдың 24-ші ақпан күніндегі «Ленинская смена» газетінде жарық көрген «О халтурном переводе и невзыскательных издателях» атты мақаласы сол кездегі аударманың көркемдік деңгейінің қандай дәрежеде екендігін әшкерлейтін өткір сын ретінде бағаланады. Бұдан кейін де Бөкетов көркем аударма мәселесіне үлкен көңіл бөліп, оны үнемі назарында ұстап жүрді. «Казахстанская правда» газетінің 1953 жылғы 29 наурыз күнгі санында ұлы ақын В.Маяковскийдің қазақ тіліне аударылып басылып шыққан кітабының көркемдік мәселесіне арналған екі подвалдық үлкен мақала жарияланды. Авторы әлеуметке әлі таныла қоймаған Евней Бөкетов еді. Біз бұл туралы М.Әлімбаев естелігінде айтқан болатынбыз. Ондағы: «Мақала авторы болса аудармашыларды шетінен қирата сынапты. Ешкімнің Алатаудай атағына, биік беделіне қарамай, бетің бар, жүзің бар деместен сілкілеген екен. Және сынауы сындарлы, дәлелді, пікірі орынды сияқты», — деген Мұзафар Әлімбаев сөзі Бөкетов мақаласының мәніне берілген орынды пікір болып саналады.

Көркем аударма жөнінде жазған «Повести Гоголя на казахском языке», «О переводах на казахский язык произведений В.В.Маяковского», «О халтурном переводе и невзыскательных издателях», «Көркем аударма, хал қалай?» т.б. сын-пікір мақалалары өз уақытындағы әдебиет өмірінің кескін-келбетін, даму, өркендеу жолдарын баяндайтын дүниелер қатарына жатады.

Көркем аударма мәселесі әдебиетімізде әлі күнге дейін үлкен проблема болып отыр. Сондықтан да Бөкетов оған үлкен жауапкершілікпен қарауды міндеттейді. Мысалы, «Совет елінің өнерінің үлкен өкілі — Э.Межелайтис лирико-философиялық ойдың ақыны. Әлемде өтіп жатқан қоғамдық оқиғаларға тынбай үн қосып, дара даусын танытып келе жатқан күрделі құбылыс, кен танымал суреткер. Оның туындылары жеңіл-желпі, жүрдім-бардым қазақшалауға болмайды. Өкінішке орай, ол біздің аудармамызда әлі күнге дейін ойдағыдай шықпай келеді. Жасампаз адамға арналған гимн іспеттес атақты «Адам» деген өлеңін алайық» — деп сондағы өлең жолдарының аудармаларын келтіре отырып,

Бокетов былай деп жазады: «Э.Межелайтис жырларының рухы, ырқалылығы қазақшасында өшіп, тым қарабайырланып кеткен. Ыс белбеу, жырдың көркемдік құнын кемітетін арзан сөздер көбейген. Еш уақытта Литва ақыны:

«Егіз шырағдан сияқты
Планеталарды жайнатшы»,
(түпнұсқада Қ.А.)
Так стою меж двумя шарами —
солнечным и земным»,

– деген болар еді. Ол жер мен көкті тіреген адам құдіретін жыр етеді. Және, ол «ми қыртысы», мидың алуан байлығы жердің кең қабатынан аумағанды айтпаған, керсінше «Кен қазба байлығы секілді ми қабаттары терең, бай» дегенге сілтеп тұр емес пе айдан анық?» — дейді.

Бұл Бөкетовтің көркем аудармада жіберілген кемшілікті келтірген бір ғана мысалы. «Көркем аударма, хал қалай?» атты сын-мақаласында осы сияқты көптеген көкейкесті мәселелерді сөз етеді.

Бөкетовтің аударма жайлы жазған ой-пікірлері, сын-ескертуелері өз дәуірінің қажеттілігіне ғана жарап тұрған жоқ. Публицист қаламынан туған толғақты пайымдаулар мен дәлелді дәйектер құндылығы бүгінгі таңда да өз көкейкестілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан: «Көркем аударма — өскелең әдебиетіміздің аса бір көрнекті, аса бір салмақты саласының бірі, оның дамуын, өсіп-өрбуін, сапасы артуын әдебиетіміздің басқа салаларымен бірдей қарастырып, оған күйбеңсіз кең өріс ашуымыз қажет», — деген Бөкетов сөзі бүгінгі күнге де, болашақта да өз маңыздылығын жоғалтпақ емес.

Азия транзит № 12(21), 2001 ж.

ДАУЫЛПАЗ ДАРЫН

Отыз бір — отыз екінші жылдары ел іші қатты қиыншылықта Евнейдің әкесі Арыстан өз елі Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев ауданынан іргелес Қорған қаласы жаққа көшіп барған. Үш-төрт шиееттей жас баласы бар. Үлкені Евней — алты-жетілерде. Анасы Бәлтай киім-кешектерін жамап-жасқап, бүтіндеп отырады. Арыстан жалғыз биесін жегіп, осы күнгі Қорған облысының бірнеше селосында болады. Әр селоның шет жағында жаппада күркеде отырады. Бір қыс Иван дейтін қайырымды бір орыстың ауыз үйін паналайды. Арыстан етік тігеді, пима жамайды. Бар күн көріс қарекет осы. Ақысына әркім нан, картоп береді. Кейін шелектеп бидай да алады. Қызылжар қаласынан санағанда теміржол бойындағы төрт станциядан әрі Мокроусово дейтін шағын қала бар. Қазіргі Мамлют, Петухово, Макушино, Лебязье станцияларынан әрі, Қорған қаласына қарай Мокроусово ауданының орталығы, Қазақ оны Мокрасбай дейді. Евней де солай атайтын. Е.А.Бөкетов өзінің алғаш метеп босағасын аттаған өмірін болашақ жемісті өмір жолын бір жоқшылық көшпенділік кезде дәл осы арадан бастағанын ерекше елжірей еске түсіруші еді.

Е.А.Бөкетовтің айтуынша, Мокроусово іргесінде Мал Қазақ дейтін өзен бар. Жағасында мектеп. Бірінші класты Евней осында оқиды. Өзен жағасының жары биік. Кірме қазақ баласының үстінде қаудырлаған жыртқық тон. Жергілікті село балалары киімі жыртқық бөтен баланы жатсынып па, әлде балалықпен қызық көріп пе, әйтеуір оны үзіліс кезінде өзен қабағынан төмен сырғаната береді. Әлі орысша жөнді тіл білмейтін балаға бұл қиын. Биік, тік жардан арнадағы мұзға домалаған қазақ баласын бір кексе мұғалима көбінесе өзі шығарып алады. Қала балаларының жалғыз Евнейді шетке қақпауын қадағалап, көзін салып, қорғап жүрді.

— Сол мұғалімімізді Августина деуші едік. Осы кісі мені көзінен таса қылмайтын, — дейтін Евней. «Августина» деп жүрген кісімің «Августа Устиновна» екенін кейін түсіндім. Екі есімді бір адамның аты екен деп қосып айтқанымды кейін білдім. Әкеміз базарға барып, шәй әлде ұн сатып алған ба, әйтеуір Лебязье

станциясында оны милиция абақтыға жауып, күн көріп жүрген жалғыз биесін де алып қойыпты. Бізді аяп Августа Устиновна қырық шақырымдай станцияға барып, әкемізді босатып әкелді. Биесін де қайтартып бергізді. Сол ұстазыма мәңгі бақи қарыздармын. Сондан бері көргенім жоқ. Әкемнің бар жазығы базарда бірдеңе сатып, бірдеңе алып тұрғаны болса керек.

Евней інімізден: «Сол Мал Қазақ өзеніне бір апарсайшы. Бұл қайдан шыққан сөз екен? Тегі, бұл қазақ елі өзі қоймаған ат болар» деп жүрдім. Арада он бес жыл өткенде, 1981 жылдың шілдеде көптен көңілдегі жұмбақ өзен — Мал Қазаққа барудың сәті түсті. Шыным, алпысыншы жылдары Евней Арыстанұлы туралы очерк жазғанымда оның бала күнінде жар басынан жалпылдап сырғанаған өзеннің жағасы өз көңілімде, қиялымда өте бір биік жар еді. Өзеннің арнасы да кең көрініп еді.

Міне Мал Қазақ өзенін көргелі шықтық. Аты жұмбақ. Заты қандай? Үш-төрт машинамыз. Бұл алап поезбен әрі-бері талай өткен өңірім. Тек бұрын бұл тұста темір жол қапталынан аттап оңды-солды шыққан емен. Соғыстан бұрын Қазақстан мен Советтік Россия шекарасы саналатын Петрухово станциясында кейін майданнан оралмаған өз ағам Қажыбай қызметте болып еді. Ол кезде мен Алматыдан осы маңға жиі хат жазып, өзім де осы арадан хат-хабар алып, сәлем-сауқат жіберісіп тұрушы едік.

Қарағанды профессорлары, туған жерілері Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев, Мамлют аудандары Е.Бөкетов, З.Молдахматов інілерімізбен уәделесіп, 1981 жылдың шілде айы басында осы екі ғалымның жазғы тыныс-демалысы кезінде Мал Қазаққа жол жүрдік. Мен СССР жазушыларының Москвада өткен кезекті VII съезінен поезбен қайттым. Қызылжарға, одан оның сыртындағы еліне аздап аялдап, кейін Қарағандыға тоқтағысы келетін атақты жазушымыз Ғабит Мүсірепов ағамызға астанадан үш-төрт адам ере шықтық. Қалдырлы ақсақалымызға жазушылар Сәкен Жүнісов, Ғафу Қайырбеков бәріміз атқосшы болдық. Бір купеде Ғабеннің көңілін көтеріп, өзіміз де көңілді қайттық. Ғабенді Солтүстік Қазақстан облысының партия, совет қызметкерлері, журналистері Петропавл вокзалында тосып алды. Қорған жаққа баратын Е.Бөкетов пен З.Молдахметов жолдастар да сонда келді. Ғабеннен рұқсат алып, енді аз күнде Қарағандыда кездесетін болып, уақытша қош айтысып, біз өз жолымызбен Орал тауына қарай кейін қайттық.

Біз Макушино станциясында сөзге жүйрік, көнеден хабар мол Байсалбай ақсақалға кездестік. Жасы 86-да болса да, әлі тіл кісі екен. Бұл адам тоқсанның үстіне шығып, осы таяуда қайты болды. Осы ақсақалдың үйіне қойып, Мокроусовоға ертеңінде аттандық. Бұл жақтағы ел-жұрттың, жер-судың жағдайын сұрастырып отырсақ, бұл өңірде «Мал Қазак» дейтін өзен жоқ. Тек Қызық, Қайнақ деп аталатын шағын екі өзен бар. Бұл сулар әлі алдағы жүз шақырымдай Мокроусово қаласы маңында. Қызақтың өзені де екі су сияқты, өйткені орыстар мына біз баратын өзенді «Малый Кизак» дейтін көрінеді. Бала күнінде Евнейдің құлағына осы «Малый Кизак» — жаңсақ естіліп, ақыры оның есінде «Мал қазак» болып сақталыпты. Тегі, орыстардың өздері де қысқартып, әрі тезірек сөйлегенде бір сөзге сыйдырып «Малкизак» дей салатын болса керек. Байсалбай ақсақалдың сөзін естіп, біз дуылдасып бір күлісіп алдық. Жер түбінен әдейі іздеп келген өзеніміз жоқ болып шықты. Ал Евней балалық шағында көкірегіне мықтап орнаған, жадына берік тоқылған сөз — ұғымның басқаша болып шыққанына қатты ренжіп, өкініп те таңырқап отыр. Өзінің бала күнгі шалалығына ұялыңқырап та отыр. Іздегенім табылмайтын болып, мен де өкіндім.

Бірақ Қызақ-Қайнақ ат-атауларының өздері де бізді одан бетер ілгері жетектей түскендей. Сірә, бұл сөздер ертеде қазақ елін жат саяхатшылардың, сырт елдердің сол кездің дағдысыман «Киргиз-Қайсақ» деп бұрмалап айтуынан туған болар деп те ойлап қалдық. Біздің бұл топшалауымыз, жорамалымыз әлі шешіле қойған жоқ. Қызақ, Қайнақ дейтін арналар бір кезде бергі қазақ елі арғы көршілес жұрттардың шекарасы болды ма екен деп те ойлайсың. Себебі, сол «Малый Кизактың» — «Кіші Қызақтың» оң қапталына бұдан 250 жыл бұрын орнаған тас қамал-бекініс тұр. Мұның негізін 1740 жылдары Мокроусов дейтін теңіз солдатты қалапты-мыс. Бұл ара сол бір тұста екі шекарасы болмаса, неге берік бекініс-қамал орнатылады дегендей де орынды сұрақ туады.

Жалпы, Тобыл өзені бойында Мокроусоводан жүз жылдай бұрын салынған бүгінгі облыс орталығы Қорған қаласының өзі де патша өкіметінің сол тұста шығыс шекараға орнатқан бекінісі ғой. «Қорған» дейтін сөздің өзі де Азия атырабын мекендеген бергі беттегі ел-жұрттың атауы болар, әрі екі жаққа да Қорған-бекініс ұғымында айтылған болар. Біз мотоциклді бір милиционер

жігіттен жол көрсетуді өтініп, Мокроусовоның Қорған жақ бетіндегі, бұрын «Малый Кизак» жағасында болған шынтаққа бардық. Евекең бала күнгі көрген жерін, оқыған мектебі орнын бұлжытпай танып тұр. «Малый Кизак» — Мал Қазақ жылап аққан кішкене ғана су. Жағасы да онша биік емес, тіпті жатағандау. Арнасы да шағын. Іргеде мал жайылып жүр. Мал баққан салт атты орыс баласы өз білетінін бізге айтып тұр. Евней баяғы өзі оқыған мектебі орнынын көрсетті. Жып-жылмағай, тып-типыл, көң-қоқыс, болмашы бір төмпешіктер. Қалың өрттен қалған жалғыз қадақ ақселеу шөптей бұтағы сояу жалғыз ағаш қана жетімсіреп тұр.

Евекең суы жылап аққан кішкене өзеннің аяғымыз астындағы жайдақ жағасына, арнасы түбіне дейін қалың шөп басқан тайыз суына үңіле береді. «Ойпыр-ай, осы болмашы сай бір кезде маған қалайша терең жар болып көрінді екен? Малый Кизак неге Мал Қазақ болып естілді екен?» дегендей кейіпшен таңырқап тұр. Көз көрім жерді дөңгелене орағытқан өзен үйірімі мен иірімінің биік қабағы бұдан көп жыл бұрын менің тек қиялымнан туған әдемі көрініс екеніне, Евнейдің балалық шағының сөзін малданып, құлашты тым кеңірек сілтегеніме мен де өкініп тұрмын. Жарқыраған айдын өзен көремін, оның күн түскен қызғылт биік жарының жағасында тұрып, төменде сарқырап, жөңкіле аққан айдын су төніп, қиялымды өзен ағысымен жарыстырамын деп жүретінмін ғой. Қанша да алыстан аты құлағыңды селт еткізіп, іздеп барған адамыңның, не жерінің көңілден шықпауы кімнің де болса бір сәт еңсесін түсіріп тастайтыны белгілі ғой.

Адамға туған жер, алғаш табаны топыраққа тиіп, құмға күйіп, маңдайын күн сүйген аспан қашан да оттай ыстық. Ал біздің қадырлы Евней өзі туған ата-мекенінен әуелде жөнді әсер алмаған адам. Арба үстінде қалғып-шұлғып бөтен жаққа жол тартқан аш-арық баланың есінде нендей көрініс қалмақшы! Евней ұядан ауызмен тістеп алып шығып, аспаннан қалықтата жерге лақтырып жіберіп, қанаттандыратын қараторғайдың балапанындай өз қонысынан ерте кетті. Баланың алғаш мектеп босағасын аттағанын, жар басынан құдилап домалағанын, әке-шешесінің күн-көріс өте күйкі, аянышты болғанын ғана есіне сақтаған жүрекке ыстығы тек осы бір кішкене Қызақ өзені жағасы екен.

— Біздің қосымыз мына алдағы екі-үш қайың түбінде болды. Үш жасындағы інім Марат осы арада өлді. Беріде Қарағандыда

қайтыс болған анамыз Бәлтай аузы уызға жарымай өліп қалған Маратты бауырына басып, әне бір шоқтың түбіне апарды. Ұмытпасам, осы шоқтың бер жақ іргесіне қойды, — деп Евекең кемсеңдегендей иегін шығыс беткейге бұрып күрсініп тұр. Алдағы қайың шоқты қолымен қайта-қайта көрсете береді. — Бұрын сол араға бір қазақ баласы қойылса керек, әйтеуір бір төмпешік бар сияқты еді. Әкеміз үйде жоқ еді. Балапандарына жем іздеп шартараптарға шарқ ұшатын құстай, бізге азық іздеп, күнкөріс қарекетімен бір жаққа кетсе керек. Анам жападан-жалғыз. Балалардың ең үлкені мен. Қасында тек мен ғана болғаным есімде. Шешем бауырындағы жас бөбегін жалғыз өзі көміп, ботадай боздап жылап, мені құшақтай берді. Мен де еңіреп жыладым. Анам мені үйге жетектеп келді. Үй емес, қос, күрке. Иә, әкеміз үйде жоқ еді. Астық іздеп, әлде етік тігіп бір жаққа кетіпті. Келген соң шешеміз екеуі көп жылады. Қайғы-қасірет өз алдына, жалғыздық, жоқтық қиын екен...

Іздеген, тіпті алыстан аңсаған атырабымызды көріп, көңіл сәл жеңілгендей тіпті бой сергіп, еңсеміз көтерілгендей, мойнымыздан бір ауыр жүк түскендей бір міндетімізден құтылғандай, екіншіден, арада елу жыл өткендегі ел ағасы, белгілі ғалым, көрнекті публицист Евней Бөкетовтің балалық шағының аянышты әсері еңсемізді де түсіргендей, жүрегімізді елжіреткендей болды.

Қызақ өзеніне беттегенімізде де Мокроусоводан шыға берісте екі қабат, өзі де, айнала орам-шарбағы да, терезе-қақпалары да көк сырмен әлеміштеп боялған, ескі үлгімен салынған үлкен бір әдемі, еңселі сырлы үйге көзіміз түскен. Байқасақ, бұл өлкетану музейі екен.

Музейге кірдік. Екі қабат еңселі кең үй. Қызақ өзенінен, бұрынғы мектеп жұртынан еңсесі түсіп, көңілі суып қалған Евекең музейге көңілсіздеу кірді. Астыңғы қабаты тым күңгірт, сызатсалқын. Төбесі де аласа, бұйым заттары да бей-берекет, әрі тым жұпыны. Е.Бөкетов ештеңеге көңіл қоймады. Сөзге де зауқы соқпады. Мен музейдің ғылыми қызметкері деп аталатын жас жігітпен әңгімелесе бастадым. Келушілер пікір айтып, қол қоятын кітапшаның бет-парақтарын ақтардым. Жас жігіт Қорған қаласының педагогика институтын бітіріпті. Музейдің осы астыңғы қабатында көршілес қазақ елінің, башқұрт, татар жұрттарының өткендегі ескі өміріне, көне тіршілігіне бийланысты да көп көне зат-

тар қойылыпты. Суреттер, түсірмелер ілініпті. Ескі қару-жарақтар, құрал-жабдық қалдықтары, тот басқан темір, сынған ағаш.

Іштен баспалдақтап музейдің үстіңгі қабатына шықтық. Терезе көп. Бөлмелер кең жарық. Астаңғы қабат әуелден ас-су тұратын, малай-жалшылар жататын бөлмелер болу керек. Бұл үйде 1904 жылы осы араның бір бай саудагер әйелі салдырыпты. Өте бір адуынды, қаһарлы қайырымсыз да қатал, тірідей кісі жеуге бар кері кеткен әйел болыпты. Сыртқы ауланы тастан, жуан бөренелерден қоршап салған берік сарайлары әлі күні сол қалпында. Бұлар қазір музейдің басы артық қосалқы бұйымдары, шаруашылық құрал-аспаптары сақталатын қоймалар. Өз тұсында бірді-екіге сатқаннан, өсімқорлықтан өзгені білмейтін қатал әйел сарайлардың қайсы бірін абақты ретінде пайдаланыпты.

Біз музейдің үстіңгі қабатында тұрмыз. Босағасын аттаған бетте музейге немқұрайды қарап, бей-жай көңілсіз тұрған Евней жоғары көтерілгеннен кейін ілезде баладай қуанып, құстай сайрап кетті. Бір қабырғадан өзінің баяғы аяулы ұстазының, «Августинаның» — Августа Устиновнаның суретін көріп, қатты қуанды. Алғашқы ұстазының шалалау болса да есімін, өзіне қамқорлығын, жарқын бейнесін жадына тегін тоқымапты. Аяулы адам бала Евнейдің жүрегінен тегін берік орын алмапты. Әрі жасында өзі қалдыр тұтқан ұстаздың арада елу жыл өткенде ел ішінде аты, атағы қадірлі болып, суреті музейдің төрінде ілінулі тұруы белгілі ғалым атанған, баяғы шәкіртке қандай мерей!

Иә, село мұғалимасының суреті музей қабырғасының мүсейіне тегін ілінбепті. Тек Евней Бөкетов Қызақ өзенін Қазақ деп ұққанындай, аяулы ұстазының аты-жөнінде онша дәлме-дәл біле қоймапты. Бұл қадырлы адамның дұрыс аты Августа болғанымен, әкесінің аты Устин емес, Иустин екен. Фамилиясы Евнейдің есінде жоқты. Ал мына музейде ол кісі Тарасова деп жазылыпты. Бұл фамилия Евнейдің құлағына бірінші рет шалынып тұр. Бала күнінде бұл есімді ол естімесе керек. Балалар мұғалімдерінің фамилияларын, әдетте, біле бермейді. Оның үстіне бірер жыл ғана алдынан сабақ алған, аты-жөнін де дұрыс айта алмайтын кірме қазақ баласы бейтаныс адамның фамилиясын қайдан біле қойсын? Ұстазының өз аты мен әкесінің атын «Августина» деп қосып, бір-ақ атаған бала Евнейге қазір «Неге өйттің?» деп кінә таға аласың ба? «Тек қолбыраған, болбыраған бойыңа қарай ең

артық партада отыратын момындау оқушы болған соң ғой» деп әзілдейміз. Енді қалай? Өз елі-жерінен күн көре алмай жалғыз биімен әр жерде, жат жақта көшіп жүрген қауқарсыз адамның жалаңаш-жалпы баласында көрер көзге де, шын мәнінде де не қадір-қасиет болушы еді, тәйірі?

Иә, Августа Иустиновна Тарасованың суреті қабырғада жайнап тұр. Келісті, ажарлы бейне, аяулы ұстаз, ардақты ана. Ол кісінің бес ұл-қызы болыпты. Бір қызы мен бір ұлы тірі екен. Августа Иустиновнаға таяу оның бір даңқты ұлының суреті алыстан көз тартады. Ана мен бала екеуі де музейдің, күллі осы аймақтың, Мокроусовоның, әлде тіпті бүкіл Қорған облысының мақтанышы. Августа Иустиновнаның 1906 жылы туған ұлы Герман Федорович Тарасов Ұлы Отан соғысында генерал-майор болып қол бастаған. Совет Одағының Батыры атағына ие болған. 1944 жылы қазан айында небары 38 жасында фашизмге қарсы қанды шайқаста асқан ерлік пен Венгрияда қаза тапқан.

Музейден өз ұстазының, оның өзі әсте білмейтін даңқты батыр ұлының бейнелерін көріп, Евней енді бұрынғы қабақ шытуын бір жолата ұмытып, жайрандап сала берді, жүрегіне мақтаныш сезімі де кіргендей болды. Әуелде музейге кіргісі келмесе, енді одан тез арада шыға қоятын түрі жоқ. Бір жоқты бір жоқ тауып, Евекең балаша масайрап жүр, жоғалған, әлдеқашан естен шығап кеткен құнды, асыл заты табылғандай, көкген іздегені жерден алақанына түскендей Тарасовалардың суреттеріне көз тіге береді. А.И.Тарасованың өзге тірі балаларының да аты-жөнін сұрастырып алдық.

«Мал Қазақтың» төркінін, Августианның тарихын біліп, оның Башқұртстанда тұратын екінші білікті ұлының аты-жөнін, адресін жазып алып, Мокроусовадан, Евнейдің жасында еміс-еміс қана жадына түйген, қазақ елінің айтуынша, бір шеттегі Моқрасбайдан үлкен олжалы, әсерлі оралдық. Ақыры Е.А.Бөкетов өзінің алғашқы ұстазы А.И.Тарасованың Башқұртстандағы баласы 1982 жылдың бас кезінде жан толқығта хат жазды. Евнейге орыс тілі ана тіліндей еді. Бұл оған алғаш орыс мектебінің босағасын аттағандағы Августа Иустиновнаның шарапаты еді. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілетіндей зирек Евней Бөкетов ұлы орыс халқының тілін ең алғаш орыс мектебінде, Августа Иустиновнадан үйренген еді. Біз сөз етіп отырған 1931–1981 жылдар арасында алғанда бұ-

дан елу жыл бұрынғы өзінің ғыбаратты ұстазының, қамқоршы рукани анасының қазіргі тірі ұлы Борис Федорович Тарасовтың бұл күнде жасы еңкейіпті. Ол 1912 жылы туған екен. Евней ол кісіден 1982 жылдың 31 наурызында жазылған егжей-тегжейлі жауап хат алды.

Августа Иустиновнаның өмір шежіресі, оның баласы Борис Федоровичтің айтуынша, өте ғажап. А.И.Тарасова 1879 жылғы тамыз айында Тобыл губерниясының Ялутор қаласында, саяси айыппен жер аударылған семьяда туған. Әкесі Иустин Каменскийді патша үкіметі өз еліне, Польша жеріне өмірбақи қайта оралмайтындай үзілді-кесілді үкіммен Ялуторға жер аударған. И.Каменскийдің ұлты поляк. Ол 1860-1864 жылдарды Польша қозғалысында патшалық құрлыққа қарсы күреске белсене қатысқаны үшін әуелі дарға асылуға кесілген, тек арғы тегі ақсүйектер әулетінен болғандықтан өлім жазасы мәңгі қаторгоға ауыстырылған.

Расында да, Е.Бөкетов өз қатарындағылардың ішінен айрықша дарынды адам еді. Бұған дәлел толық. Қысы-хазы балалық шағында тентіреп әр аймақты торғайдай паналаған әке-шешенің жетегінде әр жыл сайын әрқилы бірнеше болмашы мектеп табалдырығын аттап жүріп, өзі де жан сақтау үшін ара-тұра, тиіп-қашып болса да жұмыс істеп, оныншы класты тәртіппен үздік бітіреді. Содан ол Алматының тау-кен институтына оқуға еркін түседі. Көп ұзамай ғылым кандидаты, докторы болады. Оның болашақ ғылыми, әдеби жемісті еңбек жолы, ғылыммен қатар Маяковскийді, Есенинді, Бажовты қазақша аударуы осылай басталған-ды.

Ол жиырманың ішінде-ақ Алматының В.И.Ленин атындағы политехникалық институттың аспиранты, оқытушысы, проректоры, отыздың үстінде жаңа ғана шыққан Қазақ ССР Ғылым Академиясы ғылыми зерттеу институтының директоры болады. Ширек ғасырдай уақытта ол көптеген аспиранттар, ғылым кандидаттары мен докторларын даярлап шығарды. Химия-металлургия салаларында Е.Бөкетовтің өз алдына дербес мектебі қалыптасады, ол өндіріске көптеген жаңалықтар қосады. Қарағандыдағы қазіргі Ғылым академиясының орталығының алғашқы негізін қалайды, ғылыми мекемелерді, Қарағанды мемлекеттік университетін ұйымдастырушы — жетекшілерінің бірі болады. Көптеген ғылыми кадрлар даярлайды. Ол осы еңбегімен Арқа жерінде зор бедел-абыройға ие болады. Өмірінің соңғы кезінде ғалым көмірден

мұнай айырып алу жөнінде жаңа лаборатория да ашып еді, бірақ ол бұл күрделі жұмысын аяқтай алмай кетті. Міне, Е.Бөкетов өзінің білімділігімен, асқан шешендігімен еліміздің М.В.Келдышев, А.П.Александров, Қ. И.Сәтбаев тәрізді атақты ғалымдарының арасында сүбелі ғылыми тақырыптарда, көптің көзіне түсіп, жүйесіз баяндамалар да жасаған еді.

Көбінде ғалым жолы да, ақын жолы да тақтайдай тегіс болмай бермейтіні белгілі. Тасы өрге домалап, атағы шығып, жұртшылық аузына қарап келе жатқан оқымысты, әдебиетші-сыншы, аудармашы, публицист Е.А.Бөкетовті көре алмай етекпен тартқан, аяқтан шалған қу-сұмдар да болмай қалған жоқ. Еңбегі жемісті, жас тайынан Ленин комсомолы мен Коммунистік партия қатарында тәрбиеленген, бойындағы мол қабілет-күшін, қайрат-жігерін Отанымыздың экономикалық қуатын арттыра беруге, мәдени өміріміз мейірлендіре түсуге жұмсалған ақ көңіл, адал, кісілікті Е.Бөкетовке жала жапқан әзәзіл, анонимшы өсекші, бүркеншіктер, жымысқылар Қарағандыдан да, пәлеқор пасық пасквилшілер Алматыдан да табылды. Бірақ шындық, ақиқат жеңбей, көкті қалың бұлт қанша торласа да сол бұлт серпілмей, күннің көзі жарқ етпей қоймайтынындай, өтірік-өсектің құйрығы бір-тұтам дегендей бұл күнде жалақор, пәлеқор, әзәзіл-арамзалардың беттері ашылып қара жүзді болып, пасықтарға жұрт күл шашып, беттеріне түкірді.

Е.А.Бөкетов арамыздан ерте кетті, оның мол ғылыми игілігі болып қалды. Оның көптеген шәкірттері бұл күнде еліміздің саяси аймақтарында жемісті еңбек етуде. Ғұлама ғалым, дарынды әдебиетші, халқының ардақты ұлы Е.А.Бөкетов есімі баршамыздың жүрегімізде.

«Ленин туы», 20 тамыз 1987 ж.

ҰСТАЗЫМНЫҢ ҰЛАҒАТЫН ҰМЫТПАЙМЫН

Бұл күндері бүкіл республика жұртшылығы халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі академик Евней Арыстанұлы Бөкетовтің 70 жылдық торқалы тойын кеңінен атап өтуде. Сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесінің, үлкен ғалым, көрнекті жазушының соңында қалдырған ғылыми еңбектері, көркем аудармалары, публицистикалық мақалалары кезінде де, қазірде де тиісті бағасын алып, маңызын жоғалтқан жоқ. Ол туралы мерзімді баспасөз беттерінде де көп жазылып жүр. Евекеңнің ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметінің қысқаша очеркі (авторы — Евекеңнің шәкірті, химия факультетінің деканы Мәтібай Жамбеков) Қарағанды мемлекеттік университеті баспасынан 1992 жылы жарық көрген «Евней Арыстанұлы Бөкетов. Библиографиялық көрсеткіш» деп аталатын кітапта беріліп, оның ғылыми және әдеби еңбектерінің, ол туралы жазылған мақалалар тізімдері де енгізілген. Жақында аталмыш баспадан ғалымның туған інісі Қамзабай Арыстанұлының «Досым менің, ағам менің» естелік кітабын шығаруы да деректерімізді байыта түскендей әсерге бөлейді. Сондықтан да мен бұл мақаламда олардың бәріне тоқталып жатпай-ақ, туған ағамдай ақылшы болған аяулы ұстазымның ұмытылмас ұлағаты, ол кісімен әр кезеңде бірге болған сәттерде көріп-білгенім, көкейге түйгенім жайлы сөз қозғамақпын. Өйткені өз басым да Евекеңнің көзі тірісінде дайындаған 5 ғылым докторы мен 50-ден аса ғылым кандидаттарының қатарындағы көп шәкірттерінің бірімін. Оны айту, ілтипатпен еске алу, аруағына тағзым ету, демек, қай-қайсымыздың да парызымыз.

Әлі есімде 1966 жылғы тамыз айының 15 жұлдызы болатын. Бұл Қарағанды мемлекеттік педагогика институтын физика-химия мамандығы бойынша үздік аяқтап, жолдамамен Қазақ КСР Ғылым Академиясы Химия-металлургия институтының директоры Евней Арыстанұлы Бөкетовтің қабылдауына келген күнім. Бұрын сырттай атына қанық болғаныммен, өзімен жүзбе-жүз кездесіп, сөйлеспеген едім. Бекер жүрексінген екенмін, кабинетке кіргенімде нар тұлғалы, келбетті де келісті жігіт ағасы мені жылы

шырайымен қарсы алып, мән-жайымды тәптіштеп сұрап, майда қоңыр дауысы, құлаққа жағымды үнімен бірден баурап әкетті. О алға қойған мақсаттарым, ғылымның қай саласымен айналысқы келетінін білген соң, қасыма бір ғылыми қызметкерін қосып беріп, институт лабораториясына экскурсия жасатқызып, таңдауды өзіме қалдырды. Осыдан кейін мен Евней ағаның алдына қайт оралып, сирек және шашыранды элементтер лабораториясында жұмыс істеуді қалайтынымды айттым. Сөйтсем, ол лабораторияның меңгерушісі де Евней Арыстанұлының өзі көрінеді. Міне сол күннен бастап оның шәкірті атандым.

Ол алғашқы жүздесуде-ақ төмендегі мәселелерге назар аударуымды тапсырды. Біріншіден, химия мен металлургия саласындағы ғылымды тереңірек меңгеру үшін әрбір зерттеуші кен жыныстары мен өнеркәсіп өнімдеріне химиялық анализді өзі жасай білетін дәрежеде болу керектігін ескертті. Екіншіден, ғылыми зерттеулерді өндіріспен ұштастыра жүргізу талабын қойды. Ең соңында тар ғылым шеңберінде шектеліп қалмай, көркем әдебиет, мәдениеттен хабардар, жан-жақты білім иесі болуыма тілек білдірді. Кейін көзім жеткендей, осы қасиеттердің баршасы да Евекеңнің бойынан табылатын.

Бұл сөздерді ол жайдан-жай айта салмапты. Шынында да, ол мені алғашқы беттен осы жоға бағыттап, екі айдай аналитикалық химия лабораториясында тәжірибеден өткізіп, сол жылы күзде Балқаш кен-металлургия комбинатына іссапарға жіберіп, мыс өндірісінің технологиялық процестерімен толық танысуыма мүмкіндік жасады. Ал мыс өндірісі дегеніміз өзінше бір керемет ғажайып әлем ғой! Өйткені оны зерттеу де қызық. Мәселен, таза мыс алынғаннан кейін мыс электролитті құрамында не кездеспейді десеңізші: бағалы металдар, селен мен теллур сияқты сирек металдар, қорғасын, тағы басқалары. «Селен мен өлең — Е.Бөкетовтің егіз стихиясы» деп академик Зейнолла Қабдолов жазғандай, Евекеңнің ғылымдағы бұл негізгі бағыты соңынан менің ғылыми жұмысыма да арқау болды. Аспирантурада оқығанымда да оның жетекшілігімен осы мәселемен айналысып, 1975 жылдың 20 қаңтарында Ташкент мемлекеттік университетінде «Халькогендердің сілті ертінділерімен әрекеттесуін дифференциалды-термиялық анализ әдісімен зерттеу» деген тақырыпта кандидаттық

диссертациямды ойдағыдай қорғадым. Халькогендер деп күкірт селен, теллур элементтерін жалпы атайды.

Осы жылдар аралығында Евней аға да үлкен шығармашылық өрлеу үстінде болды. Атап айтқанда, 1966 жылы Мәскеуде «Мыс электролиттерінің қалдықтарынан селен мен теллурды бөліп алу» деген тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғап, 1969 жылы Балқаш кен-металлургия комбинатында мыс кендерін кешенді өңдеу технологиясын зерттеп, дамытып, өндіріске енгізгені үшін ғылым мен техника саласы бойынша КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алды.

... 1969 жылдың тамыз айының бас кезінде мен Евней Арыстанұлының отбасымен бірге Баянауылдағы Жасыбай көлінің жағасында демалдым. Ерке Есілдің суына шомылып өскен оған бұл жердің суы да, қалың тоғайлы нуы да, тау-тасы да, адамдары да қатты ұнады. Тек Сұлтанмахмұт Торайғыровтың зиратына тәуап етіп барғанда, ақын басындағы жұпыны ескерткішті көріп, ренжігені бар. Оның осында екенін естіген төңіректегі елдің азаматтары ертелі-кеш сәлем бере келіп, оның арты қызу әңгіме-дүкен, ән-күйге ұласатын.

Қайтар жолда ол менің Ульянов ауданы Қ.Бабаев атындағы совхоздағы туыстарыма соғып, таныспаққа әдейілеп ат басын бұрды. Мұнда қарт анам Топыш марқұм, мектепте мұғалім ағам Қалиолла мен апа-жездем Тұрымтай мен Мәз Қарасартовтардың отбасы тұратын. Сол уақыттан Евекеңнің біздің елмен қарым-қатынасы үзілмеді. Әсіресе, жездем екеуі тонның ішкі бауырындай араласты. Әр келгенінде Евекең оған: «Мәке, мен өзіңе совхоздың прорабы екен деп үй салғызу үшін, не құрылыс материалына бола келмеймін. Қапан соқсам да, қанша адаммен келсем де асып-саспайтын, бір қалыптан танбайтын мінезіңе ризамын» деп әзілдеп қоятын.

Мұны айтып отырғаным, бірге жүрген сапарларымызда Евней аға қызметтес емес, кісілігіне, ықылас-пейіліне қарап, қарапайым жандардың дастарханынан дәм татқанды ұнататын. Және де сол көңіліне жаққан адамды қатты сыйлап, қадір тұтатын. Сондай адамдардың бірі Бұқар бабамыздың ұрпағы, Қарағандыда ұзақ жылдар тұрған, марқұм Қабылбек Исабаев ақсақал еді. Ол көненің көзіндей, көкірегі шежіре, қолы ашық қария болатын. Онымен әңгімелесіп, мәжіліс құрудың өзі бір ғанибет-тін. Кезінде

халқымыздың мақтанышы, қазақтан шыққан тұңғыш академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаевпен де сыйлас болған екен ол кісі. Тіпті Қанағаң Мәскеуде науқастанып жатқанда Қабекең үйінің бал қымызын ұстап, тамсанып, алдыртып ішкенін газет оқырмандары бұрыннан білуі тиіс. Евекеңнің де оны құрметтегені соншалық, 1974 жылы 16 қазанда Қабылбек ақсақал қайтыс болып, Ульянов ауданындағы Алабас аулына апарып жерлегенде, өз қолынан барып топырақ салысты да.

Сол секілді Қанағаң өмірінен роман-эпопея жазу барысында оның бала жастағы достары ульяновтық Жұмаш Шәдетов ақсақалдың, өз атам Рүстембектің немере інісі Көшек Айтқожаұлының үйлеріне барысып-келісіп жүретіндерінің де куәсімін. Осындай көптеген ізденістердің, ресми жазылған мәлеметтерді талмай саралаудың нәтижесінде, өзінің ой-толғамдарының қуатымен, қаламының қарымымен роман-эпопеяның «Ғалымның балалық және жастық шағы» деп аталатын алғашқы бөлігін аяқтап үлгерді.

Академик Евней Арыстанұлы Бөкетов ірі-ірі қоғамдық, ғылыми жұмыстар атқара жүрсе де, шәкірттерімен әңгімелесуге әрдайым уақыт таба білетін. Көп шаруаны, ғылыми пікірлерді Евекеңнің өз үйінде талқылайтынбыз. Жұмыстан шаршағанда бір сәт үзіліс жасап, өзінің әдеби жазбалары мен аудармаларын оқып беретін кездері де көп кездесетін. Үйіне келген шәкірттеріне Зүбайра жеңгеміздің қолынан дәм таттырмай жібермейтін. Кейде демалыс күндері аспиранттар жатаханасына арнайы келіп, әңгімелесіп, тұрмыстарымен танысып, қиналған жағдайда қалайда жәрдем етіп жүрді. Отбасымыз, ғылыми ізденісіміз жайлы егжей-тегжейлі сұрап, ақыл-кеңестерін айтып, жаңа проблемалық мәселелерді шешуге меңзейтін. Біз сәл ғана жетістігімізді ұстазымызбен бөлісуге асығатынбыз. Ондайда Евекең бізді көтермелеп, мадақтай келе: «Әй, батыр, біз білгенді басқалар да білуі мүмкін. Бұған тоқмейілсуге болмайды» дейтін де, бізге мәселені тереңірек, кеңірек зеттеп, технологияны жақсартуға немесе жаңа ілгері ғылыми мәлеметтер алуға жеткізетін проблемалар ұсынатын.

Евней аға ғұлама ғалым, қаламы жүрдек жазушы ғана емес, ілім-білімді белсенді насихаттаушы публицист те еді. Оның университет жайлы жазған мақалаларында көтерген проблемалары бүгінгі күні шындыққа айналып отыр. Бірде оның химия факультетінің бірінші курс студенттеріне мамандыққа кіріспе курсы

бойынша оқыған дәрісін де тыңдағаным бар. Сонда ол жастарға химия ғылымының кешегісін, бүгінгі мен ертеңін ұғынықты тілмен түсіндіріп, Орталық Қазақстандағы химия, металлургия саласындағы ғылыми жұмыстарға тоқтала келіп, оның әр саласындағы жетекші шәкірттерінің үлесін атап өткен-ді. Сонымен қоса бұл мамандықты игеру жолындағы қадамдар, жалпы университеттік білім, ұстаз бен шәкірт байланысы туралы, жастардың жоғары мәдениетті болу үшін көркем әдебиетті, өнерді игеріп, жоғары интеллектілі болуы керектігін айтқан-ды.

Осы жылдары Евекең өзінің әр салалы ғылыми мектебіне халькогендер мен халькогенидтердің химиясы мен технологиясы деген жалпы атау берді. Аталған тақырыпта 1978 жылы ҚарМУ мен ХМИ негізінде тұңғыш бүкілодақтық ғылыми кеңес өткізілді. Оған Кеңес Одағының әр республикасынан осы саладағы ірі ғаламдар мен өндіріс басшылары қатысты. Бұл жиынға қатысушылардың біразы, атап айтқанда, КСРО Ғылым академиясының академиктері, Социалистік Еңбек Ерлері В.И.Спицын, А.В.Новоселова, республика Ғылым академиясының мүше-корреспонденттері О.А.Сонгина, Е.И.Пономарева, тағы басқалары біздің факультетке келіп, лабораториялармен танысып, өздерінің ақыл-кеңестерін айтты. Келесі кеңес те Евекеңнің ұйымдастыруымен өтті. Ал үшінші, төртінші кеңестер оныз өткізілсе, енді таяудағы Қарағандыдағы бесінші кеңес Евней Арыстанұлының 70 жылдығына арналып, халықаралық конференция дәрежесінде өткізгелі отыр.

Евней ағаның жеке ғылыми-шығармашылық еңбектеріне баға беру бір адамның ісі емес. Сондықтан мен оның тікелей басшылығымен, дарынды ғаламдығымен, үлкен парасатымен дүниеге келген үш перзентін атамақшымын. Олар біріншіден, өзі басқарған Химия-металлургия институты да, екіншісі — іргетасын өзі қалап, тұңғыш ректоры болған, бүгінде өз есімімен аталатын Қарағанды мемлекеттік университеті, ал үшіншісі — Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесі.

Евней Арыстанұлы өмірінің соңғы жылдарында ХМИ-дағы қызметін істей жүріп, біздегі химия кафедрасының профессоры қызметін де қоса атқарды. Сол 1983 жылдың 13 желтоқсаны күні ол 5-ші курс студенттеріне арнаулы курстан дәріс оқуға тиіс еді. Студенттер оны ХМИ-ға барып тыңдайтын. Арада көп уақыт өтпей факультетке телефон шалынды. Кенеттен естіген тосын хабар

бізді қатты абыржытып, сең соққандай, өз құлағымызға өзіміз сенбей, бәріміз ХМИ-ға тартайық. «Өлімге жан едің ғой қия алмайтын» деген сөз осындайда айтылған-ау. Мән-жайға қанықсақ, сұм ажал арамыздан шығармашылық кемелденген шағында, небәрі 58 жасында ғұлама ғалым, ақылшы ұстазымыз, қоғам қайраткері, өз халқының патриоты Евней Арыстанұлы Бөкетовті алып кетті.

Евней ағаның асыл армандарын бүгінде ізбасарлары мен шәкірттері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Зейнолла Молдахметұлы Молдахметов, академияның мүше-корреспонденттері Жантөре Нұрланұлы Әбішев, Нұралы Сұлтанұлы Бектұрғанов жетекшілік ететін ондаған-жүздеген оқушылары жалғастырып, жаңа сатыға көтеріп, ілгері дамытуда.

... Біздің химия факультеті орналасқан ғимараттың екінші қабатында академик Е.А.Бөкетов атындағы дәрісхана бар. Жылда мен 1-ші курс студенттеріне алғашқы дәрісімді осындағы Ебекеңнің суретін көрсете тұрып, одан төменірек жазылған «Менен кейін не болатынын білмеймін. Бірақ мен екен дәннің біреуі өз жемісін берсе, мен өзімді бақытты адаммын деп санар едім» деген ұлағатты сөздеріне шәкірттердің назарын аудара отырып, республикамыздағы Евней Арыстанұлының ғылыми мектебіне шолудан бастаймын. Бұл жастардың да арасынан келешекте Ебекеңнің ізбасарлары шықса деп армандаймын да, ойыма ақын Кәкімбек Салықовтың мына өлең жолдары орала береді:

... Өкініш көп,
Салайын несіне зар.
Өз жұлдызың арнаулы көшін табар.
Шәкірті едің Қаныптай данамыздың,
Қатар ұстап қағазым есіне алар.

Орталық Қазақстан, 18 наурыз 1995 ж.

АҚЫЛ — ОЙДЫҢ АҒАСЫ

Алғашқы рет академик Е. Бөкетовтің есімін 1968 жылы Алматыдағы М.Әуезов атындағы Академиялық қазақ драма театрының жанышыдағы театр студиясын бітіріп, жолдамамен Қарағанды облыстық С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрына актер болып келгенде естідім. Сол кезде Республиканы дүр еткізген Қарағанды облысының қазақ және орыс театрлары бірігіп қойған Ф.Мүсіреповтің «Амангелді» спектаклі көрермендер мен сыншылардан жоғары баға алып, қоюшы режиссері Р.Андресян (бүгінде Халық артисі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты) мен Амангелді ролін сомдаған Қ.Сатаев (бүгінде Халық артисі) облыстық театрлар арасынан тұңғыш рет Алматы театрларымен додаға түсіп, Республика Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып жатқан кез болатын. Алғашқы танысқанымызда-ақ бауырына жақын тартқан Қанекен «Орталық Қазақстан» газетінде шыққан «Амангелді» спектакілінің рецензиясын оқуға берді. «Жазған анау-мынау емес химия ғылымдарының докторы, академик Бөкетов» — деп үлкен мақтаныш пен қуанышын жасырмай жеткізіп жатыр. Рецензияны оқып, таң қалдым. Жәй мақтау «окалпылама», «бір сыдырғы», баға беру емес шын мәніндегі бүгінгі сыншыларға үлгі болатын құнды зерттеу. Өнерді, әдебиетті тек ұлттық деңгейде емес әлем әдебиеті мен өнерінен үлкен хабардар екені білініп-ақ тұр. Салиқалы ойлары, салыстырмалы тұжырымдары актер мен режиссер және суретші шеберліктері бірін-бірі толықтырып, қабысып үлкен симфониялық үндестікпен көрермендердің сусынын қандырған ғажайып бір үлкен дүниені екі өнер ұжымының бірігуінің, бір шаңырақ астындағы татулығының арқасында екендігін талдап берген.

Шеберлігіне, сөз саптасына, сыншылдығына құмартқаным сондай, көргенше асық болдым. Театрдың жаңа маусымы ашылып Ш.Айтматовтың «Алғашқы мұғалім» спектакілінің премьерасын ойнап, бір-бірімізді құттықтап мәре-сәре болып жатқанда Қарекен:

– Тез киін де фойеге шық ағаймен (жазушы Амантай Сатаев) откендегі айтқан академик Бөкетов келіп тұр, таныстырамын, дегені. Гримді сүрте сала фойеге шықсам бес-алты адамның ортасында

адамды бірден өзіне тартатын еңселі, зор денелі аса паң, шалқасынан қайырған қара шашы, адамға мейіріммен қарайтын қара көзі күлімдеп мен мұңдалаған кісіні «осы шығар-ау» деп топшылап шетінен қол алысып амандасып жатырмыз. Бәрі де Қарекенді құттықтап, мақтау сөздер жеткізіп жатыр. Менің көзіме түскен тұлға:

– Ш.Айтматовтың философиясын шашыратпай, жас шағы мен кәрі кезеңі әдемі қабыстырған екенсіңдер. Есейген шағындағы ойындарың (Алтынай роліндегі А.Абылаеваны қосып айтып отыр) нағыз спектакльдің шарықтау шегіне жеткен екен, көңілім босап кетті, — деп бірақ тұжырымдап ризашылығын білдірді. Кетуге ыңғайлана бергенде Қарекен:

– Аға, мынау Кеңес деген жігіт, Алматыдан оқу бітіріп, бізге жақында актер болып келді, — деп мені таныстырып үлгерді. Ойлы, тұңғыық қара көзі күлімдеп қолын ұсынып:

– Жаңағы пионер ғой. Жақсы ойнадың, қадамың құтты болсын, — дегенде ұсынған қолын шап беріп ұстаған менің кішкентай алақаным, ыстық аяулы мейірімнен нәр алғандай денем қуаныштан тоқ соққандай толқып кеттім. Сол ыстық аяулы алақанның нәрі осы күнге дейін алға жетектеп келеді. Жұмысы да, атақ дәрежесі де зор бола тұра өте қарапайым, кішіпейіл, адамды жатырқамайтын, баласынбайтын қасиеті болатын, Евней Арыстанұлынан үйренерлік тағы да бір жақсы ғадет классикалық, аударма, басқа да спектакльдерден қалмайтын және міндетті түрде өз пікірін ауызша не газет арқылы болсын білдірегін. Театрдың бағыт-бағдарын, денгейін, қоғаммен ара қатынас мөлшерін білуге көп септігін тигізетін жалпы театрдың айнасы болатын. Театрға келгенін естісек көзіне түсіп қалуды, қолын алып амандасу сәтін іздеп шар қылатынбыз.

М.Кәрімнің «Ай тұтылған түн» трагедиясын көргендегі жастардың ойынына риза болып, кереметтей толғана сөйлегені, А.Островскийдің «Найзағай» драмасынан кейінгі, Добролюбовтың «Луч света в темном царстве» деген мақаласын, өз пікірімен қабыстыра отырып, спектакльдің құнды жақтарын баса айтып, мұндай спектакльдердің актерлер үшін өсуге қажет екеніч үлкен тебіреніспен сәттілік тілей сөйлегені бәрі-бәрі қоз алдымда. 1975 жылы Қ. Бекхожиннің «Ұлан асу» тарихи драмасы ең алғаш рет біздің театрда қойылды. Кезекті спектакльде ойнап бола бергенде сахна жаққа келген театрымыздың сол кездегі бас режиссері Ж.Омаров:

– Ебекең келді. Спектакль біткен соң Рамазан екеуің маған көтеріліңдер, — дегені. Гримімізді сүрте сала үшінші қабаттағы Жақаңның кабинетіне көтерілдік. Жақаңның кабинетінде екі-үш кісімен Евней аға көңілді сұхбаттасып отыр екен. Бізді көріп одан бетер қуанышын жасырмай:

– О, батырлар, келіп қалдыңдар ма. Жарайсындар, өте сәтті шыққан спектакль болды, қай жерде болсын ұялмай көрсетуге болатын қойылым, — деп қолымызды алып арқамыздан қағып қояды.

Спектакль туралы, авторы Қалижан Бекхожин жайлы, сахна шешімінің ұтымдылығын, көпшілік саханасының сәттілігін, Абылай роліндегі Қ.Сатаевтың ғажап шеберлігін, тіптен музыкалық көркемділігінің орынды пайдаланғанын саралап, талдап, өз пікірінің бұл спектакль жөнінде өте жоғары екендігін, халыққа осындай тарихымыздың өте қажет екенін, ұрпағымызды тәрбиелеуге осындай батыл қадам жасағанымызды құптап, алғысын білдірді. Академик ағамыздың құнды пікірлері мен мақтау сөздеріне қанаттанған Жақаң:

– Келесі күрделі қойылым өзіңіздің аудармаңызбен болады. Баяғыда құлақ қағыс еттік, енді міне шешуші кезең келді. Алматыдағы гастрольге шетел классикасынан бір күрделі дүние керек, — деп бізге қарап, қуаныштан көзі күлімдеп:

– Қатырған жоқпын ба, ә!, — дегендей қарқ-қарқ күліп алды. Ұсталып қалған Ебекең де қосыла күліп:

– Уәде құдай сөзі. Есімде, есімде. Бірақ қайсысына тоқталамыз? — дегенше, баяғыдан іштей дайындалып, сәтін күтіп жүрген көкейкесті арманын Жақаң:

– Макбет. Шекспир — деп көлденеңнен бірақ тартты.

Бағанадан көңілді жайланып еркін отырған Ебекең көзін бір нүктеге тоқтатып, қысылыңқырап, ойы тереңге, алысты болжаған ұшар сәтін күткен қырандай қомтанып үнсіз отырып қалды. Бәріміз де тез жиналып не дер екен дегендей Ебекеңнің әр қимылын аңдып, қатып қалдық. Ойлы көзі бір ұшқынды көргендей күлімдеп, дауысын соза:

– Апырмай, мұхиттың түбінен маржан іздетейін дедің-ау. Жағасында жүрген орыс классиктерінен біреуі табылмады ма, — деп Жақаңға бұрылғанда:

– Маяковскийді, Есенинді аудардыңыз, сіңді Шексперге құлаш ұратын кезек келді, — деп өзін қызықтырған дүниеден дес

бермеді. — Бірдең-сараны болмаса «Макбетті» қоюға орыс театрларының тісі батпай жүргенде біздің көзсіз батырлығымыз жарға жығып жүрмесін.

— Қазақ сахнасында тұңғыш рет «Макбетті» сіздің аудармаңызда біз қоямыз. «Макбетті» ойнайтын актер таптым, ол да құлшынып отыр. Жантурин, — деп Жақаң шынын айтамын деп сырын да ақтарып салды.

Сөздің шыны шынға тартып бара жатқанына сенген Ебекең:

— Нұрмұхандай актерлерге Шекспирдей ғұламаның философиялық ойы терең, тілі шұрайлы мағыналы, маңызы зор трагедиясын біз жатық жеткізе алсақ жақсы. Ойы өзенге, сөзі көкке, тілі құмға тартып шашыратып алмасақ, — деді қауіптен сабырмен.

Қанша дегенмен атақтан гөрі абыройды ойлайтын ағамыз салмақпен:

— Әзір тура «Макбетті» аударамын деп уәде бере алмаймын, бірақ тағы оқып көрейін. Орысшасындағы қайсысының аудармасы жақсы екенін салыстырып байқайын. Пастернактің аудармасы табылса жақсы болар еді... Біздің бұғалыққа икемдісі, көнетіні болса айтармын. Жауап менен болсын, — деп сөзін аяқтап, ризашылығын, рахметін айтып, бізбен қоштасып жолдастарымен кабинеттен шығып кетті.

Асыға күткен күн де жетті. Алматыдан Нұрағаң келген күні ақ санаулы уақытты бос жіберместен пьесаны оқып, талқылап, ролдерді бөліп беріп, репетицияға кірісіп қеттік. Репетициядан кейін Нұрағаң амандасамын деген соң, Жақаң екеуіміз қосшы болып университетте күтіп отырған Евней Арыстанұлына бардық. Келгенін естіген Евней Арыстанұлы орнынан тұрып, босағадан қарсы алды. Бірін-бірі сыртынан жақсы білетін екі тұлғаның құшақтары айқасып, ескі достарындай сағынысып көрісті. Бірін-бірі мадақтап көтермелей, тату шаңырақтың ағайынды балаларындай әдемі сыйластықтың түрін танытты. Екеуінің де ой-өрісі кең, өз мамандықтарының жетігі, ресубликадан асып кезіндегі Одақ көлемінде дәрежелері үлкен қазақтың ұялмай көрсететін ірі тұлғалары жарасымдылықпен сыйласып ұзақ отырды. Кездесу аяқталар кезде академик ағамыз:

— Нұреке, жақсы болса абырой ортақ қой. Өзіңіз секілді тарлан-боздарға біздің аудармамыз тайыз болып жүрмесін. Көңілге қарамаңыз, айтыңыз. Мына Жақып қолқалап болмай аудартты.

Пьесаңыз екі өмірі бар ғой. Біріншісі оқырмандарға, екіншісі көрермендерге. Мен оқырмандарға ғана аударушы едім. Енді, міне, көрермендерге де аударуға қажет болып қалдық. Сөйлеуге тіл орамы келмей жатса айтындар. Тағыда қарап шығып, түзетейін. Ертеңгі күні көрермендер алдында ұялып қалмайық, — деп шала-лықты, немқұрайлықты жаны сүймейтіндігін білдіріп, әдебиет алдындағы ар тазалығын көрсетіп, тастады. Мұндай сөз әдебиетті еріккендіктен емес, рухани киелі байлық деп бағалайтын ірілерден ғана шығады. Талғампаз Нұрағаң да:

— Бір ай бойы орыспа түп-нұсқасымен салыстырып отырып, дайындалдым. Шынымды айтайын Шекспир тілінің нағыз қазақша түп-нұсқасы. Ұлы Мұқанның «Отеллосынан» кейінгі шөліркегенімді басқан аудармалардың бірі, — деп өз ризашылығын білдірген соң біз де қоштасып шығып кеттік.

Премьера жақындап репетицияның нағыз қызған шағы. Сахнаның декорациясы түгел бітіп, музыкасын орын-орнына қойып, спектакльді бастан аяқ артығын алып тастап, тыртығын жазып жатқан кез болатын. Кешкі репетицияға күндегі әдетімізше қонақ үйінен алып кететін Жақаңды тосып отырғанбыз. Аузы дүрдүйіп, қабағы түсіп кеткен ашулы Жақаң келе сала:

— Бүгінгі «Ленинская смена» газетіне Ебекең туралы үлкен мақала шығыпты, — деп қолындағы газетті Нұрағаңа ұсынды. Тезірек көз әйнегін киіп, әлсін-әлі басын шайқап, кей тұста ызалы пішінмен мырс етіп, оқып шықты да:

— Мынау айсбергтің беті ғана, пәлесі түбінде. Артында біреулер тұр, жалғыз емес, — деп киіне бастады. Көшеге шыққан соң, көктемнің күн шуағымен жаяу баруға келістік те, үн-түнсіз Бұқар жырау даңғылымен (бұрынғы Совет проспектісі) тартып кеттік. Әркім өз ойымен арпалысып, әңгімеге ешкімнің зауқы соқпай театрдың маңайына жақындап қалғанымызда Жақаң театр жақты нұсқап:

— Анау Ебекең емес пе!, — дегені. Көзімізге сенбей анықтап қарасақ, шынында да сол кісі. Ұзын плащының алды ашық, қалпағын қолына алып, екі қолы артында жай басып театрға қарай беттеп барады. Біз де тездете басып қуып жеттік. Күтпеген кездестуге қуанғандай жымыып амандасқанмен жүрек түбірінде мазасыз ойдың әбігері көзінен, бет пішінінен көрініп тұрды. Нұрағаң

мен Жақаң өңгімені қалай өрбітетінін білмей қипақтап тұрғандарын сезген Евней Арыстанұлы баппен:

– Бүгінгі газетті байқаған шығарсындар? — деді.

– Жаңа оқып есімізді жинай алмай отырмыз, ол кім өзі? Ю.Рощин тарих ғылымының кандидаты екен, — деп сұрап жатыр жарыса.

– Алматыдан жігіттерден сұрап білдім. Фамиялиясын бергені болмаса, жазғыштар басқалар... әріде, — деп сөзінің аяғын анықтап айтпады.

– Уайымдап қайтесіндер, бәрі орнына келеді. Тек оқырманы көп жастар газетіне жазғандары жаныма батып тұр. Жастар істің анық қанығына бойламай қалай жазылса солай қабылдайды ғой, — деп ұстаздық беделіне кір келгеніне, сенім артқан шәкірттерінің алдында абыройының лайланғанына өкінішін білдірді. Неген жан тазалығы десеңізші! Өзінің жеке басынан гөрі ұстаздық абыройына кір келгеніне намыстанып тұр.

– Кабинетке сыймадым да, күн шуақпен серуендеп сіздерге соққаным. Премьера белгіленген күн ғой, өзгеріс- жоқ па? Шегертілсе Алматыға барып қайтсам деп едім, — дегенде Жақаң:

– Келісілген, белгіленген күнде болады, еш өзгеріс жоқ. Бәрі дайын, енді тек бастан-аяқ тазалап қуып жатырмыз, — деп бастырмалатып шынын айтты.

– Ендеше премьерадан кейін біржола барармын, айналып қалармын, — деп Нұрағана көңіл аудара қарағанда:

– Біз бұл қыл көпірден өткенбіз. Найзасын ұстап қарсы тұрса жауыңның кім екенін білесің, әлің жетсе алысып-жұлысасың, ал тасада тұрып қызғаныш жебесін атса кімнен көреріңді білмей дал боласың. Қолыңмен ұстамаған соң сезіктенгеннен не пайда. Қазір сондай тәсілге көшкен, көрінбей титығыңа тиіп, жүйкеңді қажап, әбігеріңді шығарады, — деп өз басынан талай құқайдың өткенін ызалы жеккөрінішпен намыстана айтқанынан сезіліп тұрды. Евней Арыстанұлы да әріден ойлайтын, алысты болжайтын, бәрін сезетін байсалды жан емес пе, баппен:

– Крыловтың пілге шәуілдеген қанденіндей дейсіз ғой, — деп дөп басып мырс етті. Біз де күліп жатырмыз. — Жарайды кішкене шерімді тарқатып, көңілденіп қалдым ғой. Сіздерді бөгемейін. Бүгін репетицияны көрейін деп едім, жағдайым болыңқырамай тұр, — деп бізбен қоштасып, театрдың сырт. жағындағы

қақпа алдына келіп тоқтаған машинасына қарай бет алды. Біз тұрып қалдық. Андаусызда аярдың оғынан жараланған жолбарыстай жотасы күжірейіп ірі тұлғасына жарасымды паң жүрісімен сырты бүтін көрінгендей, іші алай-түлей толқып, қиналып мазасыз ой құшағында машинасына жақындай берді де, есігі ашылған машинаға отыра беріп, біз жаққа бұрылып жымия оң қолын көтеріп, «жақсы» дегендей белгі берді де машинаның артқы орындығына жайғасты. Жүріп кеткен машинаның соңынан Нұраған басын шайқап:

– Осындай ірілерімізді талатып қойып... әй оңбаймыз ғой, — деп ренішін кімге бағыштағаны белгісіз, менің иығыма қолын салып, «кеттік» дегендей асығыс бұрылып театрға кіріп кеттік.

Межелі күн де жетті. Академик аудармашы Евней Арыстанұлының әлемді мойындатқан ұлы Шекспирдің «Макбет» трагедиясының қазақ тіліндегі тұңғыш аудармасын тамашалауға, Жантуриндей ғұлама актердің шеберлігіне шөлдеген қарағандылықтар театрға лық толды. Қуып әкелген студенттер емес, салиқалы, саналы зиялы қауым. 15 жылдай сахнаға шықпай «Макбеттей» сан-қырлы аяр бейнесін сомдауға жан-жақты тыңғылықты дайындалып, жетпей жатқан астарлы сырларын ашуға кейіпкердің жүйке сезімдерін нәзік жеткіземін деп арпалысып жүріп, жүрегіне ауыр салмақ түсіп кетіп, қатты толғаныстан тура спектакль басталар кезде жүрегі ұстап ауырып қалды. Жақаң бас болып бүкіл театр ұжымы абдырап қалдық. Мән-жайды түсінген Евней Арыстанұлы Нұрмұхан ағаға келіп:

– Қобалжымаңыз, бүгін болмаса ертең болар, жаралы жүрекпен ойнауға болмайды өзіңізді сақтаңыз, көрермендер түсінеді. Сіз әлі халқыңызға керексіз, — деп жанашырлық ойын айтып, бүгінгі спектакльді ертеңге ауыстыруға көндірді. Өзі үлкен толғаныста жүріп, жалған абыройдың жетегіне кетпей адам тағдырын биік қою тек өресі биік ірілерден шығады.

Ертеңінде театрға халық кешегідей көп жиналды. Бос орын жоқ. Уақытында залдың шамы сөніп, күңіренген музыкамен жылжып сахна шымылдығы да ашылды. Жеңісіне шабыттана сахнаға шыққан «Макбет» Жантуриннің алғашқы шығысынан спектакльдің ең соңғы шарықтау шегіне жеткен финалына дейінгі шымшытырық қақтығыстарға толы драматизімді бір деммен алып шықты. Сахнадағы іс-әрекеті, майда қоңыр күмбірлеген дауыс

ырғағы, жанталасқан көз жанары, қасындағы кейіпкерлерге деген көз-қарасы, бәрі-бәрі өз биігінде, жоғары шеберлік деңгейде өтті. Спектакль бітті... шымылдық. Ду қол шапалақтау.

Ұлы Шекспирдің «Макбет» трагедиясы шытырман оқиғаларға толы әрекеттермен дүниеге келді. Спектакльдің, биік дәрежеде болуына аудармашы Е.Бөкетовтің еңбегі ерен. Жантуриндей ғұлама актердің сахнаға қайтып оралуына септігі болған осы «Макбет» ролі. Екі ірі тұлғаның осындай өнер шыңынан көрінуіне елеулі еңбек еткен қазақ режиссурасында өзіндік қолтаңбасы бар Жақып Омаров еді... Қазақ өнері мен әдебиетінің үлкен жанашыры академик Е.Бөкетов ақыл ойдың кемелгер ағасы болатын. «Жыл өтті алып бәйтерек құлағалы...» деп ақын жырлағандай міне бүгін Азамат ағамыздың өмірден өткеніне де 20 жыл. Көзден кетсе де көңілден кетпей, жылдар өткен сайын сағыныш сезімі артып бара жатыр...

Орталық Қазақстан 13 желтоқсан 2003 ж.

Ораз Нұрғали

ЕВЕКЕНДІ ЕСКЕ АЛУ

Арамыздан алып адам кетті бір,
Ажал неткен қатал едің, апырау,
Қалың елі қанды жасын төкті бір,
Қара жерге қалай сыйып жатыр-ау..
Алып еді артық тұрған Евекең,
Фарабидей универсал-ғұлама.
Анасы оның туған қазақ елі екен,
Ғалымдығын, ақындығын сұрама.

Күлсе егер ағынан ол күлетін,
Жүрсе егер, бір топ болып жүретін,
Сөйлесе егер,

Жанар таудай атқылайтын әуелеп,
Қуанса шын қуанатын,
Бәйтеректей мәуелеп.

Қасиеті қай күнде де тебіндеп.,
Көңілі түссе айнымайтын,
Мәңгі досың менмін деп.
Жүретұғын айналасын қыздырып,
Мақтан тұтып ағамызды,
Дейтін едік ізгілік.

Әңгіме айтса бұл әлемді аралап,
Тұратынбыз шәкірттері,
Евекеңді қамалап.
Алып жаннан айрылдық па, апырау,
Сонша байлық жер қойнында жатыр-ау.

Ойлаймыз ба ажал бағып тұрғанын,
Бір білеміз төбемізден ұрғанын.
Көз тартатын көсем бейнең ескерткіш,
Ойсырады, керуендей кеткен көп.
Сізді тіпті мынау қауым қимайды,
Сіз тірісіз,
Сіздей алып жер қойнына сыймайды.

«Көңіл құсы» (өлеңдер) (172–173 б.) 1998 ж.

Қанат Қойшыбаев

ЕВНЕЙ АҒАМЕН БОЛҒАН ЕКІ КҮН

1970 жылдардың аяғында Жаңаарқа ауданы «Рассвет» кеңшарында партком хатшысы болып қызмет етіп жүрген кезім еді. Бір күні кеңшар директоры аупарткомның бірінші хатшысы «қасқыр аулауға қонақтар келеді, соған дайындық жасап, көлік ың-

ғайлап қойындар», — деп тапсырғанын айтты. Партком хатшысының «Газ-69» жеңіл көлігі ескі. Содан бір Тезеков Серік деген азаматтың жаңа «Нива» көлігімен келісіп мініп шықтым. Келген қонақтарымыз Қарағанды қаласының ғалымдары, жоғары оқу орындарының басшылары екен. Орталарында Евней Арыстанұлы Бөкетов бар. Бұл кезде ол кісі іс басында жоқ, кейін білгенімдей Қарағанды Химия-металлургия институтында лаборатория меңгерушісі болып жұмыс істейді екен. Жұмыссыз отырған жерінен өзінің бір кездегі шәкірті, сол күндерде институт директоры, кейін академик болған марқұм Жантөре Әбішев (ол кісі де бірге келген еді) шақырып алса керек. Көліктерге ыңғайланып отыру кезегі келгенде, Евней аға өзінің аң атып көрмегенін, мылтық ұстамайтынын айтып «Ниваға» отыруды қолайлы көрді. Онда да мен қанша өтінсем де алтына отырмай, артқы орындыққа жалғыз өзі жайғасты. Сонымен аңқұмар қонақтар алда жүйрік көліктерде, біздің көлігіміз сондарында екі күн бойы бірге жүріп ол кісінің әңгімесін тыңдау бұйырыпты. Белгілі тұлғаның өмір жолына, қызметіне, еңбектеріне сырттай қанықпын, ауыз-екі тілдесуден әрі бара алмай, сұрақтарына жауап беруден аса алмай қысылып отырмын. Осыны сезгендей болды ма, әлде қар басқан сайын дала, тұла табиғат көңіл-күйін көтерді ме, жүргізуші екеумізді атымызбен атап, әр нәрсені сұрап, әзіл айтып көңілді отырды.

Байқағаным, дала дастарханы басында да, үйде де ішімдік алмай, жүрегінің ауыратындығын айтып, тамаққа аса сұғынбады. Екінші күні бойым әбден үйреніп әңгіме әуенін әр түрлі тақырыпта өрбітіп отырдық. Евней ағаның өзімен тең адамша әңгімелесіп, сол кезде жабық болып саналатын тақырыптарға дейін барып қалғанымыз мені мүлде қанаттандырып жіберді. Алайда жүргізушіміз сөзуарлау, ауылдың аңқылдақ азаматы болушы еді, орынды-орынсыз килігіп сөзімізді бөле берді. Ол кезде Евекең маған мағыналы көз тастап жымылып қана қоятын еді.

Сонымен ол қандай әңгімелер еді: ол кісі сол кездегі республиканың бірінші басшысына өкпесін жасырып қалған жоқ, ел экономикасы мен саяси жағдайдың тығырыққа тіреліп тұрғанын, кейіннен «тоқырау жылдары» — деп ат берілген кезеңнің бір өзгеріске соқпай қоймайтынын сол кісіден алғаш естідім.

Мәскеулік диссидент Анатолий Марченко деген кісінің шетелде «Кенес Одағы 1984 жылы» деген кітабы басылып шыққа-

нын, онда Кеңес Одағы 80-жылдардың ортасында тарайтындығы, алайда Өзбекстан әлі де 50 жылдай оның құрамында қалып, Қазақстан туралы болжамның жоқтығын айтты. Ал Прибалтика, Закавказье республикалары бірінші болып кетпек.

Бұдан соң тарихта болған алып империялардың тағдырларынан мысалдар келтіріп, түбінде біз де тәуелсіздікке жетеміз деген оптимистік көзқарас білдірді. Бұл дегеніміз — ол уақытта қиял тәрізді болатын. Мен өзімше қазақ мектептері түгелге жуық жабылғанын, қазақ тілінің қолданыстан шығып қалғанын, қазақ ауданы бола тұра ауданда — Пленум, сессиялар бір-екі басқа жұрт өкіліне бола орыс тілінде жүретінін, талай ауылдан пыққан ақылды, атпал азаматтар өз ойларын жеткізе алмай терлеп-тепішіп тұратынын, сол себепті басқа ұлт адамдарына іс білмейтін, жұмыс істемейтін ақымақ адамдар болып көрінетінін айтып, мұның аяғы неге апарып соғатындығын уайымдап, асыл ағаға шағынғандай болдым. Бірақ Евекең жағдай аса үмітсіз — деп ойламайды екен. Мұндай жағдай әр ұлттың басында болған — деді. Өткен ғасырда орыс ұлтының зиялылары орыс тілінде сөйлеуді мін көрген. Ол тек мұжықтардың ғана сөйлеу құралы — деп санаған. Ақсүйектердің қарым-қатынас құралы француз, не неміс тілі болған.

«Сен Тургеневті, Толстойды оқысаң француз сөздерінен аяқ алып жүргісіз. Тіпті орыс тіліне аударманың өзінде, мәдениетті адамның ойын айшықтай алмайды — деп көп сөздерді аудармасыз берген. Бірақ одан орыс тілі жоғалған жоқ қой. Демек тарихи жағдайларға байланысты әр тілдің даму, тоқырау кезеңдерін бастан кешуі әбден мүмкін, бар мәселе ұлт бойындағы рухты жоғалтып алмауда. Ол үшін әр азамат отбасында қазақы тәрбие беру, ауылда бала санын шектемеу, басқа ұлттың адамына үйленгенде оған өз салт-дәстүрінді қабылдату қажеттігіне тоқталады

Жалпы ауылда туып, табиғатқа жақын өсіп, қазақ мектебінде оқып, орыспаны кейін үйренген жастардың қабілетті келе беретіндігін, өмірге икемді болатындығын, бойына шығыстық ақыл-айла мен еуропалық менталитеті қоса сіңіретінін, ал бұл өз кезегінде қызметті жеңіл атқаруға мүмкіндік беретінін, былайша айтқанда өзіңді сақтау үшін, өзінен күштінің барлық қасиетін игерудің қажет екенін айтады. Екі мың жылдан бері жер жүзінде тарыдай шашылып кетсе де тілін, дінін ұмытпай әрі өздері тұрған елдің тілі мен салт-дәстүрін игеріп кететін еврей халқы туралы көптеген мысалдар келтірді. Білімді адам дария деген осы. Мен «е, солай» екен

гой — деп көп жеңілдеп қалдым. Әр кез оңаша ортада, қисыны келгенде айтып та жүрдім. Бұған да ширек ғасыр болып қалыпты. Кейін мызғымастай көрінген Кеңес Одағы тараған кезде, ұлтымыз түлеп, тіліміз мемлекеттік мәртебе алғанда, Президентіміз ел ішіндегі бірлік, ұлтаралық татулықты бірінші кезекке қойғанда, есіме әрдайым Евекеңмен болған сол кездесу оралып жүрді.

Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы биігінен енді екшеп қарасам ұлтына шын жаны ашыған зерделі перзенттеріміздің ұлт бостандығы жөніндегі пайымдары бір қисынға саяды екен. Қараңыз: А.Байтұрсынов «Қазақ» газетін шығарып, елді қақтығыстардан сақтандырып, тек саяси күрес жолына үндесе, Ә. Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлері де қарулы күреске шақырмады, сол арқылы бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ішінара ұтылыстарымен ғана шекара аумағын сақтап қалуын мүмкін етті. Ал Президентіміз Н.Назарбаев «тәуелсіздік парады» кезінің өзінде, аса салқындылық жасап, асығыстыққа ұрынбай уақыттан ұтуға тырысты.

Тәуба, 10 жылда еңсе тіктеп үлгердік, тәуелсіздік тактикасын тандауда ұлтымыздың ұлы перзенттерінің көзқарастары бір арнада тоғысуы кездейсоқ болмаса керек.

Азия транзит № 9, 2000 ж.

Тілеубек Ғалымұлы

ҚОС АКАДЕМИКТИҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

1980 жылғы шілде айы. Мен Қаныш атындағы совхоздағы «Ақкелін» ауылында бөлімше мал дәрігері болып істейтін едім. Басқарушымыз кезекті еңбек демалысына кетіп, сол кісінің орнында уақытша қалған маған сол кездегі совхоз директоры Әди Әлкебаев телефон соғып:

– Ертең қазақтың атақты жазушысы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Місірепов ағамыз біздің совхозға келеді. Әрине, ол кісі жолда Қанағанның кіндік кескен жеріне ат басын бұрғысы келері

сөзсіз. Дайындалындар. Қасыңа Қанағанды көзі көрген ауыл ақсақалдарын ертіп жүр, — деп қатты тапсырған.

Ертеңінде ауыл ақсақалдары Қаныш, Мұқыш, директор Әлекең, селолық Кеңестің төрағасы, марқұм Мәшкей ағай бар қонақтарды Ақкеліннің қырынан қарсы алдық.

Жазушының қасында жеңгеміз Ғазиза және академик жазушы Евней Бөкетов аға баласымен еріп келген екен. Ғабең амандықтан соң Мұса Шормановтың басына зират еткісі келетінін білдірген. Ауыл шетіндегі Ащы өзенінің бойындағы үлкен қорымда жатқан полковник Мұса Шормановтың басына құран оқып отырған сәтте менің көзім әлденеден Ғабанның жүзіне түсе бергені. Жазушы біртүрлі тебіреніс, толғаныс үстінде отырған сияқты көрінді.

Сонан Айырыққа бет түзелмес бұрын Қаныш ағаның әкесі Имантай марқұмның басына да құран оқыды.

Сол кездегі Қазақ ССР Жоғары Советінің депутаты жастар тәлімгері атанған Дәмет Ақаева үй-ішімен қос академикті және оларға ере келген кісілерді құшақ жая қуана қарсы алды. Шай ішіп аз-мәз демалған соң күні бойғы жол мен әңгімеден зерікті ме, Ғабең бір кезде: «Проферанс сызайық», — деді жайымен. Өкінішке орай біздің арамызда бұл ойынды білетін адам болмай шыққаны. Басқаларды кім білсін, ал өз басым қартаны жарытып ойнамайтыныма, оның ішінде проферансты білмейтініме тұңғыш рет қатты өкіндім. Ұлы адаммен карта ойнаудың өзі бақыт емес пе, әттең, деймін ішімнен.

Тығырықтан шығар жолда Мәшкен ағай тапқан:

– Тілеубек сен дәрігер Қайыркенді тез осында жеткіз, мына кісімен проферанс ойнасын, — деп машинаның кілтін ұстата берді.

Жарты сағатқа жетер-жетпес уақытта Кәкенді алып мен де жеттім. Аздан соң Ғабең, осы сапарда онымен бірге жүрген сол кездегі халық депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің төрағасы Балта Мәметов, Қайыркен үшін проферанс ойнауға кірісті.

Ойын қыза бастаған кезде Евней аға:

– Жүр Тілеубек шырағым, Айырықтың төбелеріне шығып аз-маз танысып, келейік — дегені. Төбелерді асықпай аралап, ағамен ұзақ әңгімелестік. Қызметке араласқан аз жылда көптеген «алдынан ел тараған» азды-көпті ағалармен ұшыраса, кезектесе жүріп мінезімді дәл сол жолғыдай емін-еркін сезген жоқ шығармын. Атағы әлемге танылған қазақтың даңқты ұлдарының бірі,

өзі көрнекті ғалым, жазушы Евней аға менің жас маман, бар болғаны бөлімшенің мал дәрігері екенімді есінен шығарғандай өзіне тең ұстап, тіпті, әңгіме арасында інішек «Солай емес пе?» деуі менің көңілімді мейлінше қанаттандырып жібергендей еді. Содан нар тәуекел деп мен ол кісіден Қанағаң жайлы сұрағам.

— Айналайын інім, Қаныш ағаң туралы сұрағаның жөн, менің ол кісі жәйлі азды-көпті еңбек жазып жүргенімді білетін боларсың, деп сәл іркіліп сөзін сабақтаған, — Қанағаңның өмірінің қыры мен сыры көп қой інішек. Жазатын материал да жеткілікті, бірақ тірі адам түгіл, өлі адамның бағын көре алмайтын қуыс кеуделі жандар да аз емес екен, сондықтан да жазып жүрген шығармам жарыққа шыға ма, шықпай ма өзге түгел өзім де мұны тап басып айта алмаймын. Бәрін уақыт көрсетер. Қалай десекте негізінде ерте ме, кеш пе өмірде бір әділдік болуы керек қой, деген ол жеңіл күрсініп.

Біз төбеден төмен түсіп шопан ауышына беттеп келеміз. Ендіске түсе бергенде Евней ағаның аяғы тайыңқырап кетіп, қолтығынан демегем. Маған рахмет айтқан ол біраздан соң не есіне түскендей: «Мен өз өмірімде екі адамға қарыздармын. Біріншісі Ғабит, екіншісі Қанағаң, — деген еді ол, — деп білемін».

Ғабит аға үлкен дәм үстінде үйдегі келіндерін, ең аяғы балаларға дейін дастархан басына шақыртқан.

— Бірге отырындар, осы бәрімізге жетеді, — деді ол қысылақымтырыла келіндері мен балалары келіп жайғасқанда. Үлкен адамның пейілі қандай кең болса, жүрегі де сондай дарқын-ау деген ойға қалдым.

Ғабит аға өте баппен сөздің нәрін келтіре сөйлейтін жұмсақ үнді адам екен. Көптеген қызықты әңгімелер айтты.

Келесі күні Ғабендер жолға жиналды. Бұқар жырау бабамыздың басына бармақшы екен. Аттанарда Ғабен қатты толқып:

— Баянауыл жеріне келіп дәм татқанымды өзіме бақыт деп санаймын. «Енді кездесеміз бе, оны бір құдай біледі. Ал ағайын, қош-аман болындар», деп қимай қоштасты. Сол сәт өзгелермен қатар мен де қолтаңба алу үшін әдейі ала келген кітаптарымды ұсынғам.

Бұл кезде қазақ әдебиеті мен ғылымына өшпес із қалдырған қос академиктің қолтаңбасы қойылған сол кітаптар маған баға жетпес қымбат ескерткіш сияқты көрінеді.

Сары Арқа № 5, 1992 ж.

ЕСІМІ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ

Бөкетов мұражайы ашылды

Облыс орталығында академик жерлесіміз Евней Арыстанұлы Бөкетовтің мұражайы шаңырақ көтергенін бұдан бұрын да хабарлаған едік. Алайда, белгілі бір жағдайларға байланысты оның салтанатты ашылуы кейінге қалдырыла берген еді. Міне, осы көптен күткен оқиға қазан айының 24 жұлдызында облыстың 60 жылдығы мен Республика күнінің мерекесіне тұспа-тұс келді.

Мұражайдың қорлануына тікелей мұрындық болған осы Бөкетов қорының төрағасы Ғалым Қадірәліұлы Қадірәлин еді. Зейнет жасындағы Ғалекеннің еңбекқорлығына тан қалмасқа болмайды. Жоқтан бар жасағандай бірден мұражай ашу оңай еместігін осы жолы анық аңғардық. Аз ғана уақыттың ішінде көп іс тындырған қор төрағасы академиктің жерлестеріне шын мәнісінде зор тарту жасады. Мұражайдың ішіне енгеннен-ақ Евней Арыстанұлының асқан парасатын, ғылым, мәдениет саласындағы жеткен биіктерін көзге елестетесің.

Осы мұражай Евней ағаның бүкіл саналы өмірі, ғылыми, қоғамдық жетістіктері туралы сырларды алдына жайып салады. Осынау шын мәнінде жан-жақты ғұламаның қамшы сабындай келте ғұмырында атқарған істері ұшаң-теңіз екенін пайымдайсың. Химия, металлургия ғылымдарының дарабозы әдеби өрісте де кең құлаш сермеген ғой. Оның жазған шығармалары, өлеңдері, аудармалары — бәрі де осы мұражайда көрініс тапқан.

Салтанат үстінде Солтүстік Қазақстан университетінің ректоры Ғалым Мүтәнұлы Мүтәнов академик ағасы туралы тамаша лебіз арнады. Оның өзі де жас ғұлама, академик қой. Сондықтан болар, осы мұражайды және Бөкетов атындағы ғылыми техникалық кітапхананы өзінің бауырына тартып, қамқорлығына алғанын ісімен дәлелдеп-ақ келеді. Сол себепті Ғалым Мүтәнұлының лебізі қатардағы сөз ғана емес, шынайы қамқорлығы екендігін жүрегіңмен сезінесің.

Университет баспасынан шыққан «Есімі ел есінде» атты естелікке ол қамқоршы болған еді.

Академик атындағы ғылыми-техникалық кітапхананың директоры З.А.Терехина да осы мұражайға аз еңбек сіңірген жоқ. Өзінің сөзінде мұны аңғарта да білді.

Мұражайдың ашылу салтанатында Евней ағаның шәкірт серігі, Сергеев ауданындағы Марьевка мектебінде оқыған И.С.Белетченко бізге Евнейдің жастық шағынан сыр шертті. Оның сөзінен ғалымның шәкірт кезінен-ақ өзінің парасатты тұлғасын танытқандығын білдік, осы басқосуда сөз алған Ебекеңнің туысы Газет Әбішев, зейнеткер Қайырбек Сыздықов, облыстық білім департаменті бастығының орынбасары Мүкәрам Мұрзатқызы Тайжанова, «Колос» акционерлік қоғамының өкілі Жылкелді Жұнысов, Солтүстік мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры, ақын Марат Айдарұлы Кенеев, ғұлама жерлесіміздің тұлғасын асқақтата сөйледі.

Мұражайға жиналғандардың алдында Солтүстік Қазақстан университеті химия кафедрасының меңгерушісі, химия ғылымының кандидаты, доцент Қазбек Нілұлы Болатбаев әсерлі әңгіме айтты. Ол жас та болса Евней ағамен өмір жолының біраз жылдарын бірге өткерген екен. Атақты ғұламаның нағыз шәкірті екендігін оның ғылымға қосқан аса зор үлесін бүге-шігесіне дейін баяндап бергенімен-ақ дәлелдеді. Мұражайдың ішінде өткен осынау әңгіме бүкіл салтанаттың алтын арқауы болды десе артық емес. Сол үшін де мұражайдың ашылу салтанатына жиналғандар оған қол соғып, ілтипат көрсетті.

Академик атындағы кітапхананың бір мүйісіне орналасқан осы ғұламаның мұражайы бүкіл солтүстікқазақстандықтардың құрметіне бөленер ғылыми, мәдени орын болатыны рас. Әсіресе, университетіміздің және басқа да оқу орындарының студенттері, мектеп оқушылары осы мұражайдан өздерінің рухани сұранымдарына зор тірек табатыны анық.

Солтүстік Қазақстан, 1 қараша 1996 ж.

ҒАЛЫМҒА ЕСКЕРТКІШ

Тула бойына тың ойлар мен мақсаттар тұнған асқар ғалым арамыздан ерте кетті деп жүрміз ғой. Сол аз өмірінде халық игілігіне ғылымның күдіретін жұмылдырған ғалымды мәңгі есте қалдыруды республика жұртшылығы құптағаны аян. Таяуда Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесіндегі Химия-металлургия институтында көп жылдар бойы ғылымның күрделі саласында еңбек еткен Евней Арыстанұлы Бөкетовке мемориалдық тақтаның орнатылуына байланысты митингі болды.

Митингіні Химия-металлургия институты партия ұйымының секретары Т.Е.Жанділдин ашты. Сөз кезегі Совет аудандық партия комитетінің бірінші секретары Қ.Ж.Аманбаевқа берілді.

— Бүгін біз баршамыз әрдайым зор құрметке бөлеген ғалымды, химия-металлургия институтында ғылымның сан-салалы бағытында жемісті еңбек еткен ғалымды мәңгі есте қалдыру мақсатында ескерткіш тақта орнату құрметіндегі митингіге жиналып отырмыз. Қарағандының партия, совет ұйымдарының Евней Арыстанұлы Бөкетовті мәңгі есте қалдыру мақсатында, тақта орнату жөніндегі шешімін барша жұртшылық, ғылымның жанашырлары қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды.

Ғалым химия ғылымының саласындағы негізгі бағыттар бойынша еңбек ете жүріп осы проблеманы шешуге химия-металлургия институтындағы ғалымдарды жұмылдырды. Ол республикадағы екінші университетін — Қарағанды мемлекеттік университетті басқарған кезінде де маман кадрлар даярлау, ғылымды өрістету, Орталық Қазақстанның қойнауындағы байлықты халық игілігіне жарату жолында тынбастан еңбек етті.

Ғалымның өз халқын, Отанын, туған жерін сүйген ерекшелігі біздің бәрімізге үлгі-өнеге. Сондықтан да ол әрдайым біздің жүрегімізде, ғылыми табыстары көкейімізде тұрады.

